Баршаңызға амандық, табыс тілеймін.

Қазақстанымыз мәңгі жасай берсін!

II. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

*Астана қ, 2025 жылғы 14 қазан
akorda.kz*

Құрметті жиынға қатысушылар!

Бүгін біз Парламенттік реформа бойынша Жұмыс тобының алғашқы отырысына жиналды. Өздеріңіз білесіздер, өткен аптада арнайы Жұмыс тобын құру туралы Өкімге қол қойдым. Парламенттік реформа – еліміздің алдында тұрған аса маңызды, жауапты жұмыс. Жолдауымда бұл мәселе азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет деп нақты айттым. Бүгін, міне, бірінші отырысымызда Парламенттің, Президент Өкімшілігінің, Үкіметтің және саяси партиялардың өкілдері, заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бар. Бәрі де елге танымал азаматтар, түрлі саланың мамандары. Тағы да қайталап айтқым келеді: Парламенттік реформа – еліміздің, халқымыздың тағдырына тікелей қатысы бар мәселе. Жұмыс тобының әр мүшесі осы тарихи міндетті дұрыс түсініп, белсенді жұмыс істейді деп сенемін.

Баршаңызға мәлім, елімізде түрлі бағытта ауқымды өзгерістер жасалуда. Бір ел болып саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Осы өзгерістер жалғасын табуы керек. Бір орында тұрып қалуға болмайды. Мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту стратегиясын «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай жүргізе беру маңызды. Бұл – елімізде Президенттік билік жүйесінің тиімділігі сақталады деген сөз. Жалпы, бір палаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келеді. Әлем елдерінің үштен екісінде осындай парламенттік жүйе қалыптасқан. Дәл қазір бізге керегі – ортақ ұстаным және парасатты, салмақты ұсыныс. Сондықтан барлық ой-пікірді, ұсынысты мұқият зерттейміз, егжей-тегжейлі қараймыз.

Құрметті Жұмыс тобының мүшелері!

Бір палаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болды. Қазір ел ішінде, әлеуметтік желіде түрлі ой-пікірлер айтылуда. Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, таяу арада қысқа мерзім ішінде жасай салуға болады» деген пікірлер де бар. Шын мәнінде, қай жағынан алып қарасақ та, мәселе өте өзекті. Азаматтарымыздың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны – жақсы үдеріс.

Дегенмен парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі, бұл – еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл –

мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан – халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл – мызғымас ұстаным.

Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Әрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тыңғылықты дайындық керек.

Сондықтан алдағы реформаның кейбір концептуалды тұстарына қатысты ой-пікірімді білдіргім келеді.

Біріншіден, біз барлық реформаны тек эволюциялық жолмен жүргіземіз. Яғни азаматтардың сұранысы, төл ерекшелігіміз бен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі. Парламенттік реформа кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырудың қисынына сай келеді.

Естеріңізде болса, саяси реформалардың төрт пакеті аясында парламенттік оппозиция туралы норма бекітілген еді. Онда өкілдері аз партияға Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінде төрағалық лауазым атқару және парламенттік тыңдау өткізу туралы бастама көтеру құқығына кепілдік берілді.

Бұдан бөлек, партиялар Парламентке өтуі үшін сайлаудың төменгі шегі азайтылды. Содан соң 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаның арқасында біз Мәжілістің құзыретін елеулі түрде кеңейттік. Нақты айтқанда, бүгінде Мәжіліс заң қабылдайды, ал Сенат мақұлдайды. Бұл алғашқы қадамдар еді. Енді соңғы жылдары қоғамдағы саяси мәдениеттің едәуір өскенін ескере отырып, біз бірте-бірте және байыпты жолмен бір палаталы Парламентке өтуді бастаймыз.

Екіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді. Жаңа да атап өттім, бұл – мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар біздің аймақта бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды.

Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге назар аударғым келеді: Парламентті реформалау, бұл – Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат – айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша, азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады.

Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады. Мысалы, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз. Бірқатар елде қазірдің өзінде «электрондық немесе цифрлық парламент» элементтері

сынақтан өткізіле бастады. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалады.

Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан біз де осы бағытқа саналы түрде күш саламыз. Алдағы уақытта е-Parliament қазіргі электрондық үкімет – е-Gov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті бір палаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға бейімделуді көздейді. Яғни заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындатады, е-Parliament жүйесі қыр астында тұр. Жақында өмірімізге дендеп енуі мүмкін. Сондықтан заң қабылдауда мүлде қате жіберуге болмайды. Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халықаралық тәжірибе де көрсетіп отыр.

Бұл ретте болашақ депутаттар корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналады. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл – өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бір палаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Парламент – Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді айшықтайтын маңызды құрылым. Бұл ешқашан өзгермейтін ақиқат, алдағы уақытта да солай болып қала береді.

Жалпы, реформаның негізгі мақсаты, соған сәйкес істелуге тиіс жұмыстың бағыт-бағдары туралы Жолдауда кеңінен айтылды.

Референдумға дейін атқарылатын жұмыстың бәрін мұқият ойластырып, байыппен жүргізу қажет. Білікті мамандар өз ойларын ашық айтып, тиімді ұсыныстар беруі керек деп санаймын. Түпкілікті шешім, яғни қоғам пікірі дұрыс болуы үшін осы мәселеге қатысты айтылатын әрбір ой-пікір де әбден тексерілген, екшелген, жан-жақты сарапталған болуы керек.

Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан Жұмыс тобы өз міндетін нағыз кәсіби ұстанымға сай атқаруға тиіс. Атап айтқанда, «Е-Otinish» және «Е-Gov» порталдары арқылы келіп түскен барлық ой-пікірді сараптап, зерделеу қажет. Біз Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруіміз керек. Ата заңға енгізілетін әрбір өзгеріс мұқият пысықталып, дайындалуға тиіс. Әр баптың, әр норманың мән-мағынасына терең бойлаған жөн, яғни құқықтық, процедуралық мәселелерді нақты айқындап алуымыз қажет. Бұдан бөлек, басқа да көптеген мәселе пайда болуы мүмкін.

Қысқасы, алдымызда тұрған шаруа – өте ауқымды. Жұмыс тобына үлкен сенім артылып отыр. Істеріңізге сәттілік, табыс тілеймін!

III. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ДИАЛОГ-ПЛАТФОРМАСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қ, 2025 жылғы 28 қараша
akorda.kz

Құрметті ауыл әкімдері!

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз.

Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше.

Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа ғана бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет.

Баршаңызға мәлім, 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу үшін тарихи бетбұрыс жасады. Ең алдымен, елдегі түбегейлі өзгерістердің құқықтық негізін қалыптастырдық. Саяси үдерістерді жаңғыртуға арналған 20-ға жуық заң қабылданды. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі күшейді. Саяси партиялардың рөлі артып, жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ партияларды тіркеу талаптары едәуір жеңілдеді. Нәтижесінде Мәжілістегі саяси партиялардың саны көбейді.

Билік жүйесінде жаңа институттар пайда болды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Кассациялық сот жүйесі жұмыс істей бастады. Осылайша, біз еліміздің саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған бірегей өзгерістерді жүзеге асыра бастадық. Қазақстан бұл саяси кеңістікте дәл осындай кең ауқымды реформаларды қолға алған бірден-бір ел деп сеніммен айтуға болады. Соның арқасында азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсене атсалыса бастады.

2020 жылы халыққа Жолдауымда ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Сондықтан біз орынсыз асығыстыққа жол берген жоқпыз, ауыл әкімдерін сайлау жұмысын 5 жылдың ішінде

біртіндеп жүзеге асырдық. Бүкіл еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тың серпін берді. Олар өз үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси ұйымдардың 1500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Сайланған әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұң-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі.

Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жақында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ал аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсынуда. Бұл мәселені Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олар елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуда. Бұл пікірді ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстарға кедергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн.

Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 әкім сайланды. Енді олардың қалай жұмыс істейтінін қарап көру қажет. Аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керек. Мәселе – аудан әкімдерінің сайлауын міндетті түрде өткізу емес, басты мақсат: біз оң нәтижелерге қол жеткізуіміз керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы мәселені жан-жақты қарап, әділетті, дұрыс шешім қабылдауы қажет. Ең бастысы, әрбір реформа салмақты көзқараспен, байыппен жасалуы керек.

Бәріңізге белгілі, елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатыр. Осы орайда, Президенттік жастар кадрлық резервін ерекше атап өткен жөн. Резервке қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алынды. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды.

Кадрлар құрамын жаңарту үдерісі биліктің бүкіл тармағында және барлық деңгейде жүргізіліп жатыр. Бұл – уақыт талабы. Бірақ осындай жауапты жұмыста саяси науқаншылдыққа жол бермеу керек. Ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке көптеп тарту қажет. Біз осы маңызды жұмысты жалғастыра береміз.

Құрметті әкімдер!

Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр.

Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарадық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді.

Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады.

Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек. Сондықтан алдымен ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. Ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс.

Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланды. Бұл – жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Алайда сайлауда жеңіске жету – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана. «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтыны түсінікті.

Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де аздық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек.

Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды.

Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айттық. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Amanat» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Әрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек.

Ауыл-аймақтарды басқару, көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі назардан тыс қалған. Ал бұл жұмыспен ең алдымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылдандуы керек. Құзырлы министрлікпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет.

ЕКІНШІ. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек.

Бірақ мұны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезең-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді.

Дегенмен заңнаманың екіұшты тұстары да бар. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге нақты мүмкіндік берілмейді. Бүгін әкім Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғанын айтты. Бұл мәселені шешу қажет.

Міне, осындай кемшіліктердің салдарынан әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орындай алмайды. Ашығын айтқанда, кейбір жағдайда дәрменсіз күйге түседі. Оған жол беруге болмайды. Жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Бұл өңірлердегі жағдайға кері әсер етеді. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек деп санаймын. Заңнамалық түзетулерді талқылаған кезде депутаттарға осы жайттарды ескеруді ұсынамын. Сондай-ақ осы жиында ауылдық округ әкімдері көтерген ұсыныстарды да ескерген жөн.

Бүгін сөз алғандар ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтты. Шын мәнінде, ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруға тиіс?! Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыл әкімдерінің мәртебесі туралы мәселені айналып өте алмаймыз. Бұл – өте өзекті дүние. Аталған ұсыныс бұған дейін де бірнеше рет көтерілгенін, тіпті, Президент Әкімшілігіне тиісті

өтініштер түскенін жақсы білемін. Мемлекеттік қызметшілердің санаттарын нақты белгілеу керек. Үкімет Парламентпен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, бір ай ішінде өздерінің ұсыныс-пікірлерін беруге тиіс. Содан соң шешім қабылданады.

Ауыл әкімдіктерінің қызметкерлерін қолдауға ерекше көңіл бөлген жөн. Әкімдіктерде, әсіресе, ауыл әкімдіктерінде бұрын жұмыс істеген немесе қазір де еңбек етіп жүрген азаматтар мұны мемлекеттік қызметшінің нағыз өмір мектебі деп бекер айтпайды. Бұл баршаға түсінікті. Өйткені әкімдік қызметкерлері билік пен бұқара арасында сенімді әрі сындарлы диалог жүргізуді меңгеріп, нағыз басқару машығын жетілдіреді. Сол себепті ауыл әкімдіктері қызметкерлерінің жұмыс істеуіне, олардың кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау маңызды деп санаймын.

ҮШІНШІ. Әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігі де күшеюі керек.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл – дұрыс емес. Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін.

Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының экономикалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауы керек. Сапалы дайындалған бағдарламаны аймақтың даму жоспарымен үйлестіруге болады. Жалпы, осындай шаралар әкімдердің есептілігін күшейтеді. Сондай-ақ өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады.

Мемлекет басшысы ретінде менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына айрықша мән беретінімді білесіздер. Елімізде азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазір ауыл әкімі бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін еш қиындықсыз сараптай алады. Өтініш жолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуге тиіс. Әдетте, мұндай хаттардың көбі аймақтағы инфрақұрылым, соның ішінде, жол, аула және балалар алаңы туралы болады. Бұл – жергілікті жерде шешімін табуға тиіс негізгі мәселелер.

Бірақ әкімдіктер көп жағдайда мұндай өтініштерге атүсті қарайды. Амалы таусылған жұрт орталыққа, тіпті, Президент Әкімшілігіне шағымдануға мәжбүр. Азаматтардың өз әкіміне деген сенім деңгейін осындай хаттардың санынан байқауға болады.

Жыл өткен сайын халықтың талап-тілегі артып келеді. Бұл – бүкіл әлемге ортақ үрдіс. Әкімдер халыққа құрметпен, шыдамдылықпен, түсіністікпен қарап, азаматтармен ашық әңгіме жүргізуге тиіс. Олар барлық

мәселені мүмкіндігінше өз деңгейінде шұғыл және сапалы шешуі қажет. Бірақ бұл міндетті атқару үшін жергілікті әкімдердің қолында тиісті құзыреті болуы керек. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын үнемі жұртқа түсіндіріп отырған жөн.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Әрине, айтылған ұсыныс-пікірге назар аудару керек. Бірақ әркімнің, әсіресе, іс-әрекеті ерсі, ниеті теріс, тіпті, арандатушы адамдардың ығына жығылмай, жетегінде кетпей, ақылға қонымды ұсынысты ғана қабылдау қажет. Негізі, бұл – барлық деңгейдегі әкімдерге ортақ ұстаным. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, алға бастай білетін әкімді нағыз әкім деуге болады.

Мен жақында «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметшінің, әсіресе әкімдердің жұмысына бағдар беретін өте маңызды құжат.

ТӨРТІНШІ. Төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру керек.

Әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлумен қатар сауатты жүргізілуге тиіс. Әйтпесе аталған бағыттағы реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Ауылдық округтердің өзін өзі қамту деңгейін арттыру мақсатында бюджеттің төртінші буынына салық пен төлемдердің 25 түрі берілді.

Жаңа Бюджет кодексі аясында бұл тізбекке кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығы да қосылды. Төртінші деңгейлі бюджет енгізілгеннен бері (2018 жыл) ауылдық округтердегі түсім төрт есе ұлғайтып, 130 миллиард теңгеден асты.

Оң өзгеріс байқалады. Алайда ауылдық округтер аудан мен облыстың қаржылай қолдауынсыз әлеуметтік-экономикалық мәселелерді әлі де шеше алмайды. Оған қоса кейбір өңірлерде жергілікті бюджетте халықтың саны мен ауылдық округтердің экономикалық құрылымына байланысты алшақтық бар.

Біз тұрақты салық түсімінің басым бөлігін жергілікті жерлерге, ең бастысы, аудандық деңгейге бердік. Бұл – өте дұрыс. Десек те жергілікті өзін өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Өйткені қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтарда пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырғаны дұрыс болар еді. Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма түсінікті: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс.

Занды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аударылғаны жөн. Мұның бәрін Үкімет өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы қажет.

Бірқатар өңір тұрғындары үшін экологиялық айыппұлдарды толық төлеу аса өзекті мәселе. Өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елді мекендер тұрғындары мұндай төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке түскенін қалайды. Олар бұған толық құқылы. Байқалған теңсіздікті реттеп, мемлекеттік саясаттың ашықтығын, тиімділігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін біз салық-бюджет үдерістерін жүйелі түрде жетілдіре береміз. Бұл – Үкімет жұмысының маңызды бағыты.

Үкімет өңірдегі бюджет деңгейлері арасында қазынадан қаржы алуға лимит қою мәселесін қарастыруы керек. Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет.

Цифрлық Қазақстанды ауылдар мен ауылдық округтерсіз құру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру дәуірінде бұл іске ауыл әкімдері де белсенді түрде атсалысқаны жөн. Елді мекендерді цифрландыру ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс сапасын айтарлықтай теңестіреді. Сондықтан Үкімет бұл бағыттағы жұмысты басты басымдықтардың бірі ретінде қарастыруы қажет. Жергілікті жерлерден алынған нақты әрі жедел ақпарат орталықта тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экономикалық дерекқор негізін қалап, ресурстарды әділ бөлуге ықпал етеді.

Алдағы үш жылда Қазақстанды толықтай цифрлық елге айналдыру – жаңа даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі. Болашақта еліміздің әлемде алатын орны осыған тікелей байланысты. Сондықтан мұны тіршілік үшін талас десек, артық айтқандық емес.

Осы аптада Президент Дональд Трамп АҚШ-тың технология саласындағы жаһандық үстемдігін қамтамасыз етуге арналған стратегиялық бастамасын жариялады. Ол үшін жасанды интеллектінің бірыңғай платформасы құрылады. Бұл ғылыми зертханаларды, дата орталықтарды, цифрлық модельдерді және суперкомпьютер желісін біріктіретін ұлттық ақыл-ой алаңы болмақ. Аталған жүйе барлық аса маңызды бағыт бойынша жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеуге тың серпін береді. Ол жартылай өткізгіштерден бастап роботты техникаға дейінгі, ядролық энергетикадан бастап биомедицинаға дейінгі салаларды түгел қамтиды. Бұл арада зерттеу жобасы жайында емес, АҚШ-ты осы салада әлемдік көшбасшыға айналдыратын толыққанды платформа жөнінде әңгіме болып отыр. Мұны іске асыру үшін бір жылға жетер-жетпес мерзім беріліп отыр. Сол себепті бізге де шара қолдану керек. Әлбетте, Қазақстан жаһандық ауқымдағы көшбасшылыққа таласпайды. Бірақ өркениет көшінен қалмай, технологиялық жаңғыруды жылдамдату қажет. Ойланып-толғанып жүруге уақыт аз.

БЕСІНШІ. Ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беру керек.

Алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуымыз қажет. Осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Оның пайдалы екені де көпшілікке белгілі. Алайда бірлескен шаруашылықтар әзірге ауыл экономикасының тірегі бола алмай тұр. Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құратыны

жасырын емес. Олар жеке шаруашылық иелері және өнім өңдеушілер арасында делдал болып жүреді. Соған қарамастан мемлекеттен жеңілдіктер алады. Рас, мұндай теріс әрекеттерге тыйым салынбаған. Бірақ бұл ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға кедергі келтіреді.

Бірлестік (кооператив) құру бүкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыстың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алуымыз қажет.

«Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді.

Ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн. Қазіргі таңда бұл корпорациялардың ауыл экономикасына еш көмегі тимей тұр. Мен Жолдауымда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыру туралы тапсырма бердім. Үкімет және Президент Әкімшілігі бұл жұмыспен айналысып жатыр. Нақты нәтиже күтемін. Осы корпорациялардың және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіру үшін жұмсаған абзал.

Көптеген аймақта мал бордақылайтын және мал соятын орындар тапшы. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жөндеп, қызмет көрсететін сервистік дайындау орталықтары жетіспейді.

Ал оңтүстік өңірде суару арналары мен ирригация жүйелеріне қатысты мәселе – өте өзекті. Тиісті инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артады. Бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізу үшін Аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізу қажет. Жалпы, Үкімет ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі керек.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Мен биылғы Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл осыған дейінгі саяси өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын орнықтыра түсеміз, яғни еліміз Президенттік Республика болып қала береді. Жаңа бастама қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Парламенттің құрылымына қатысты көптеген ұсыныс келіп түсуде. Мысалы, депутаттардың саны халық санына сәйкес, яғни пропорционалды болуға тиіс деген ойлар айтылуда. Мұндай ұстаныммен қарайтын болсақ, олардың саны 200 адамға жетеді. Қазір қос палатада 148 депутат бар.

Парламенттік реформа – екі палатаны жай біріктіре салу деген сөз емес. Меніңше, депутат санын тым көбейтудің қажеті жоқ. Керісінше, оңтайландыру керек, Парламенттің жұмысын жетілдіру қажет. Мысалы, бір

палаталы жаңа Парламентте Президент квотасы болмайды. Барлық депутаттар бірдей тәртіппен сайлануы қажет. Бұл – алдағы Парламенттік реформа аясында жасалатын аса маңызды қадам. Мұны жақсы ұғынып, жұртшылыққа кеңінен түсіндіру қажет.

Заң шығару органына білікті әрі тәжірибелі мамандар, яғни өз ісінің майталмандары келуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, біз нағыз кәсіби Парламентті жасақтауымыз керек. Жаңа комитеттер құру мәселесін қарастыру қажет.

Цифрландыру, аймақтарды дамыту жұмысымен айналысатын комитеттер өз алдына бөлек болғаны жөн деп санаймын. Бұл мәселелерді арнайы жұмыс тобы мұқият зерделейді. Осы реформаға қатысты басқа да көптеген ұсыныстар бар. Соның бәрін әбден пысықтап, кейін жариялаймыз. Менің де осы аса маңызды реформа бойынша ұсыныстарым бар.

Жалпы, Конституциямызға енгізілетін түзету өте көп болуы мүмкін. Сондықтан референдум барысында халық жаңа Ата Заңға дауыс беретін болады деп айтсақ, қателеспейміз.

Осындай күрделі, жауапты жағдайда елімізде тыныштық, тұрақтылық болуы керек. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын бәріміз бір қоғам болып сақтауымыз керек. Құқық қорғау органдары өз кәсібилігін көрсетуі қажет. Арандатушыларға немесе «лас, көлеңкелі» саясатпен айналысқысы келетін адамдарға жол бермейміз.

Біз бүгін ауылға қатысты көптеген маңызды мәселені көтеріп, нақты міндеттерді айқындадық. Алдымызда тұрған міндеттің бәрін сапалы әрі жүйелі орындасақ, мақсатымызға жетеміз. Ауыл өмір сүруге қолайлы, еңбек етуге жайлы болуға тиіс.

Ауыл әкімі осы өте маңызды жұмыстың басы-қасында жүреді. Бүгін әкім Жанар Нұрмұратқызы «Таза Қазақстан» қозғалысы жөнінде өте өзекті мәселе көтерді. Оған алғыс айтамын. Мемлекеттік саясатты халыққа жеткізетін де, елдегі өзгерістердің, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың мән-маңызын жан-жақты түсіндіретін де – әкімдер. Мен Сіздерге зор үміт артамын. Әкімнің ең басты міндеті – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру.

Ауылдағы ағайынның әл-ауқаты жақсарса, ауылдарымыз да көркейеді деген сөз. Сіздер ауылды өркендету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Ауыл халқы елімізді дамытуға зор үлес қосуда. Мен осы сәтті пайдаланып, барлық ауыл тұрғындарына зор алғыс айтамын.

Мемлекет әрдайым ауылды қолдайды. Себебі ауыл – ұлтымыздың өзегі. Ауылды жаңа көзқараспен, озық оймен, жаңартылған тәсілдермен бірге дамытуымыз керек.

Бүгінгі жиында ауыл әкімдерімен қатар, Үкімет мүшелері және облыс әкімдері отыр. Өздеріңіз білесіздер, мен Үкіметке экономиканы сауықтыру үшін Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырдым.

Осыған орай, өткен аптада үш жылға арналған Макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Құжатта көрсетілген шаралар сапалы әрі уақтылы орындалуы керек.

Бұл жұмысқа облыс әкімдері белсене атсалысуға тиіс. Нақты ойластырылған ұсыныстарды Үкіметке енгізуге рұқсат беремін. Алдымызда тұрған басты мақсаттар: экономиканың тұрақты, сапалы өсімін қамтамасыз ету қажет; инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту қажет; жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыру керек; дайын өнім экспортын көбейту қажет.

Мемлекетіміздің алдында әлі де көптеген сынақ пайда болуы мүмкін. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал тұрақты емес, келешегі бұлыңғыр деуге болады. Кейбір елдердің егемендігі, жерінің тұтастығы әлі толық шешілмеген, тіпті, бұл мәселе халықаралық даулардың өзекті тақырыбына айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі әлсіреп кетті, жаһандық экономика да құбылмалы күйде. Сондықтан бәріміз бір ұлт болып, қырағылықты сақтауымыз керек, жас ұрпаққа қамқорлық көрсетіп, дұрыс тәрбие беруіміз қажет, ішкі даулардан аулақ болып, ынтымақ-бірлігімізді нығайтуымыз керек. Жалпы, бәрімізге ортақ аса маңызды міндет – ел мүддесіне тиімді қызмет ету. Қазақстанның егемендігі, дербестігі, тәуелсіздігі – бәрінен қымбат. Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған ең биік мақсат. Мен ел Президенті ретінде бұл мақсатты орындау үшін барлық күш-жігерімді саламын.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

2025 жылғы 2 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында Парламент Палаталарының бірлескен 2 отырысы өтті.

СЕНАТТЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Палата отырысын Сенат Төрағасы шақырады.

Отырыстың күн тәртібі Сенат Бюросында алдын ала қаралады және Палатаның отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

2025 жылғы 2 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында **Сенаттың 15 отырысы** өткізілді.

БЮРОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Сенаттың Бюросы Сенат Төрағасының жанындағы Парламент Сенатының үйлестіруші органы болып табылады.

Сенат Бюросының отырыстарын Сенат Төрағасы шақырады.

2025 жылғы 2 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында **Бюроның 9 отырысы** өткізілді.

ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

(2025 жылғы 2 қыркүйек – 31 желтоқсан)

Тұрақты комитеттер өз құзыретінің мәселелері бойынша қызмет нысандары мен әдістерін таңдауға ерікті, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Бас комитет ретінде қаралған заңдар:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	12
Қаржы және бюджет комитеті	8
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	2
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	12
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	8

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	1
БАРЛЫҒЫ:	43

**Заңдар бойынша Комитет отырыстары
(оның ішінде кеңейтілген отырыстары)**

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	21 (9)
Қаржы және бюджет комитеті	31 (9)
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	14
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	23
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	14 (9)
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	13 (1)
БАРЛЫҒЫ:	116 (28)

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР
(2025 жылғы 2 қыркүйек - 25 желтоқсан)

Депутаттық сауал Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырысында Сенат депутатының мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына депутаттық сауал салынған Парламент Палаталарының тиісті отырысында сол органның немесе лауазымды адамның құзыретіне жататын мәселелер бойынша негізді түсінік беруін немесе көзқарасын баяндауын ресми талап етуі болып табылады.

Сенат депутаты Премьер-Министр мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банктің Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына және мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне сауал салуға құқылы. Бұл орайда Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған салынған сауал қылмыстық қудалау міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты болмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сауал Палатаның жабық отырысында қаралады.

2025 жылғы 2 қыркүйек – 25 желтоқсан арлығында Сенат депутаттары 47 депутаттық сауал жолдады.

Жолданған депутаттық сауалдардың алушылары:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне	41
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына	-
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасарына	4
Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына	-
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасына	1
Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасына	1
БАРЛЫҒЫ:	47

**СЕНАТҚА КЕЛІП ТҮСКЕН
ХАТ-ХАБАРЛАР МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІНЕ ШОЛУ**

1. Сенатқа келіп түскен хат-хабарлар саны оның ішінде: қызметтік хат-хабар жеке және заңды тұлғалардың өтініштері өтініштерге жауап	12 701 2 683 9 898 120
2. Жіберілген хат-хабардың саны оның ішінде: электрондық түрде (ЭҚФБЖ) eotinish.kz бойынша қағаз түрінде	7 375 1 233 6 033 109
3. Шығыс ішкі хат-хабарлар оның ішінде: электрондық форматта (ЕҚАБЖ бойынша) қағаз форматында	596 596 0
БАРЛЫҒЫ:	20 672

**Сенатқа келіп түскен өтініштер негізінен мыналарға
қатысты болды:**

құқық қорғау органдарының, соттардың және т.б. жұмыс мәселелері	2 462
қаржы, банк қызметі, несие беру мәселелері	324

заңдар мен заң жобалары бойынша ұсыныстар (заңнаманы жетілдіру жөніндегі мәселелер)	1 924
әлеуметтік сипаттағы мәселелер (зейнетақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер беру, өтемақылар мен жәрдемақылар төлеу, қандастар, жұмысқа орналастыру)	1 463
экономика және кәсіпкерлік мәселелері (сақтандыру, энергия үнемдеу, газбен жабдықтау, теміржол, су және әуе көлігі проблемалары, тұрғын үй құрылысы, үлестік қатысу, ЖТҚ үшін жер учаскелерін бөлу және т.б.)	454
мемлекеттік органдардың қызметі, лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері, сыбайлас жемқорлық	69
денсаулық сақтау мәселелері	237
білім беру, мәдениет, мемлекеттік тілді дамыту мәселелері	205
тұрғын үй-шаруашылық қызмет, көлік және коммуникация мәселелері	390
ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, халықтың тұрмысы мәселелері (шаруашылық, жер даулары, су ресурстары және т.б.)	62
қоршаған ортаны қорғау және экология мәселелері	28
ақпараттандыру, байланыс, цифрландыру, БАҚ мәселелері	73
басқа өтініштер (жеке қабылдаулар, кездесулер, қызметтер және т.б.)	2 207
БАРЛЫҒЫ:	9 898

Өтініштердің басым көпшілігі келіп түскен депутаттар:

Сенат Төрағасына	3 024
Рүстемов Р.	872
Бекназаров Н.Қ.	565
Лукин А.И	269
Карплюк С.А.	194
Медебаев С.Т.	192
Асанова Ж.Б.	176
Басқа депутаттар	4 606
БАРЛЫҒЫ:	9 898

Өңірлер бөлінісінде келіп түскен өтініштердің саны:

Өтініштердің басым көпшілігі Алматы қаласынан – 1943, Астана қаласынан – 941, БҚО – 897, Қостанай облысынан – 571 келіп түсті.

Астана қаласы	941
Алматы қаласы	1 943

Шымкент қаласы	263
Ақмола облысы	364
Ақтөбе облысы	406
Алматы облысы	394
Атырау облысы	570
ШҚО	424
Жамбыл облысы	372
БҚО	897
Қарағанды облысы	516
Қостанай облысы	571
Қызылорда облысы	131
Маңғыстау облысы	438
Павлодар облысы	486
СҚО	308
Түркістан облысы	223
Абай облысы	323
Жетісу облысы	149
Ұлытау облысы	176
ТМД елдері, т.б.	3
БАРЛЫҒЫ:	9 898

**V. СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІНІҢ ТӨРТІНШІ СЕССИЯДАҒЫ ЗАҢ
ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**
(2025 жылғы 2 қыркүйек – 31 желтоқсан)

1.	Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	43
2.	Мәжіліс қабылдағаннан кейін Сенат мақұлдаған заңдар	32
3.	Мәжіліс қабылдағаннан кейін Сенат жекелеген баптарын жана редакцияда мақұлдап Мәжіліске қайтарған заңдар	11
4.	Сенаттың түзетулерімен Мәжіліс қабылдаған заңдар	11
5.	Кодекстер	2
6.	Дербес заңдар	5
7.	Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар	20
8.	Ратификациялау туралы заңдар	16
9.	Депутаттар бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	11
10.	Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	32

**СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІНІҢ ТӨРТІНШІ СЕССИЯСЫНДА
ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

КОДЕКСТЕР

1.	Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі.
2.	Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі.

ДЕРБЕС ЗАҢДАР

1.	Жасанды интеллект туралы.
2.	Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы
3.	2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы.
4.	Құқық бұзушылық профилактикасы туралы.
5.	Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы.

**ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР**

1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру және мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
5.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

	зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
7.	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне көмірсутектер мен уран саласында жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік әділет, норма шығару және заң көмегін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
9.	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
10.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
11.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
12.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
13.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық кодексі) өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы.
14.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы және Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
15.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
16.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
17.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
18.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

19.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік саласында өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
20.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы.
2.	2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
3.	2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.
5.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың сапарлары мен болу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы.
6.	Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны (131-конвенция) ратификациялау туралы.
7.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасынан келген жұмыскерлерді Қатар Мемлекетінде жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы.
8.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру қауіп-қатеріне баға беретін халықаралық орталықты құру туралы келісімді ратификациялау туралы.
9.	Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы.
10.	Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы.
11.	Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы.

12.	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы.
13.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.
14.	1992 жылғы Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға Су және денсаулық проблемалары туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
15.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім берудің федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі Қостанай филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы
16.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасындағы Қазақстанда ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісімді ратификациялау туралы.

ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР

1.	Жасанды интеллект туралы.
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
5.	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне көмірсутектер мен уран саласында жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
6.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық кодексi) өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы.
7.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
8.	Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексi.

9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік саласында өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
10.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
11.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы.

СЕНАТ МӘЖІЛІСКЕ ҚАЙТАРҒАН ЗАҢДАР

№	Заңдардың атауы	Түзетулердің саны
1.	Жасанды интеллект туралы.	6
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	3
3.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	7
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	10
5.	Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы.	3
6.	2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы.	76
7.	Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі.	27
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	2
9.	Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы.	16
10.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	39

11.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік саласында өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	16
	БАРЛЫҒЫ:	205

VI. СЕНАТТЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ БОЙЫНША МӘЖІЛІС ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

6.1.1. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат М.Ш. Қожаев.

Заңның мақсаты көші-қон процестерін реттеу, Тараптар мемлекеттері азаматтарының құқықтарын қорғау, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ ақпарат алмасу саласында Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастыру болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы сәуірде Ереван қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісім мынадай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыруды көздейді:

- статистикалық, құқықтық және ғылыми-әдістемелік ақпарат алмасу;
- Тараптар мемлекеттерінің аумақтарындағы Тараптар мемлекеттерінің азаматтары туралы мәліметтер алмасу;
- ынтымақтастық процесінде туындайтын мәселелер бойынша тәжірибе алмасу және практикалық көмек көрсету;
- Оларға берілген тұруға арналған рұқсаттың мерзімі ішінде Тараптар мемлекеттері азаматтарының құқықтарын, оның ішінде олардың отбасы мүшелерінің тұру құқықтарын қорғау;
- Тараптар мемлекеттерінің аумағында болу (тұру) үшін негіздер бар адамдардың құқықтық мәртебесі мәселелерін қарау.

Ратификациялауға ұсынылған құжат Тараптардың ынтымақтастық нысандарын, сондай-ақ тізбесі Келісімде көзделген дербес деректермен алмасуы мүмкіндігін айқындайды.

Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мүдделі Тараптың көмек көрсету туралы сұрау салуы негізінде жүзеге асырылады және сұрау салуды орындау мерзімі ол келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күннен аспауы тиіс.

Келісім сұрау салуда қамтылуы тиіс мәліметтердің тізбесін және оны орындау тәртібін айқындайды.

Егер сұрау салынатын Тарап сұрау салуды орындау өз мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне нұқсан келтіруі не заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келуі мүмкін деп ұйғарса, сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тартылады.

Келісімді іске асыру жөніндегі құзыретті органдар мыналар болып айқындалды:

Қазақстан Республикасынан – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Армения Республикасынан – Армения Республикасы Ішкі істер министрлігінің Полициясы және Армения Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон және азаматтық қызметі.

Келісімді іске асыру көші-қон саласындағы заңдылық режимін нығайтуға, екі ел азаматтарының уақытша болуына қолайлы жағдай жасауға және Қазақстан мен Арменияның құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Заң 2025 жылы 2 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың сапарлары мен болу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат Қ.Қ. Тастекеев.

Заңның негізгі мақсаты екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту, олардың азаматтарының сапарлары мен болу тәртібін реттеу, сондай-ақ бір мемлекет азаматтарының екінші мемлекеттің аумағында болу мерзімін белгілеу, жарамды жол жүру құжаттарын айқындау болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 15 сәуірде Ереванда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың сапарлары мен болу тәртібі туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім екі мемлекет азаматтарының сапарлары мен болу тәртібін құқықтық реттеу мақсатында әзірленген. Құжат уағдаласушы мемлекеттерде азаматтардың болу тәртібін, екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу мерзімін, жарамды жол жүру құжаттарын, уағдаласушы мемлекеттердің Келісімді іске асыру бөлігіндегі құқықтарын реттейтін кіріспе мен 11 баптан тұрады.

Келісім бойынша екі ел азаматтары бірдей негізде келу мемлекетінің мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күннен бастап 90 (тоқсан) тәулікке дейінгі мерзімге екінші Тарап мемлекетінің аумағына келуге, одан кетуге, транзитпен өтуге, жүріп-тұруға және болуға құқығы бар.

Екінші Тарап мемлекетінің аумағында уақытша болатын бір Тарап мемлекетінің азаматтары келу мемлекетінің құзыретті органдарында күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде тіркелу (болатын жері бойынша есепке қою) міндетінен босатылады.

Келісіммен шетелге жол жүруге арналған құжаттар тізбесіне Қазақстан азаматтары үшін жеке куәлік, ал Армения азаматтары үшін – сәйкестендіру картасы, сондай-ақ басқа да құжаттар енгізіледі.

Келісімді ратификациялау уағдаласушы мемлекеттерде құқықтық ынтымақтастығының тиімділігін арттыруға, саяси және экономикалық

ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, сондай-ақ екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Заң 2025 жылы 2 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат М.Б. Қадырбек.

Заңның мақсаты қылмысқа қарсы күресте ынтымақтастықтың құқықтық базасын нығайту және қылмыстық құқық бұзушылықтармен байланысты рәсімдерді жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара тиімді көмек көрсету болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 12 желтоқсанда Рабатта жасалған Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Ратификациялауға ұсынылып отырған Келісім Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігінің құзыретті органдары арасындағы қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе сот үкімін орындау үшін Тараптардың аумақтарында анықталған адамдарды экстрадициялау мәселелері бойынша қатынастарды реттеуге бағытталған.

Атап айтқанда, құжат қылмыс жасаған адамдардың жазадан бұлтартпау қағидатын қамтамасыз етуге ықпал етеді және мыналарды:

1) Тараптардың заңнамасына сәйкес қылмыс жасағаны үшін кемінде бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе неғұрлым қатаң жаза көзделген қылмыстар жасауда күдікті немесе айыпталушы адамдарды қылмыстық қудалау мақсатында ұстап беру тәртібін;

2) ұстап беру туралы сұрау салу келіп түскен кезде өтелмеген жаза мерзімі кемінде алты айды құрайтын жағдайда, жоғарыда көрсетілген қылмыстар үшін сот үкімін орындау мақсатында ұстап беру тәртібін;

3) экстрадициялаудан бас тарту үшін міндетті және факультативтік негіздерді, оның ішінде қылмыс саяси сипатқа ие болған, өлім жазасын көздеген немесе ұлттық заңнама мен халықаралық міндеттемелерге қайшы келген жағдайларды реттейді.

Уағдаласушы мемлекеттердің өз азаматтарын беруі көзделмейді.

Келісімді іске асыру жазбаша сұрау салу негізінде жүзеге асырылады. Сұрау салынатын тараптың орталық органы Сұрау салушы тараптың тиісті органына ұстап беру туралы сұрау салуға қатысты өзінің шешімі туралы дереу хабарлайды.

Қаралып отырған құжат шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын орталық органдар: Қазақстан үшін – Бас прокуратура, Марокко Корольдігі үшін – Әділет министрлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Келісімді орындауға байланысты шығындарды, келіспеушіліктерді шешу тәртібін реттейтін нормалар және Келісімді орындауға байланысты басқа да нормалар көзделген.

Келісімді жасасу Қазақстан немесе Марокко аумағында сот төрелігінен жасырынған адамдарды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етуге, Марокко

Корольдігінде Қазақстан азаматтарының құқықтарын қорғау кепілдіктерін нығайтуға, қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы шарттық-құқықтық базаны толықтыруға, сондай-ақ қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 30 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Н.Қ. Бекназаров.

Заңның негізгі мақсаты сотталған адамдарды оңалтуға және әлеуметтік қайта бейімдеуге жәрдемдесу мақсатында жазаны өзінің азаматтығы бар елінде одан әрі өтеу үшін құқықтық негіз құру болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 12 желтоқсанда Рабатта жасалған Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімге сәйкес Тараптар бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазаны азаматтығына жататын мемлекетте одан әрі өтеу үшін бір-біріне беруге міндеттенеді.

Келісімде сотталған адамдарды беру және беруден бас тарту негіздері айқындалған.

Сотталған адам Келісімге сәйкес мынадай шарттар сақталған кезде:

- сотталған адам Үкімді орындаушы мемлекеттің азаматы болса;
- үкім түпкілікті және орындалуға тиіс болса;
- сотталған адамға бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығынан айыруға байланысты өзге де шара тағайындалса;
- сотталуына себеп болған іс-әрекеті екі Тараптың да ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық болып табылса;
- сотталған адамды беруге жазбаша келісім болса, берілуі мүмкін.

Егер сотталған адамда Үкім шығарушы мемлекеттің азаматтығы болса, сондай-ақ Тараптардың бірінің заңнамасына сәйкес үкімнің күші жойылса, онда сотталған адамды беруден бас тартылады.

Бұдан басқа, Келісімде сотталған адамды беруге, үкімдерді орындауға, рақымшылық жасау немесе кешірім жасау актісін қолдануға не берілген адамға қатысты жазаны жеңілдетудің басқа да шараларына қатысты нормалар регламенттелген, сондай-ақ үшінші тарап екінші Тарапқа берген сотталған адамның өз аумағы арқылы транзиті мәселелері және басқалар көзделген.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтижелер: екі елдің құзыретті органдарының арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазаны азаматтығына жататын мемлекетте өтеу үшін беру, сотталған адамдардың құқықтарын сақтау, оларды оңалтуға және әлеуметтік қайта бейімдеуге жәрдемдесу мәселелері бойынша құқықтық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру.

Заң 2025 жылы 30 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасы мен Марокко Корольдігі арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат Н.С. Байқадамов.

Заңның негізгі мақсаты қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету арқылы Қазақстан Республикасының Марокко Корольдігімен қылмысқа қарсы күрес саласындағы тиімді ынтымақтастығы үшін құқықтық негіздер құру болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 12 желтоқсанда Рабат қаласында Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және Марокко Корольдігінің уәкілетті өкілі қол қойған келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім күдіктілер мен айыпталушылардың кінәсін анықтау үшін қажетті процестік әрекеттерді жүргізуді қоса алғанда, өзара құқықтық көмек көрсету шарттары мен тәртібін құқықтық реттеу мақсатында әзірленді.

Мұндай әрекеттерге қамауда отырған адамдарды тергеу әрекеттеріне қатысу үшін уақытша беру, тінту жүргізу, қылмыстық жолмен алынған кірістерді тәркілеу, банк шоттарын белгілеу, сараптама жүргізу, дәлелдемелерді жинау және беру, куәлар мен жәбірленушілердің келуін қамтамасыз ету, сондай-ақ процестік жәрдемдесудің өзге де нысандары жатады.

Бұл шараларды әр Тараптың құзыретті органдары өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес, Қазақстанда Қылмыстық-процестік кодексі шеңберінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасынан – Жоғарғы Сот (сот мәселелері бойынша) және Бас прокуратура (барлық басқа сұрау салу бойынша), Марокко Корольдігінен – Әділет министрлігі құзыретті органдар болып айқындалды.

Келісім атап айтқанда, егер сұрау салуды орындау егемендікке, қауіпсіздікке немесе қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіруі мүмкін болса, ұлттық заңнамаға немесе халықаралық міндеттемелерге қайшы келсе, адам ол бойынша сотталған немесе ақталған немесе нәсіліне, жынысына, дініне, азаматтығына, этникалық тегіне немесе саяси сенімдеріне байланысты қудалауға бағытталған әрекетке қатысты болса, құқықтық көмек көрсетуден бас тарту үшін негіздерді де белгілейді.

Осы Келісімді ратификациялау Қазақстанның трансұлттық қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастығын нығайтады, қылмыстық істерді тергеп-тексерудің жеделдігін арттырады, құзыретті органдар арасында дәлелдемелер мен мәліметтердің уақтылы алмасуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ екі мемлекет азаматтарының құқықтарын қорғауға және құқық қорғау жүйелері арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді деп күтілуде.

Заң 2025 жылы 30 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Занды жүргізген депутат Ж.Б. Асанова.

Заңды қабылдаудың мақсаты Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы заңнамасын жетілдіру, зияткерлік меншікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, инвестициялар тарту және креативті экономиканы дамыту болып табылады.

Заңда:

- эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарды ретрансляциялауды қоса алғанда, пайдалануға айрықша құқықтарын нақтылауға;

- көру қабілеті бұзылған адамдарға заңды түрде жарияланған туындыларға оларды тарату, жалпы жұрттың назарына жеткізу немесе көпшілік алдында орындау арқылы қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

- тауар белгілеріне арналған өтінімдерге жеделдетілген тәртіппен сараптама жүргізудің жаңа тетігін енгізуге бағытталған құқықтық нормалар көзделген. Мәселен, алдын ала сараптама жеделдетілген тәртіппен өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде (*әдеттегі тәртіппен – 1 ай ішінде*) және толық сараптама жеделдетілген тәртіппен өтінім берілген күннен бастап үш ай ішінде (*әдеттегі тәртіппен – 7 ай ішінде*) жүргізіледі;

- белгілемені тауар белгісі ретінде тіркеуге қарсы қарсылық беру мерзімін 2 ай мерзімге дейін (*қазіргі уақытта 1 ай ішінде*) ұлғайтуға;

- қызмет көрсету орны негізінде тауар белгілерін тіркеуден бас тарту негіздерін нақтылауға;

- үстірт сараптама жүргізу сатысында өнертабысқа патент беруден бас тарту мүмкіндігін белгілеуге;

- патенттік сенім білдірілген өкілдерді дараландыру құралдары мен өнеркәсіптік меншік объектілері бойынша мамандандыруды енгізуге бағытталған құқықтық нормалар көзделген.

Сонымен бірге, Заң авторлар мен құқық иеленушілердің объектілерін ұжымдық басқару жүйесі арқылы пайдаланғаны үшін олардың әділ сыйақы алу құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында құқықтарды ұжымдық басқару саласында жүйені цифрландыру және бірыңғай цифрлық платформаны ендіру арқылы құқықтарды ұжымдық басқару жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған түзетулерді көздейді.

Атап айтқанда, Заңның маңызды жаңашылдығының бірі бірыңғай цифрлық платформа туралы ереже болып табылады. Оны ендіруді, басқаруды, ақпараттық толықтыруды, сүйемелдеуді және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді өз қызметінде уәкілетті органға – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ведомстволық бағынысты сараптама ұйым – «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК жүзеге асырады.

Осыған байланысты, мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарға Заң мынадай міндеттерді:

- бірыңғай цифрлық платформаны пайдалану;

- жиналған, бөлінген, төленген сыйақы туралы мәліметтерді бірыңғай цифрлық платформаға енгізу;

- ұйымдарға басқаруға берілген құқықтар туралы ақпаратты бірыңғай цифрлық платформада орналастыру;

- осы ұйымдар қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа міндеттерді де жүктейді.

Платформаны ендіру авторларға да, пайдаланушыларға да қолжетімділікті бере отырып, мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың шарттар жасасудан бастап осы платформада авторларға сыйақы төлеуге дейін қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді, бұл құқықтарды ұжымдық басқаруға деген сенімді арттырады.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңда «мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым» деген атау «құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымға» ауыстырылатынын атап өткен жөн.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер зияткерлік меншік нәтижелеріне құқықтарды сақтаудың және қорғаудың тиімді жүйесін құру, инновацияларды, шығармашылықты ынталандыру, креативті индустрияларды дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Заң 2025 жылы 6 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Е.А. Больгерт.

Заңның мақсаты қылмыскерлікке қарсы күресте ынтымақтастықты дамыту және нығайту, екі мемлекет азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның міндеті 2024 жылғы 10 қазанда Ашғабат қаласында жасалған, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Құжатта қылмыскерлікке қарсы күрес саласындағы тиімді ынтымақтастық үшін құқықтық негіз құруға бағытталған ережелер бар.

Келісімде мыналарды:

- ұйымдасқан қылмыскерлікті;
- терроризм және экстремизм, оларды қаржыландыруды;
- есірткі, қару-жарақ, көші-қон және адам саудасына байланысты қылмыстарды;
- сыбайлас жемқорлық, экономикалық және киберқылмыстарды қоса алғанда қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі бірлескен шаралар көзделген.

Жедел және криминалистикалық ақпарат алмасуды, мамандардың өзара іс-қимылын және тәжірибе алмасу үшін олардың өзара бағытын, қылмыскерлікке қарсы күрес мәселелері бойынша құзыретті органдардың сұрау салуларын орындауды, сондай-ақ екі Тараптың уәкілетті органдарының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында кадрларды оқыту мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды қамтитын ынтымақтастық нысандары айқындалды.

Келісімде алынған ақпаратты жария етпеу, сұрау салуды орындаудан бас тартудың, дауларды реттеудің ықтимал негіздері, сондай-ақ Келісімді өзгерту және тоқтату тәртібі туралы ережелер белгіленген.

Келісімді ратификациялау екі елдің құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, өңірлік қауіпсіздікті және тұтастай алғанда екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал ететін болады.

Қазақстан Болгария, Мажарстан, Италия, Қытай, Сауд Арабиясы, Түркия, Өзбекстан, Франция, БАӘ және басқаларды қоса алғанда осындай келісімдерді жиырмадан астам елмен жасады.

Заң 2025 жылы 13 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік әділет, норма шығару және заң көмегін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Занды жүргізген депутат М.Б. Қадырбек.

Заңның мақсаты Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс нормаларын әкімшілік рәсімдер, оларды жүргізу тәртібі, әкімшілік сот ісін жүргізу, заң шығару процесі, адвокаттардың, нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және сот сарапшыларының кәсіптік қызметтерінің белгілі бір салаларын реттеу бөлігінде жетілдіру болып табылады.

Занда жария құқықтық даулардың жекелеген санаттарын Азаматтық процестік кодекстен және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске ауыстыру, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен жекелеген құрамдарды әкімшілік әділет аясына ауыстыру көзделген.

Заңмен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, сондай-ақ бірқатар басқа да заңдарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының 13 заңнамалық актісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заңмен *Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiнiң* 187-бабынан туристік қызмет туралы заңнаманы бұзуды регламенттейтін жекелеген құрамдар *«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы»* салалық Заңды тиісті нормалармен толықтыра отырып алып тасталды. Мәселен, туристік операторлардың жазбаша шарт жасаспай туристік қызметтерді көрсетуі лицензияның қолданысын тоқтата тұру үшін негіз, ал оны бір жыл ішінде қайталап жасаған кезде лицензиядан айыру үшін негіз болып табылады. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру және одан айыру туризм саласындағы уәкілетті органның құзыретіне енгізіледі.

Заң қабылданғаннан кейін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдардың арасындағы даулар Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу шеңберінде *Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің* нормалары

бойынша қаралатын болады. Аталған тетік сот жүйесінің жүктемесін азайту, мемлекеттік аппараттың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдар тарапынан ведомстволық бақылауды оңтайландыру мақсатында ұсынылады.

Бұдан басқа *Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске* түзетулерде әкімшілік актіде немесе оған қосымшада қарау үшін шағым берілуі мүмкін жоғары тұрған әкімшілік органды, лауазымды адамды немесе шағымдарды қарауға уәкілеттік берілген өзге де әкімшілік органды, лауазымды адамды, сондай-ақ осындай шағымды беруге болатын мерзімді және осы актіге шағым жасау тәртібін міндетті түрде көрсету көзделген. Бұл ретте егер әкімшілік орган мұндай міндетті орындамаса, мұндай шешімге шағым жасау мүмкіндігі әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік актіні қабылдау туралы хабар белгілі болған күннен бастап алты айға дейін созылатын болады.

Заңмен *Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс* мынадай нормалармен толықтырылады, оларға сәйкес жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін. Оларды қайта қарауға мыналар негіз болып табылады: 1) қабылданған қаулыны орындау адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігі үшін ауыр орны толмас салдарларға алып келуі мүмкін жағдайлар; 2) қабылданған қаулы айқындалмаған тұлғалар тобының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзатын жағдайлар; 3) қабылданған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндірудегі және қолдануындағы біркелкілікті бұзатын жағдайлар.

Заңда әкімшілік рәсімдердің тәртібін жетілдіру бойынша басқа да өзгерістер, толықтырулар көзделген.

«Құқықтық актілер туралы», *«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы»* және *«Мемлекеттік мүлік туралы»* заңдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті органдар жүзеге асыратын норма шығару қызметін ғылыми сүйемелдеу арқылы заң шығару процесін жетілдіруге бағытталған түзетулер енгізіледі. Бұл ретте норма шығару қызметін ғылыми сүйемелдеуге мыналар Заң нормаларымен енгізіледі: заң жобалары бойынша ғылыми құқықтық, ғылыми лингвистикалық сараптамалар жүргізуді қамтамасыз ету; нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді қамтамасыз ету; ғылыми қорытындылар әзірлеу және өзге де талдамалық материалдарды дайындау, оның ішінде заңнаманың тиімділігіне талдау жүргізу шеңберінде де дайындау және өзге де қызмет.

Кәсіби стандарттарды және адвокаттар тәуелсіздігінің кепілдігін арттыру, құқық үстемдігі қағидаттарына сәйкес олардың процестік құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында *«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы»* Заңға бірқатар түзетулер ұсынылады. Мәселен, Заңда адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиядан айыру тетігі нақтыланады,

артық рәсімдер және әділет органдары мен адвокаттар алқасының өкілеттіліктерінің қайталануы алып тасталады. Аталған түзетулер мемлекеттік бақылау және адвокатураның кәсіптік автономиясы арасындағы теңгерімді сақтау, адвокаттардың өзге де сот төрелігіне қатысушылармен бірге мемлекеттік құпияға қолжетімділігі тәртібін бір ретке келтіру, сондай-ақ әділет органдарына әкімшілік жүктемені азайту үшін ұсынылады.

Бұдан басқа «*Нотариат туралы*», «*Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы*», «*Сот-сараптама қызметі туралы*» және «*Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы*» заңдарға адвокаттарды, нотариустарды, сот сарапшыларын, жеке сот орындаушыларын аттестаттау рәсімдерін оңтайландыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Ұсынылып отырған нормалар біліктілікті беру рәсімінің ашықтығын қамтамасыз етуге, кәсіпке қолжетімділікті арттыруға, адами факторды ықтимал жоюға бағытталған.

Заң 2025 жылы 4 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Занды жүргізген депутат Н.Қ. Бекназаров.

Заң Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулыларын іске асыру, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленді.

Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару, жер пайдалану құқықтарын мұраға қалдыру, сондай-ақ алименттік міндеттемелерді орындау мәселелерін реттейтін бірқатар заңнамалық актілерге түзетулер енгізеді.

Атап айтқанда, Заңда келесі негізгі өзгерістер мен толықтырулар көзделген.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 13 маусымдағы нормативтік қаулысымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігі құқығына шектеуді белгілеу бөлігінде, егер мұндай шектеу конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсаттарына байланысты болмаса, Конституцияға сәйкес келмейді деп танылды.

Осыған байланысты Заңда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың кәсіпкерлік

қызметпен және ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуына жалпы тыйым салуды алып тастау ұсынылады. Бұл ретте мына санаттар:

- өкілеттігін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері;

- Ұлттық Банктің, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;

- ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың басқарушылары үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген шектеулер сақталады.

Заңда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың кәсіпкерлік қызметіне, атап айтқанда:

- егер тиісті қызмет лауазымдық міндеттерін орындауға кедергі келтірсе;

- егер тиісті қызмет қызметтік мүлікті пайдалануға алып келсе;

- мүдделер қақтығысы болған кезде жол берілмейтін нақты негіздер қосымша енгізіледі.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы және 2025 жылғы 30 қаңтардағы нормативтік қаулыларымен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 37-бабы 6-тармағының және Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 40-бабы 1-тармағының жекелеген нормалары Конституцияға сәйкес келмейді деп танылды.

Жер кодексіне енгізілетін өзгерістер жер пайдалану құқығын мұраға қалдыру тәртібін нақтылайды, бұл заң бойынша да, өсиет бойынша да мұраға қалдыру рәсімдерінің біркелкілігін қамтамасыз етеді.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекске түзетулер арнаулы салық режимдерін қолданатын немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен ата-аналарға қатысты алименттерді тұрақты ақша сомасында ұстап қалу тәртібін нақтылайды.

Сонымен бірге Заңда заңсыз иемденілген активтерді қайтару процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын тапсырмаларын іске асыруға бағытталған «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізіледі, олар:

- заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару бойынша қабылданған шаралар, олардың нәтижелері, қайтарылған активтердің азаматтар мен мемлекеттің мүддесінде пайдаланылғаны туралы, сондай-ақ активтерді заңсыз иемденуге және шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою бойынша жүйелі шаралар қабылданғаны туралы ақпаратты жариялау жөніндегі міндеттерді белгілеуді;

- елдің ұлттық экономикасына, әлеуметтік-мәдени объектілерінің құрылысына қаражатты инвестициялауды немесе әлеуметтік-экономикалық дамуына өзге де үлесті көздейтін келісімдердің мазмұнын регламенттеуді;

- өзге де келісімдерді жасасу тәртібін және мемлекетке ерікті түрде қайтарылған активтерді заңсыз деп танымау туралы норманы белгілеуді көздейді.

Ұсынылып отырған түзетулер заңсыз иемденілген активтерді қайтару бойынша шаралардың тиімділігін арттыруға және құқық қолдану практикасындағы екіұштылықты жоюға бағытталады.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер Конституциялық Сот шешімдерінің орындалуы, заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару процесінің ашықтығы мен нәтижелілігін арттыру, сабақтас құқықтық қатынастарды реттеуде олқылықтарды жою болып табылады.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы»

Заңды жүргізген депутат М.Ш. Қожаев.

Заңның негізгі мақсаттары құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және сақтауды қамтамасыз ету, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою жолымен құқықтық тәртіпті сақтау және нығайту болып табылады.

Заңның міндеттері:

- адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету;
- құқық бұзушылық деңгейін төмендету;
- құқықтық мәдениет деңгейін арттыру және заңға мойынсынатын мінез-құлықты қалыптастыру;
- жәбірленушілер мен құқық бұзушылық жасауға бейім адамдарды әлеуметтік оңалту және бейімдеу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге және құқық бұзушылық профилактикасына азаматтардың белсенді қатысуын арттыру;
- құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіру және басқалар болып табылады.

Біртекті бес заңның («Құқық бұзушылық профилактикасы туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы», «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы») құқықтық нормалары бірыңғай бір заңға біріктірілді.

Заңмен құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің тізбесі мен құзыреті едәуір кеңейтіледі және оларды үйлестіру мен өзара іс-қимыл жасауының жаңа тетіктері әзірленді. Атап айтқанда, оларды үйлестіру Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жанынан құрылатын құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия арқылы жүзеге асырылатын болады. Заңға сәйкес комиссиялардың құқықтық мәртебесі заңға тәуелді акті деңгейінде айқындалады.

Заңда алғаш рет Қазақстан Республикасындағы қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйі (құқық бұзушылық профилактикасы) туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыру көзделеді, ол Қазақстан Республикасының аумағындағы қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны жақсарту бойынша қабылданатын шаралар туралы халықты жыл сайын хабардар ету мақсатында жасалады.

Қаралып отырған Заңда «Заң мен Тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету мақсатында жалпы, жеке және арнаулы профилактика шараларынан тұратын профилактика жүйесі қайта қаралды.

Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі жалпы шаралар құқық бұзушылық жасаудың әлеуметтік-экономикалық себептері мен шарттарын жою арқылы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға бағытталған.

Заңның маңызды жаңашылдығының бірі құқық қорғау органдарына ерікті түрде көмек көрсету арқылы азаматтарды құқық бұзушылық профилактикасына тарту. Заңмен қоғамдық көмекшілердің құқықтық насихатты ұйымдастыруға, консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына, профилактика субъектілеріне жәрдем көрсетуге (*құқық бұзушылық жасауға бейім адамдарды, олардың шоғырлану орындарын анықтау, қоғамдық орындарда, мәдени-бұқаралық және ойын-сауық іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету және т. б.*) қатысу саласы кеңейтілді. Бұл ретте Заңда құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын адамдарды көтермелеу шаралары көзделген. Көтермелеудің тәртібін, түрлері мен мерзімін жергілікті атқарушы органдар айқындайтын болады.

Заңмен мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғаларына, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың уәкілетті тұлғаларына профилактикалық әңгімелесуді, ресми алдын ала ескертуді, жақындауға тыйым салуды, әкімшілік жазалауды, өмірдегі қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) есепке алуды, профилактикалық есепке алу мен бақылауды, қорғау нұсқамасын және басқа да шараларды қамтитын құқық бұзушылықтардың жеке профилактикасы жөніндегі шараларды қолдану құқығы беріледі.

Құқық бұзушылық жасауға бейім, оларға қатысты жеке профилактика қолданылатын адамдардың тізбесі кеңейтілді (*әкімшілік қадағалау, құқық бұзушы мен қылмыскердің мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу*). Бұл ретте профилактикалық есептен шығарудың негізгі өлшемшарты соттылық мерзімінің аяқталуы емес, есепке алынған адамның толық әлеуметтік оналуы (*құқық бұзушылық жасау ықтималдығы қауіп-қатерлерін бағалау негізінде*) болып табылады.

Заңда профилактикалық бақылаудың кезеңділігі, қабылданатын профилактика шаралары, шектеу түрлері, сондай-ақ профилактикалық есепке алу мен бақылауды ұзарту құқық бұзушылық жасау қауіп-қатерінің дәрежесіне қарай айқындалатын болады.

Бұдан басқа, Заңмен уәкілетті органдарға құқық бұзушылықтың жекелеген түрлерінің профилактикасына, осы құқық бұзушылық түрлерінің жасалу себептері мен шарттарын жоюға бағытталған құқық бұзушылықтың профилактикасы жөніндегі арнайы шараларды қолдану құқығы беріледі.

Құқық бұзушылықтың виктимологиялық профилактикасы (*нақты адамның немесе адамдар тобының құқық бұзушылықтан жәбір көру қауіп-қатерін азайтуға бағытталған профилактикалық шаралар*) енгізіледі.

Қаралып отырған Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, қайталанатын қылмыстың, масаң күйде жасалатын құқық бұзушылықтың, қоғамдық орындарда жасалатын құқық бұзушылықтың, экономикалық құқық бұзушылықтың, сондай-ақ балалардың қадағалаусыз қалуының, панасыз қалуының және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасының ерекшеліктері көзделеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты ерте анықтау мақсатында жергілікті атқарушы органдар мобильді топтар құратын болады. Отбасын қолдау орталықтары өмірдегі қиын жағдайға ұшыраған адамдарға (отбасыларға) әлеуметтік, құқықтық және психологиялық қолдау көрсетуде жәрдемдесетін болады, сондай-ақ бірқатар басқа да шаралар көзделген. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша мемлекеттік органдарды үйлестіру мәдениет және ақпарат саласындағы уәкілетті органға жүктеледі.

Қайталап жасалатын қылмыс профилактикасы бойынша.

Заңда қайталап жасалатын қылмыс профилактикасының шаралары жүйеленген және ішкі істер органдары жүргізетін жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік оңалтуға және әлеуметтік бейімдеуге бағытталған арнайы іс-шаралар айқындалған.

Масаң күйде жасалатын құқық бұзушылық профилактикасы бойынша.

Бүгінгі таңда құқық бұзушылықтың үштен бірі масаң күйде жасалады. Осыған байланысты, Заңда масаң күйде жасалатын құқық бұзушылық профилактикасының негізгі құралдары айқындалған. Мәселен, құқық бұзушылық профилактикасы субъектілері мынадай арнайы іс-шаралар жүргізетін болады: психикаға белсенді әсері бар заттарды тұтынуға байланысты психикасының, мінез-құлқының бұзылуы (ауруы) бар адамдарды анықтау, есепке қою және оңалту; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану; динамикалық есепте тұрған адамға денсаулық сақтау ұйымдарында одан әрі профилактикалық байқау үшін медициналық зерттеп-қараудан өту қажеттігі туралы ресми алдын ала ескерту жасау және тағы басқалар.

Масаң күйде жасалатын құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру ішкі істер органдарына жүктеледі.

Көпшілік орындарда жасалатын құқық бұзушылық профилактикасы бойынша.

Заңда көпшілік орындары ұғымы мен тізбесі айқындалған.

Заңға сәйкес көпшілік орындарда жасалатын құқық бұзушылық профилактикасы мақсатында бейнебақылау камераларын орнату; ішкі істер немесе күзет органдарының қатысуын ұлғайту; қоғамдық патрульдерді ұйымдастыру; жұртшылықты хабардар ету бойынша профилактикалық әңгімелесулер мен науқандар жүргізу жөніндегі арнаулы шаралар және басқа

шаралар жүргізілетін болады. Бұл ретте көпшілік орындарда жасалатын құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік органдарды үйлестіру ішкі істер органдарына жүктеледі.

Экономикалық құқық бұзушылық профилактикасы бойынша.

Заңда арнаулы білімі бар мамандарды немесе сарапшыларды тарта отырып, экономикалық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін ведомствоішілік тәуекелдерге мониторинг жүргізу көзделеді. Бұдан басқа экономикалық құқық бұзушылық саласындағы құқыққа қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалар халық үшін қол жетімді тізілімге енгізілетін болады.

Балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы бойынша.

Заңда балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі бірқатар арнаулы шаралар көзделеді, ол кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың, жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы, оларды әлеуметтік оңалту бойынша мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеуді және тағы басқа шараларды қамтиды. Қазіргі уақытта 4,8 мың жасөспірім ішкі істер органдарының есебінде тұр.

Күтілетін нәтижелер: профилактиканың ерте алдын алуға бағытталған жаңа жүйесін құруға, азаматтардың қоғамдық қауіпсіздігін арттыруға, заңға мойынсынатын мінез-құлық және зорлық-зомбылық пен құқық бұзушылықтарға төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға, қоғамның құқықтық тәртіп институттарына деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы және Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат М.Ш. Қожаев.

Заңның мақсаты бірқатар заңнамалық актілерді «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы жаңа Заңының ережелеріне сәйкес келтіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген салаларын жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеттері.

Заңмен Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне рецидивтік қылмыстың профилактикасы мақсатында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар санатын кеңейту бөлігінде өзгерістер

енгізілді, оларға қатысты әкімшілік қадағалау және оны белгілеу мерзімдері белгіленеді.

Атап айтқанда:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшін – жазасын өтегеннен кейін үш жылға;

2) ауыр қылмыстар үшін – жазасын өтегеннен кейін алты жылға;

3) аса ауыр қылмыстар үшін – жазасын өтегеннен кейін сегіз жылға бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау белгіленетін болады.

2. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске петицияның нысанасы бола алмайтын мәселелер тізбесін нақтылауға және кеңейтуге бағытталған түзетулер енгізілді *(жеке және заңды тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәселелер, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын таратудың және кеңінен танытудың кез келген нысандары және т.б.)*.

3. Бұдан басқа, түзетулер Әлеуметтік кодексті, «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Заңды «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келтіруді көздейді.

4. «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды ақылы автомобиль жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақыдан босататын норма енгізілді.

5. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкіміне Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органын құру, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі оған есеп беретін және бақылауында болатын Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару құрылымында олардың қызметін ұйымдастыратын, аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада орналасатын бөлімдер құру жөніндегі құзыретті беруге бағытталған түзету енгізіледі.

6. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органының қызметкері» және «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органы» ұғымдары енгізілді. Бұл ретте балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органның қызметкеріне «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы деңгейінде бекітілетін ерекше мәртебе беріледі.

Бұдан басқа, Заңда балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органның өкілеттіктері айқындалады және ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдарының, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік

қорғау ұйымдарының, өзге де мемлекеттік органдардың балалардың құқықтарын бұзушылықтардың алдын алу, оларды ерте анықтау, сондай-ақ баланы қорғау жөнінде шаралар қабылдау жөніндегі өкілеттіктері регламенттеледі.

7. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына атқарушылық құжаттарды сот орындаушылары арасында бөлу тетігін қайта қарау бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Сондай-ақ, «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында нотариустың өндіріп алушы таңдаған нақты жеке сот орындаушысына атқарушы жазбаны тікелей жіберу мүмкіндігі алып тасталды. Түзетулерге сәйкес нотариус атқарушылық жазбаны орындау үшін атқарушылық іс жүргізу органдарының мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жіберетін болады.

8. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» және «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына.

Жол жүрісіне қатысушыларды жалға берілетін электрсамокаттары жүргізушісінің заңсыз әрекеттерінен қорғау мақсатында электрсамокаттары басқару үшін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер жалға беретін электрсамокаттары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруы қажет көлік құралдарының қатарына қосылады.

Сондай-ақ, электрсамокаттарын жалға беретін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге бірқатар міндеттер жүктеледі. Атап айтқанда, электрсамокаттарға тіркеу нөмірін беру және орналастыру арқылы есепке алуды жүргізу; уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияны іске асыру арқылы пайдаланушыларды сәйкестендіруді, кез келген санаттағы көлік құралын басқару құқығына жарамды жүргізуші куәлігінің бар-жоғын және көлік құралдарын басқару құқығынан айыру туралы мәліметтердің жоқтығын тексеруді қамтамасыз ету; он сегіз жасқа толмаған және көлік құралдарын басқару құқығы жоқ немесе одан айырылған адамдардың электрсамокаттарын жолдың жүріс бөлігінде жалға алуына және басқаруына жол бермеуге және т. б.

9. «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

- Кеңес мүшелерінің тіркелген санын белгілеуге;

Кеңес құрамындағы судьялардың саны 8 бірлікті (*әрбір сот сатысынан 2 судьядан*), Төрағаны есептемегенде Кеңестің басқа мүшелерінің саны 7 бірлікті (*лауазымы бойынша Кеңес мүшелері - 3, галым заңгер - 1, адвокат - 1, заңгерлер жұртшылығының өкілдері - 2*) құрайды деп болжанады.

- Кеңес құрамынан Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын шығаруға;

- шығарылған Кеңес мүшелерінің қалған мерзіміне Кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін белгілеу тәртібін айқындауға бағытталған түзетулер енгізілді.

Күтілетін нәтижелер:

Занды іске асыру «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының нормаларына байланысты салалық заңдардың нормаларын толық көлемде өзектендіруге мүмкіндік береді, бұл құқық қолдану практикасында қайшылықтардың туындауын болдырмауға, сондай-ақ заңнаманың жекелеген салаларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Занды жүргізген депутат М.Ш. Қожаев.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларын жаңа «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына, сондай-ақ басқа да салалық заңдарға сәйкес келтіру болып табылады.

Заңның міндеттері.

Заңда:

- Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзғаны;

- Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс саласындағы заңнамасымен белгіленген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындамағаны;

- қоғамдық орындарда бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті киіп жүру туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны;

- құқыққа қайшы контентті орналастырғаны, таратқаны;

- көлік құралын басқару құқығы жоқ не одан айырылған адамның электр самокатты жолдың жүру бөлігімен басқаруына жол бергені;

- жеке сот орындаушының жеке ұйғарым, соттың қаулысы, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының ұсынымы бойынша шара қабылдамағаны;

- балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органның заңды қызметіне кедергі жасағаны;

- құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қайтадан хабарламағаны не шаралар қабылдамағаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізілді.

Бұдан басқа, мыналарды көздейтін түзетулер енгізілді:

- «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (*Мемлекет басшысы 2025 жылғы 19 қыркүйекте қол қойған*) сәйкес келтіру;

- аумақтық қаржы мониторинг органдарының қатысуымен оларға қажетті өкілеттіктерді бере отырып қаралатын әкімшілік істердің тізбесін кеңейту;

- әкімшілік құқық бұзушылықтарды жіктеуді енгізу және айыппұлдар мөлшерін олардың қаржы мониторингі субъектілері үшін мөлшерлес болуы қағидаттарын ескере отырып, қайта қарау жолымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 214-бабының санкциялары қайта қаралды.

Сондай-ақ, мыналарды көздейтін түзетулер енгізілді:

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзғаны, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзғаны, жасыл екпелерін жойғаны және бүлдіргені үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау құқығын беру. Мұндай бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тарту құқығы ішкі істер органдары мен аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерінде ғана болған.

Күтілетін нәтижелер: әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын енгізу, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдардың жауаптылығын арттыру, құқықтық олқылықтардың орнын толтыру және заңнаманың келісімділігін қамтамасыз ету.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6.1.2. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б.С. Орынбеков.

Заңның мақсаты:

Заң ұлттық заңнаманы қаржы нарығының өзгеріп отыратын шындықтарына бейімдеуге, сондай-ақ Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) әзірлеген қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы әлемдік стандарттарға сәйкестік жөніндегі халықаралық міндеттемелерді іске асыруға бағытталған.

Заңның міндеті:

Заң мыналарды көздейді:

тек қана атаулы бағалы қағаздарды шығаруға рұқсат;

қылмыскерлермен байланысты адамдардың қаржы мекемесінде елеулі немесе бақылаушы үлестерді иеленуіне кедергі келтіретін шаралар мен рәсімдерді енгізуді көздейтін норманы белгілеу бөлігінде «мінсіз іскерлік бедел» ұғымына өзгерістер енгізу;

қалқа-банктерді құруға тыйым салу;

қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерін тәуекел-сәйкестендіруді жүзеге асыратын скорингтік немесе автоматтандырылған жүйені енгізу;

терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне талдау мен мониторинг жүргізуді ҚМА-ға бекітіп беру;

ұлттық тәуекелдерді бағалау және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін секторлық бағалау ұғымдарының аражігін ажыратуды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалауды жүргізу тәсілдерін қайта қарау;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органды бекіте отырып, қаржы мониторингінің жаңа субъектілерін (*ұялы байланыс операторлары, «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ, қаржы құралдарымен мәміле жөніндегі клирингтік орталықтар*) енгізу;

ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар бойынша шекті сомаларды қайта қарау, олардан асып кеткен жағдайларда бұл операциялар қаржылық мониторингке жататын болады;

цифрлық активтермен, жылжымалы мүлікпен жасалатын операциялар, қолма-қол ақшасыз нысанда ұтыс алу бойынша шекті сомаларды белгілеу;

қылмыстық жазасын өтеген, бірақ сотталғандығын жою немесе алу мерзімі әлі басталмаған ұйымды және жеке тұлғаны терроризмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінен алып тастау мүмкіндігін көздейтін норманы белгілеу;

ұйымдарды және жеке тұлғаларды терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға (бұдан әрі – ТК/ЖҚҚТҚ) байланысты тұлғалар тізбесінен алып тастау туралы қорытындыларды ҚМА-ның өз интернет-ресурсында орналастыруы;

ҚМА құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде ТК/ЖҚҚТҚ-ға қатысы бар ұйымдарды және (немесе) жеке тұлғаларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту, қаржы мониторингінің тәуекелді субъектілерінің қызметі туралы ақпаратты мүдделі мемлекеттік органдарға жіберу жөніндегі міндеттерді толықтыру;

«жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыру», «шетелдік траст», «скорингтік модуль», «жеке кабинет» сияқты ұғымдарды енгізу.

Сондай-ақ, Заң жобасында күдікті қызмет туралы хабарларды жіберу бойынша міндеттемелерді ендіруге бағытталған түзетулер көзделген, бұл Қаржылық мониторингі дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыруға сәйкес келеді.

Күтілетін нәтижелер:

Занды мақұлдау қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), сондай-ақ терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл деңгейін арттыруға ықпал ететін болады, ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарға Қазақстан рейтингінің сәйкес болуын арттыруға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 4 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат Б.Т. Орынбасаров.

Заңның мақсаты:

Заңның негізгі мақсаттары Санкт-Петербург қаласында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары 2023 жылғы 25 желтоқсанда қол қойған 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (бұдан әрі - Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Заңның міндеттері:

Хаттамада электрондық сауда шеңберінде сатып алынатын тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу тәртібін реттейтін ережені бекіту көзделеді. Осы өзгерістер электрондық сауда алаңдары арқылы жеке тұлғалар сатып алатын тауарларды ресімдеу, декларациялау, уақытша сақтау және шығару

тетігін құқықтық бекітуді, сондай-ақ тауарлардың осы санаттары бойынша кедендік төлемдерді алу тәртібін айқындауды көздейді.

Хаттамада мыналар:

1. шетелдік интернет-алаңдардан халықаралық пошта жөнелтілімдерімен жеке тұлғалардың атына жіберілетін тауарларды тауарлардың жекелеген санатына – электрондық сауда тауарларына бөлу;

2. электрондық сауда тауарларын жеткізуді жүзеге асыратын пошта операторы – «электрондық сауда операторы» ұғымын енгізу;

3. кедендік декларацияның жаңа түрін – электрондық сауда декларациясын енгізе отырып, электрондық сауда тауарларының барлық көлемін кедендік декларациялау көзделген.

Күтілетін нәтиже:

Хаттаманы ратификациялау электрондық сауданы реттеу үшін құқықтық база құруға, электрондық сауда тауарларын кедендік әкімшілендіруді жақсартуға, техникалық регламенттердің сақталуына және әкелінетін тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылауды күшейтуге, сондай-ақ кедендік төлемдер мен салықтарды жинау есебінен бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 25 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру қауіп-қатеріне баға беретін халықаралық орталықты құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат С.А. Мәкежанов.

Заңның мақсаты:

Заңның негізгі мақсаты 2023 жылғы 13 қазанда Бішкек қаласында ТМД Мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысында қол қойылған, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру қауіп-қатеріне баға беретін халықаралық орталықты құру туралы келісімді (бұдан әрі – ҚБХО туралы келісім) ратификациялау болып табылады.

Заңның міндеттері:

ҚБХО туралы келісім деректерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ТМД-ға қатысушы елдердің қаржылық барлау бөлімшелері арасында жедел ақпарат алмасу үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік пен инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталған.

ҚБХО туралы келісімнің негізгі міндеттері:

1. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді ұлттық және халықаралық деңгейде қаржыландыруға байланысты қауіп-қатерге баға беру.

2. ТМД-ға қатысушы елдер арасында ақпарат алмасу.

3. Ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың алдын алу және онымен күресу үшін халықаралық стандарттар мен ұсыныстарды әзірлеу және енгізу.

4. Қаржы мониторингі және қауіп-қатерге баға беру саласындағы мамандарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру.

5. Қаржы мекемелері, құқық қорғау органдары және басқа да мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Күтілетін нәтиже:

Келісімді ратификациялау тиімді және мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру қауіп-қатеріне ұлттық баға беруден жоғары болатын баға беруді жүргізу үшін құқықтық база құруға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 16 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы»

Занды жүргізген депутат С.А. Мәкежанов.

Заңның мақсаттары:

Заң Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 81-бабына сәйкес әзірленді, оған сәйкес жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жылдар бойынша бөлініп, үш жылдық кезеңге абсолютті түрде белгіленеді.

Заңның міндеттері:

Заңда өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейлерін теңестіру және оларға мемлекет кепілдік берген халыққа қызмет көрсету үшін тең фискалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге қажетті жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі белгіленеді.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі тиісті жергілікті бюджеттің кірістері мен шығыстарының болжамды көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындалған.

Жалпы сипаттағы трансферттерге мынадай мөлшерде айқындалған бюджеттік алып қоюлар мен бюджеттік субвенциялар жатады:

бюджеттік субвенциялар:

2026 жылға – 5 154 067 833 мың теңге;

2027 жылға – 6 357 838 886 мың теңге;

2028 жылға – 6 796 559 470 мың теңге.

бюджеттік алып қоюлар:

2026 жылға – 879 947 069 мың теңге;

2027 жылға – 1 079 818 403 мың теңге;

2028 жылға – 1 400 607 718 мың теңге.

Жергілікті бюджеттер кірістерінің болжамы жаңа Бюджет және Салық кодекстерінің қолданысқа енгізілуі ескеріле отырып жүзеге асырылды.

Кірістерде жеке табыс салығы бойынша 14-тен 30 айлық есептік көрсеткішке дейін шегерімдерді ұлғайту, ЖТС бойынша прогрессивті шкаланы енгізу, алкоголь және темекі өнімдеріне акциздер мөлшерлемесін

арттыру, көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты көлік құралдарына салықты есептеу үшін сараланған түзету коэффициенттері және басқа да өзгерістер ескерілді.

Жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемі инфляцияға индекстеуді және өңірдегі мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың болжамды санын ескере отырып есептелген.

Бюджет кодексінің 75-бабының 18-тармағына сәйкес жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасында бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған тізбеге сәйкес ағымдағы нысаналы шығындар бойынша шығыстар ескерілді.

Бюджет кодексінің 80-бабының 4-тармағына сәйкес жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемінде нысаналы трансферттер, жергілікті атқарушы органның борышына қызмет көрсетуге және өтеуге арналған шығындар, бюджеттік кредиттер, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер, имидждік шығыстар, гранттар, зерттеулер, консалтингтік қызметтер, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар ескерілмеген.

Заңнан күтілетін нәтижелер:

Заңды мақұлдау әртүрлі экономикалық әлеуеті бар өңірлердің қаржылық мүмкіндіктері арасындағы теңсіздікті жоюға ықпал ететін болады, бұл тұрғылықты өңіріне қарамастан, халықтың мемлекет кепілдік берген қызметтердің тең деңгейіне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Заңды Сенат комитеттері мен депутаттарының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып талқылау барысында Мәжіліс қабылдаған Заңға басталған және жалғасып жатқан жобаларды аяқтау үшін жалпы сипаттағы трансферттерде елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуға арналған шығындардың 17,5 млрд. теңгеге ұлғаюына қатысты өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады.

2025 жылы 20 қарашада Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

5. «2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»

Заңды жүргізген депутат С.А. Мәкежанов.

Заңның мақсаты:

Заң Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, 2026 – 2028 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының, бюджеттік параметрлері болжамының және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары негізінде әзірленді.

Заңның міндеттері:

- 1) азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ету;
- 2) неғұрлым сапалы және серпінді экономикалық өсуді таргеттеу;
- 3) мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 4) орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдегі бюджет саясатының ықтимал тәуекелдерін бағалау;

5) ағымдағы жағдайға бейімделе отырып экономикалық модель құру.

Заңнан күтілетін нәтижелер:

Заң макроэкономикалық тұрақтылыққа; тиімді фискалдық және монетарлық саясатты іске асыру, бюджет шығыстарын ұтымды ету, мемлекеттік қаржының орнықтылығы арқылы қаржылық тұрақтылыққа; өнеркәсіптік-инновациялық дамытуға; экспорттық әлеуетті арттыруға; қолайлы кәсіпкерлік және инвестициялық орта құруға бағытталған.

Елдің 2026 – 2028 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы 2024 жылдағы ЖІӨ бойынша есептік деректерді және 2025 жылғы бағалауды, әлемдік экономиканың өсуі бойынша халықаралық ұйымдардың болжамдарын және тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың өзгеру үрдістерін ескере отырып қалыптастырылды.

Алдағы орта мерзімді кезеңге ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 5,3%-ды құрайды.

Номиналды ЖІӨ 2026 жылғы 183,8 трлн. теңгеден 2028 жылы 229,8 трлн. теңгеге дейін өседі деп болжануда.

Базалық сценарийде мұнай бағасы барреліне 60 АҚШ доллары деңгейінде айқындалған.

Болжамды кезеңде ауыл шаруашылығындағы орташа жылдық өсу қарқыны 3,9%, құрылыста – 11,0%, саудада – 6,7%, өңдеу өнеркәсібінде – 6,5%, тау-кен өнеркәсібінде – 2,8%, қызмет көрсету саласында – 4,9%, көлік және қоймаға орналастыруда – 10,0%, ақпарат және байланыс саласында – 6,8% құрайды.

Экспорт көлемі болжам бойынша 2028 жылы 83,7 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайып, 2026 жылы 77,1 млрд. АҚШ долларын құрайды, импорт 67,7 млрд. АҚШ долларынан 75,2 млрд. АҚШ долларына дейін өседі.

Жылдық инфляция деңгейінің нысаналы дәлізі 2026 жылы 9,0 – 11,0%, 2027 жылы 5,5 – 7,5%, 2028 жылы 5,0 – 7,0% шегінде айқындалып отыр.

Республикалық бюджет кірістерінің болжамы (*трансферттер түсімін есепке алмағанда*):

- 2026 жылға – 19 239,0 млрд. теңге сомасында немесе ағымдағы жылғы бағалауға қарағанда 3 605,0 млрд. теңгеге асып түсіп, 123,1% құрайды;

- 2027 жылға – 2026 жылғы болжамға қарағанда 10,4% өсіммен 21 246,1 млрд. теңге сомасында;

- 2028 жылға – 2027 жылғы болжамға қарағанда 9,4% өсіммен 23 244,2 млрд. теңге сомасында айқындалған.

2026 жылғы республикалық бюджет кірістерінде ең үлкен үлес салмағын (98,2 %) салықтық түсімдер алады.

Салықтық емес түсімдер бойынша 2026 жылға арналған болжам 2025 жылғы бағалауға қарағанда 105,0 млрд. теңгеге азайтыла отырып, 330,4 млрд. теңге сомасында айқындалған.

Трансферттер түсімдері:

- 2026 жылы – 3 650,0 млрд. теңге сомасында;

- 2027 жылы – 3 850,0 млрд. теңге сомасында;

- 2028 жылы – 4 171 млрд. теңге сомасында болжанады.

«Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бюджеттік алып қоюлар:

- 2026 жылға – 880,0 млрд. теңге сомасында;
- 2027 жылға – 1 079,8 млрд. теңге сомасында;
- 2028 жылға – 1 400,6 млрд. теңге сомасында айқындалды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт көлемдері жыл сайын 2 770,0 млрд. теңгені құрайды.

Бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша болжам 618,3 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде:

- 2026 жылға – 246,2 млрд. теңге сомасында;
- 2027 жылға – 171,1 млрд. теңге сомасында;
- 2028 жылға – 201,0 млрд. теңге сомасында.

Бюджеттік қағидалардың сақталуын және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарында бюджет шығыстарының шоғырлануын ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау, ғылымды, білім беруді, медицинаны қолдауды күшейту арқылы адами капиталды дамыту бірінші кезектегі міндет болып қала береді.

Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемі:

- 2026 жылы – 27 730,0 млрд. теңге сомасында;
- 2027 жылы – 28 767,0 млрд. теңге сомасында;
- 2028 жылы – 29 770,0 млрд. теңге сомасында жоспарлануда.

«Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өңірлерге мынадай көлемдерде субвенциялар айқындалды:

- 2026 жылы – 5 154,0 млрд. теңге сомасында;
- 2027 жылы – 6 357,8 млрд. теңге сомасында;
- 2028 жылы – 6 796,5 млрд. теңге сомасында.

Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге арналған шығыстар бойынша үш жылдық бюджет шеңберінде:

- 2026 жылға - 1 081,7 млрд. теңге сомасында;
- 2027 жылға – 955,0 млрд. теңге сомасында;
- 2028 жылға - 905,1 млрд. теңге сомасында көзделген.

Әдеттегідей үш жылдық кезеңде бюджет шығыстарындағы ең үлкен үлес салмақты әлеуметтік сала шығыстары құрайды – 33,8 трлн. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 10,7 трлн. теңге, 2027 жылға – 11,0 трлн. теңге, 2028 жылға – 11,5 трлн. теңге.

2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджетте жоспарланған қаражат шеңберінде осы салаға мынадай басым бағыттарды іске асыру жоспарлануда:

- әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек – 22 437,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 6 833,0 млрд. теңге;

- адами капиталға салынатын инвестициялар – 10 903,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 3 964,0 млрд. теңге, оның ішінде:

- білім беру – 252,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 84,0 млрд. теңге;

- ғылым және жоғары білім – 2 277,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 817,0 млрд. теңге;

- денсаулық сақтау – 7 381,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 2 731,0 млрд. теңге;

- туризм және спорт – 490,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 155,0 млрд. теңге;

- мәдениет және ақпарат – 503,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 177,0 млрд. теңге.

Экономиканың нақты секторын қолдауға арналған шығыстар – 9 066,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 3 584,0 млрд. теңге.

Экономиканың нақты секторына арналған шығыстар мынадай басым бағыттарды іске асыруға жоспарланған:

- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға – 1 992,0 млрд. теңге, 2026 жылға – 982,0 млрд. теңге;

- республикалық деңгейде көлік инфрақұрылымын дамытуға – 1 970,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылы – 855,0 млрд. теңге;

- кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті қолдауға және дамытуға – 1 637,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылы – 566,0 млрд. теңге;

- цифрлық дамуға – 518,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылы – 177,0 млрд. теңге;

- отын-энергетика кешеніне – 376,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылы – 181,0 млрд. теңге;

- су ресурстары мен ирригацияға – 528,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылы – 160,0 млрд. теңге;

- экологияға және табиғи ресурстарға – 298,0 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылы – 98,0 млрд. теңге.

Күштік құрылымдардың шығыстары 9 168,0 млрд. теңге сомасында жоспарланған, оның ішінде 2026 жылға – 3 009,0 млрд. теңге.

Республикалық бюджет тапшылығы 2026 жылға 4 595,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 2,5%-ы, 2027 жылға – 3 500,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 1,7%-ы, 2028 жылға – 2 154,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 0,9%-ы мөлшерінде айқындалған.

Мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдердің 2026 жылға арналған болжамы 4 124,0 млрд. теңгені немесе мұнайдың болжамды әлемдік бағасы барреліне 60 АҚШ доллары болған кездегі мұнай өндірудің күтілетін көлемі негізге алына отырып, 2025 жылғы бағадан 94,8 млрд. теңгеге кем болады.

Сенат комитеттері мен депутаттарының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып Заңды талқылау барысында Мәжіліс қабылдаған Заңға мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады:

- жылумен жабдықтау жүйесін дамытуға жалпы сомасы 37,9 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 9,8 млрд. теңге;
- жылу, электр энергетикасын дамытуға жалпы сомасы 7,7 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 4,7 млрд. теңге;
- су ресурстарына жалпы сомасы 8,9 млрд. теңге, оның ішінде 2026 жылға – 2,3 млрд. теңге;
- газ тасымалдау жүйесін дамытуға жалпы сомасы 5,5 млрд. теңге;
- жағалауды күшейту жұмыстарына 2026 жылы 2,2 млрд. теңге;
- өнеркәсіп салаларын дамытуға жәрдемдесуге 2026 жылы 1,5 млрд. теңге.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдар арасында қаражат қайта бөлінді, сондай-ақ депутаттардың басқа да ұсыныстары қолдау тапты.

2026 жылы шығыстарды ұлғайту бойынша ұсыныстар 50,0 млрд. теңге сомасында қолдау тапты.

Шығыстарды ұлғайтуды қаржыландыру Үкімет резерві және борышқа қызмет көрсету есебінен жүзеге асырылатын болады.

2025 жылы 20 қарашада Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

6. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б.Т. Орынбасаров.

Заңның мақсаты:

Заң мемлекеттік субсидиялар, коммуналдық меншіктегі энергия өндіруші ұйымдар үшін гранттардың немесе басқа да өтеусіз көмекті алушыларға мемлекет көрсететін көмектің шеңберінде мемлекеттік субсидияларды толық игеру мақсатында әзірленген.

Заңның негізгі міндеттері:

Салық салу мақсатында субсидиялар кіріс ретінде қарастырылмайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген субсидиялар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі, коммуналдық меншіктегі және бір мезгілде электр энергиясын, суды (дистиллятты) және жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдар үшін гранттар немесе басқа да өтеусіз көмек есебінен жүргізілген шығындар шегерімге жатпайды.

Заңның күтілетін нәтижелері:

Заң қаражатты анағұрлым маңызды қажеттіліктерге қайта бөлуге, өндірістік қызметті қолдау мен жасқарту және әлеуметтік міндеттерді орындау үшін қаражатты қайта инвестициялауға мүмкіндік береді. Заң энергетикалық қуаттарды қолдауға, халық пен кәсіпорындардың экономикалық мүдделерін қорғауға да бағытталған.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы»

Заңды жүргізген депутат С.А. Карплюк.

Заңның мақсаты:

- банк қызметін реттеу мен қадағалауды жетілдіру арқылы банк жүйесінің тұрақтылығын және орнықтылығын қамтамасыз ету;

- ашықтықты арттыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғау стандарттарын сақтау және қаржылық дағдарыстардың алдын алу есебінен азаматтардың банк жүйесіне деген сенімін нығайту;

- банктік қызметтер көрсетуге қолайлы жағдайлар жасау және олардың сапасын арттыру үшін қаржы нарығында адал бәсекелестік пен инновацияларды ынталандыру.

Заңның міндеттері:

1. Қаржылық тұрақтылықты нығайту және қазіргі заманғы нормативтік базаны қалыптастыру шеңберінде Заңда тәуекелдерді басқару, ішкі аудит және комплаенс-бақылау мәселелері бойынша банктердің басшылық құрамына қосымша біліктілік талаптарын белгілеу арқылы корпоративтік басқару стандарттарын арттыру көзделген.

Қосымша талаптар қойылған және лауазымда болу мерзімі шектелген тәуелсіз директорлар институтының рөлі күшейтіледі. Тәуелсіздік өлшемшарттарының сақталуына жыл сайынғы мониторинг көзделген.

Акционерлерге және қаржы ұйымдарының басшыларына қойылатын талаптарды кәсіби өтілінің болуына және алдыңғы жұмыс орнына қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу арқылы біріздендіру көзделген, кейбір жағдайларда қаржы ұйымында басшылық лауазымдарға орналасуға шектеу мерзімі ұлғайтылды.

Сондай-ақ реттеушінің дәлелді пайымдауды қолдану салалары кеңейтіледі.

Активтерді экономикалық айналымға қайтаруды жеделдету мақсатында өндіріп алынған мүліктің банктер балансында болу мерзіміне шектеу белгіленеді.

2. Банк секторында бәсекелестікті ынталандыру мақсатында рұқсат етілген операциялардың көлемі мен реттеуші талаптардың деңгейі бойынша ерекшеленетін лицензиялардың базалық және әмбебап түрлерін енгізу көзделеді.

Активтер бойынша белгіленген лимитке қол жеткізген кезде базалық лицензиясы бар банк банктік операциялардың барлық спектрін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әмбебап лицензияға көшуге міндетті болады.

3. Исламдық қаржыландыруды дамытуды ынталандыру мақсатында дәстүрлі банктерге қолданыстағы лицензия шеңберінде исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға және исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға қосымша лицензия алуға рұқсат етіледі. Бұл тәсіл банктерге шариғат қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ете отырып, жеке заңды тұлға құру қажеттігінсіз исламдық қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ исламдық қызметті банктердің өзге қызметінен ұйымдық және есептік оқшаулау міндетті шарт болып табылады.

4. Қаржы ұйымдарының клиенттер алдындағы жауапкершілігін арттыру мақсатында олардың өзара іс-қимылының барлық кезеңдерінде мінез-құлықты қадағалау жүйесі енгізіледі.

Мінез-құлықты қадағалау екі элементке негізделеді, бұл – бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тәуекелге бағдарланған қадағалау және қаржы омбудсманының құрылатын бірыңғай кеңсесі жүзеге асыратын, дауларды сотқа дейінгі реттеу.

5. Банк жүйесінің тұрақтылығын арттыру мақсатында және Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) ұсынымдарына сәйкес төлемге қабілетсіз банктерді реттеу жүйесін реформалау көзделген. Бұл жаңашылдықта үш сатылы модельді енгізу: күшейтілген қадағалау, қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіру режимі және реттеу режимі қарастырылған.

Тұрақтылығына қойылатын талаптар күшейтіле отырып жүйелі маңызды банктерге ерекше назар аударылады. Жүйелі маңызы бар банкті реттеу шеңберінде пайдаланылған мемлекеттік қаражат оның акцияларын жаңа инвесторларға сату есебінен және қажет болған жағдайда – екінші деңгейдегі банктердің жарналары есебінен өтелетін (жабылатын) болады.

Күтілетін нәтиже:

Заңның қабылдануы банк секторының тұрақтылығын күшейтуге, ашықтықты арттыруға және қазіргі заманғы қаржы технологияларын енгізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ тәуекелдерді тиімді басқару және тұтынушыларға көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасайды. Бұдан басқа, пропорционалды реттеуді енгізу арқылы заңнамалық талаптарды ырықтандыруға ықпал ететін болады.

Заңды талқылау барысында Бас комитеттің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс қабылдаған Заңға мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады:

- базалық банктік лицензиясы бар банкті әмбебап банктік лицензиясы бар банкке көшіру (қайта ресімдеу) кезінде пруденциалдық нормативтер мен лимиттерді сақтау жөніндегі талаптарды нақтылау;

- жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша нұсқауларын орындау бөлігінде қор биржалары мен клирингтік ұйымдардың құқықтылығын нақтылау;

- Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының белгілі бір инвестициялық қызметті жүзеге асыру құқығын белгілеу;

- банктің директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директор болып табылатын немесе болуға ниеттенетін адамдарға қойылатын талаптарды нақтылау;

- Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз етуге арналған орталық депозитарийдегі және (немесе) клирингтік ұйымдағы

ақшаны және (немесе) бағалы қағаздарды банктің қарыз алушыдан даусыз тәртіппен өндіріп алуын болдырмайтын нормамен толықтыру;

- өтініш берушілердің өтініштерін банктердің қараусыз қалдыру себептерін өтініште жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайлармен толықтыру;

- мемлекеттік қазынашылық және мемлекеттік қазынашылық органдарына банк құпиясы жөніндегі талаптарды тарату;

- мүлікке билік етуге уақытша шектеу қоюға, мәмілелер жасауға және мүлікпен өзге де операциялар жасауға шектеулер қоюға, банк шоттарындағы жеке немесе заңды тұлғаның ақшасына және басқа да мүлкіне тыйым салуға жол берілмейтін қосымша жағдайларды белгілеу;

- деректер сөресін, ол қамтуы тиіс ақпарат тізбесін енгізу мақсаттарын регламенттеу, сондай-ақ дербес деректерді қорғауға және банк құпиясын сақтауға міндетті тұлғалар қатарын кеңейту. Деректер сөресі туралы нормаларды қолданысқа енгізу мерзімін 2026 жылғы 1 маусымнан 2027 жылғы 1 қаңтарға ауыстыру;

- төлемге қабілетсіз жүйелік маңызы бар банкті реттеуге арналған қаражат көзін нақтылау.

2025 жылы 25 желтоқсанда Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С.А. Карплюк.

Заңның мақсаты:

Заң Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 4-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және бүкіл қаржы секторын реттеуге бірыңғай нормативтік тәсілді құра отырып, жаңа «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін кешенді имплементациялауға бағытталған.

Заңның негізгі міндеттері:

1. Корпоративтік басқаруды жетілдіру.

Ірі акционерлерге және қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлеріне бірыңғай талаптар белгілеу. Енгізілетін түзетулер «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңда бүкіл қаржы секторына қолданылатын бірыңғай біліктілік талаптарын бекітуді көздейді.

Негізгі функциялардың басшылары (тәуекелдерді басқаруды, ішкі аудитті және комплаенс-бақылауды қоса алғанда) және барлық қаржы ұйымдарының ірі акционерлері үшін кәсіптік жарамдылық пен іскерлік беделдің жалпы өлшемшарттары белгіленеді. Егер адам бұрын лицензиясынан

айырылған ұйымда осындай лауазымды атқарған болса, басшы лауазымдарға орналасуға шектеу мерзімін бес жылдан он жылға дейін ұлғайту көзделеді.

Тұлғаларды үлестес деп тану тәртібі, қаражат көздері мен жұмыс тәжірибесін растауға қойылатын талаптар қосымша бекітіледі. Бұл шаралар корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттарын қалыптастыруға, келеңсіз тәжірибелердің алдын алуға, сондай-ақ бүкіл қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен ашықтығын арттыруға бағытталған.

2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және мінез-құлықты қадағалау.

Бірыңғай қаржы омбудсманы институты енгізілуде, ол қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың орталық тетігі болады. Мінез-құлықты қадағалау моделі қаржы ұйымдары клиенттерінің шағымдарын міндетті түрде қарау және олардың жедел және әділ шешілуін қамтамасыз ету төңірегінде құрылады. Қаржы омбудсманна клиенттердің құқықтарын қорғаудың бірыңғай тәжірибесін қамтамасыз ете отырып, даулар бойынша орындалуы міндетті шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілетін болады.

Сонымен қатар, қаржы ұйымдарындағы ішкі рәсімдерді және жүйелік проблемалар анықталған жағдайда жүйелі шаралар қабылдау үшін реттеушінің араласу мүмкіндігін қоса алғанда, бұзушылықтардың алдын алу шаралары көзделген. Мұндай тәсіл дауларды сотқа дейінгі реттеудің тиімді жүйесін құруға және қаржы секторының клиенттер алдындағы ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

3. Қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіру.

Заңда Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына

Үкімет осындай банктің акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін және мемлекеттік кепілдік берген кезде реттеу режимі қолданылған жүйелі маңызы бар банктерге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің соңғы сатыдағы қарыз беруі бөлігінде өзгерістер көзделген. Бұл өзгерістер «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» жаңа Заң жобасына сәйкес жүйелі маңызы бар банкті реттеу режиміне мемлекеттің қатысу тетігі шеңберінде көзделген.

4. Инновацияларды дамыту, цифрлық банкаралық төлем және қаржы сервистерінің қолжетімділігін, қауіпсіздігін, тиімділігін арттыру.

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы құқықтық мәртебені, цифрлық теңге және цифрлық шот ұғымын бекітетін нормалармен толықтырылады. Цифрлық теңге – бұл цифрлық ортада есеп айырысуға арналған ұлттық валютаның жаңа цифрлық нысаны. Бұдан басқа, Заңда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем қызметтері мен цифрлық активтер нарығында реттеудің ерекше режимін (реттеуші орта) енгізу жөніндегі өкілеттіктерін бекіту, инновацияларды көтермелеу және сынақтан өткізу үшін, оның ішінде Ұлттық Банктің өзінің пилоттық жобалары бойынша ортаны іске қосу жөніндегі ұйымдастырушылық рәсімдерді оңайлату көзделеді.

5. «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Заңға енгізілетін өзгерістер шеңберінде Қазақстан Республикасында цифрлық қаржы активтерінің (бұдан әрі – ЦҚА) айналысын реттеуді енгізу.

Занда Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы шеңберінде реттеуге жататын қаржы құралдарының жаңа түрі ретінде ЦҚА-ны шығару, айналысқа жіберу және қадағалау үшін құқықтық негіздер енгізіледі.

ЦҚА операторы лицензиялауға және қадағалауға жататын ақпараттық жүйелерде шығарылатын токенделген құралдар ретінде анықталады. ЦҚА-ны шығару бекітілген қағидалар шеңберінде және уәкілетті органдардың бақылауымен мүмкін болады. Бұл ретте ЦҚА айналысы бақылаудың, тәуекелдерді басқарудың, ішкі аудиттің және ақпаратты ашудың тиісті тетіктерін қолдана отырып, реттелетін нарықта жүзеге асырылады.

ЦҚА реттеуді енгізу ашықтықты, тәуекелдерді бақылауды және қаржылық тұрақтылық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде қаржы нарығындағы инновацияларды ынталандыруға бағытталған. ЦҚА мәртебесін заңнамалық тұрғыда бекіту цифрлық қаржы құралдарын дамытуға, активтерді токендеу технологиясын пайдалануға және қолданыстағы қаржы жүйесі шеңберінде инвестициялар тартуға жағдай жасайды.

6. Микроқаржы және коллекторлық секторларды реттеу.

Микроқаржы субъектілерін құқықтық реттеудің аражігін ажырату, микроқаржы және коллекторлық көрсетілетін қызметтер нарықтарында өзін-өзі реттеу институтын енгізу, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің болуына қойылатын талаптарды белгілеу енгізіледі.

Заңнан күтілетін нәтижелер:

Заң корпоративтік басқаруды, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды, қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіруді, қаржы-техникалық сектор мен цифрлық қаржы активтерін дамытуды, микроқаржы секторы мен коллекторлық қызметті реттеуді жетілдіруді, сондай-ақ бірыңғай жағдайлар жасауды және операциялардың ашықтығын арттыруды қамтамасыз етеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Занды талқылау және оны екінші оқылымға әзірлеу барысында Бас комитеттің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс қабылдаған Заңға мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады:

- жүйелі маңызы бар банктің не реттеу режиміндегі, жүйелі маңызы бар банктің активтері мен міндеттемелері берілетін тұрақтандыру банкінің акцияларын сатып алу кезінде тек мемлекеттік қаражат пайдаланылатын болады деп ұсынылады;

- микроқаржы және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың

өтініштерін қарау мерзімдерін регламенттеу, сондай-ақ қаржы омбудсманына өтініштер келіп түскен жағдайда оларды қарау тәртібін көздеу ұсынылады;

- деректер сөресін, деректер сөресіне қатысты мәліметтер тізбесін енгізу, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына, деректер сөресіне рұқсат алған өзге де тұлғаларға жүктеу мақсаттарын, дербес деректерді қорғауды және деректер сөресін қалыптастыру, сақтау және оған рұқсат беру кезінде сақтандыру құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді нақтылау. Екінші деңгейдегі банктерге техникалық және әдіснамалық базаны сәйкестендіруге уақыт беру үшін «деректер сөресіне» қатысты нормаларды қолданысқа енгізу мерзімін 2026 жылғы 1 маусымнан 2027 жылғы 1 қаңтарға өзгерту;

- «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында цифрлық қаржы активтерін шығаруға рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушыларын цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерін шығаруды жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын бірлесіп айқындау бойынша Ұлттық банктің және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің құзыреттеріне сәйкес келтіру ұсынылады.

- Ұлттық Банк бекітетін цифрлық активтерді шығару қағидаларында жеке және заңды тұлғаларды цифрлық қаржы активтерімен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыру үшін білікті инвесторлар деп тануды көздеу ұсынылады;

- бағалы қағаздар нарығы саласында тек шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын дара кәсіпкерлердің қаржы омбудсманына жүгінуі көзделеді, өйткені орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын дара кәсіпкерлердің экономикалық және заңдық құзыреті неғұрлым жоғары болғандықтан және тиісінше олардың қаржы омбудсманына жүгінуі талап етілмейді.

Сондай-ақ Заң нормаларын өзара байланыстырылатын, сондай-ақ заң техникасының қағидаларына қатысты өзгерістер енгізілді.

2025 жылы 25 желтоқсанда Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

6.1.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат А.Ш. Нұғманов.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) 2024 жылғы 10 қазанда Ашхабад қаласында қол қойылды.

Заңның мақсаты инвесторларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету және Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Заң бір Тараптың екінші Тарап аумағындағы инвестицияларын жүзеге асыру, сондай-ақ екі мемлекеттің аумақтарындағы инвестициялық қызметке байланысты мәселелерді реттеу үшін елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту бойынша қолайлы режим құру тәртібі мен шартын регламенттейді.

Кез келген Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестициялар әділ және тең құқылы режимді, сондай-ақ екінші Тарап мемлекетінің аумағында толық қорғау мен қауіпсіздікті пайдаланады.

Экономиканың сезімтал секторларын және (немесе) олармен байланысты кәсіпкерлік қызметтің шектелуге немесе алынып тасталуға тиіс басқа да түрлерін белгілеу құқығы бекітіледі.

Сондай-ақ Келісім нормаларына сәйкес Тараптардың ешқайсысы, егер мұндай шаралар қоғамдық мүдде үшін қабылданбаса, экспроприациялау жөніндегі мақсатты шараларды немесе екінші Тараптың инвесторларына тиесілі инвестицияларға осындай әсері бар кез келген басқа шараларды мемлекет меншігіне алмауға немесе қабылдамауға тиіс. Экспроприация тиісті құқықтық рәсім шеңберінде, кемсітусіз негізде және тиімді, жылдам және барабар өтемақы төленген жағдайда жүзеге асырылуға тиіс.

Келісімді ратификациялау инвесторлардың мүдделерін қорғайтын құқықтық кепілдіктерді бекітуге және инвестициялық қызметтің ашықтығы мен болжамдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 4 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат Б.Н. Жексенбай.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы үкіметаралық келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға «Байқоңыр» ғарыш

айлағындағы бірлескен жобаның параметрлерін өзектендіру мақсатында қол қойылды.

Құжат тасымалдағыш зымыранды ұшыруды сынаудың басталу мерзімін 2023 жылдан 2025 жылға ауыстыруды, сондай-ақ жобаны іске асырудың басқа шарттарын нақтылауды көздейді.

Негізгі өзгерістердің қатарында Ресей тарапынан кепілдендірілген ұшыруды 2028-2039 жылдар кезеңінде жыл сайын 2 - ден 3-ке дейін ұлғайту бар, бұл кешеннің жүктемесін арттырады және жобаның экономикалық тиімділігін жақсартады.

Сондай-ақ салық преференцияларын енгізу көзделеді: резидент емес үшін ҚҚС нөлдік ставкасын қолдану және «Бәйтерек» АҚ үшін корпоративтік табыс салығы бойынша жеңілдіктің қолданылу мерзімін ұзарту. Бұл шаралар қосымша бюджеттік қаржыландыру қажеттілігін болдырмауға бағытталған.

Қазақстандық тарап инфрақұрылымды жаңғыртуды, техникалық персоналды даярлауды және құлау аудандарын қамтамасыз етуді қоса алғанда, барлық міндеттемелерді орындайды. жобаның жалпы құнынан 90,8 млрд теңге болатын 2025 жылға 60,8 млрд теңге көлемінде қаржыландыру көзделген.

Ресей тарапы «Союз-5» тасымалдағыш зымыранды және ілеспе жабдықты дайындауды жүзеге асырады. «Бәйтерек» кешенінен алғашқы ұшыру 2025 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Заңның қабылдануы Қазақстанның ғарыш саласы үшін стратегиялық маңызға ие және жоғары технологиялар саласындағы ұлттық әлеует пен экспорттық мүмкіндіктерді нығайта отырып, ғарыш аппараттарын құрудан бастап оларды ұшыруға дейінгі толық циклды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заң 2025 жылы 4 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

6.1.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру және мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш.С. Бұқтұғұтов.

Заңның мақсаты инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау жүйесін одан әрі жетілдіру және жаңа технологиялар енгізу мен Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Заң 2 Кодекске және 10 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

«Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі мен «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорын «Астана Хаб» дербес кластерлік қорына (бұдан әрі – Қор) біріктіру шеңберінде ұғымдық аппаратты сәйкестікке келтіру, сондай-ақ Қордың функцияларын және инновациялық қызметті қолдау құралдарын онтайландыру бөлігінде және т. б. түзетулер енгізіледі.

Қорды қаржыландыруды жетілдіру бөлігінде мынадай түзетулер:

- Қордың мүлкін алымдар мен төлемдердің орнына мүшелік жарналар есебінен қалыптастыру;

- Қордың мүлкінен қатысушылардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық жұмыстарын және (немесе) жобаларын жыл сайын қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді орындау шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы жіберген ақшаны алып тастау көзделеді.

Венчурлік нарықты дамыту мақсатында венчурлік қорларды қоса қаржыландыру жөніндегі инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну мен іске асырудың тиімділігін бағалау тетігін енгізу, сондай-ақ жеке венчурлік инвесторларды қоса қаржыландыруды болдырмау бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Цифрлық платформаны - Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесін одан әрі дамыту шеңберінде инновациялық даму саласындағы ақпаратты беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органдарды айқындау жөнінде түзетулер енгізіледі.

Бұдан басқа, Заңда байланыс операторларының және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс желілері иелерінің статистикалық қызметті жүзеге асыру үшін абоненттер туралы иесіздендірілген деректерді мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға ұсынуына қатысты түзету көзделеді.

Заң 2025 жылы 11 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Жасанды интеллект туралы»

Заңды жүргізген депутат Б.Б. Аққожина.

Заң жасанды интеллект саласындағы реттеудің құқықтық жүйесін құруға, оның қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз етуге және инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған.

Заңның міндеттері жасанды интеллект саласындағы реттеудің негізгі ұғымдарын, принциптері мен тетіктерін анықтау, жасанды интеллект жүйелерінің жіктелуін және оларды қауіпсіз қолдануға қойылатын талаптарды белгілеу, жасанды интеллект ұлттық платформасының жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін құру болып табылады.

Заңда мынадай негізгі жаңашылдықтар көзделеді:

- заңдылықты, әділдікті, ашықтықты, жауаптылықты, адамның басымдығын, деректерді қорғауды және қауіпсіздікті қоса алғанда мемлекеттік реттеу қағидаттарын белгілеу;

- жасанды интеллект жүйелерін үш негізгі белгі бойынша жіктеуді белгілеу:

1) тәуекел дәрежесі бойынша: жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтатылуы пайдаланушыларға барынша аз әсер ететін тәуекел дәрежесі мейлінше төмен жүйелер; жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтатылуы қызмет тиімділігінің төмендеуіне, моральдық зиянға немесе материалдық залалға алып келуі мүмкін тәуекел дәрежесі орташа жүйелер; жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтатылуы азаматтардың қауіпсіздігі, экономикасы және тыныс-тіршілігі үшін төтенше жағдайды немесе елеулі жағымсыз салдарларды тудыруы мүмкін тәуекел дәрежесі жоғары жүйелер.

2) дербестік дәрежесі бойынша: дербестігі төмен – шешімдерді жүйе ұсынымдары негізінде адам қабылдайды; дербестігі орташа – жүйе адамның түзету мүмкіндігімен шешімдер қабылдайды; дербестігі жоғары – шешімдер адамның араласуынсыз толық автономды түрде қабылданады.

3) пайдалану режимі бойынша: ашық жүйелер – еркін пайдалану және түрлендіру үшін қолжетімді; жабық жүйелер – пайдаланушы келісімі шеңберінде пайдаланылатын қол жеткізілуі шектеулі; жергілікті жүйелер – ортақ пайдаланылатын желілерге қосылмай жұмыс істейді және қол жеткізілуі шектеулі деректерді өңдеу үшін қолданылады;

- жалған ақпараттың таралуын болдырмау үшін жасанды интеллект қызметінің нәтижелерін машина оқитын нысанда міндетті таңбалау тетігін бекіту;

- модельдерді әзірлеу және дерекнаманы қалыптастыру үшін негізгі инфрақұрылым ретінде қарастырылатын жасанды интеллект ұлттық платформасының жұмыс істеуі мәселелерін реттеу;

- жасанды интеллект жүйелерінен келтірілген зиянды өтеу және жасанды интеллект жүйелерін пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сақтандыру мүмкіндіктері туралы нормаларды белгілеу.

Сонымен қатар, заңда тәуекел дәрежесі жоғары жасанды интеллект сенімді жүйелерінің тізбесін жүргізу айқындалған.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жасанды интеллект жүйелерін құру және (немесе) пайдалану кезінде тыйым салынған функционалдық мүмкіндіктердің тізбесі көзделеді.

Бұдан басқа, Заңға қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін бірқатар түзетулер қабылданды.

Мәселен, жауапкершілікті сақтандырудың ерікті түрін қолдануды алып тастау қарастырылып отыр. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ерікті түрде сақтандырумен қатар жасанды интеллект жүйелері келтірген зиян үшін жауапкершілікті және оларды пайдалануға байланысты тәуекелдерді міндетті түрде сақтандыруды қолдану ұсынылады.

Бұдан басқа, Мәжіліс қабылдаған Заңда тәуекелдер анықталған жағдайда нұқсанды барынша азайту жөніндегі іс-қимылдармен шектелу көзделген. Түзетуге сәйкес, жасанды интеллект жүйелерінің иелері мен иегерлері мұндай қатерлерді болғызбау үшін нұқсанды да болдырмауға бағытталған жедел шаралар қабылдауы керек.

2025 жылы 23 қазанда Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б.Б. Аққожина.

Заңның мақсаты құқықтық жүйені цифрлық дәуір жағдайларына бейімдеуге, жасанды интеллект технологияларын қолдануды құқықтық реттеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ дербес деректер мен ақпараттық қауіпсіздікті қорғау деңгейін арттыруға бағытталған заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеттері:

- жасанды интеллект технологияларын түрлі салаларда пайдаланудың бірыңғай құқықтық тәсілдерін белгілеу;

- дербес деректерді өңдеу және қорғау процестерінің қауіпсіздігі мен айқындылығын қамтамасыз ету;

- жасанды интеллект технологияларына негізделген цифрлық өнімдермен және қызметтермен өзара іс-қимыл жасау кезінде жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды күшейту;

- ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық активтер айналымы саласында мемлекеттік бақылау және лицензиялау тетіктерін қалыптастыру болып табылады.

Заңда мынадай негізгі жаңашылдықтар көзделеді:

- жедел-ізвестіру қызметі саласында арнаулы техникалық құралдармен байланысты қызметті міндетті түрде лицензиялау енгізіледі, бұл тәуекелдер мен осалдықтардың төмендеуін қамтамасыз етеді;

- дербес деректер саласында автоматтандырылған өңдеу ұғымы нақтыланады, жалпыға қолжетімді көздерден деректерді мақсатсыз жинауға тыйым салынады, субъектінің келісімінсіз биометриялық деректерді

пайдалану шектеледі, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін деректерді міндетті түрде иесіздендіру көзделеді;

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында лицензиялау белгіленеді;

- масс-медиа саласында материалдарды тарату кезінде олардың жасанды интеллект жүйелерін қолдана отырып жасалғанын көрсету міндеті белгіленеді.

Сондай-ақ Заңда тауар айналымының айқындылығын арттыру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында тауарларды сәйкестендіруді оқу функциясы бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде пайдалану көзделген.

Бұдан басқа, Заңға қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін бірқатар түзетулер қабылданды.

2025 жылы 23 қазанда Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

4. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б.Б. Аққожина.

Заңның мақсаты мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жетілдіру және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа құрамын енгізу болып табылады.

Заңда мынадай негізгі жаңашылдықтар көзделеді:

- онлайн-сауданы қоса алғанда, сауда қызметіндегі бұзушылықтардың құрамы нақтыланды;

- энергетикалық сусындарды сатуға тыйымды бұзғаны, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға санкция қолданғаны үшін жауаптылық енгізіледі;

- бақылау-касса машиналарын қолдану саласында бақылау чегінде сәйкестендіру құралдарын міндетті түрде көрсету туралы талап енгізіледі, бұл таңбаланған тауарлардың қадағалануын қамтамасыз етеді;

- жасанды интеллект саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық белгіленеді;

- тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тиісті рұқсатсыз тартқаны үшін, сондай-ақ осындай объектілерді жарнамалағаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізіледі;

- тұрғын үй саласында инженерлік желілер мен жабдықтарды жылыту маусымына дайындау жөніндегі іс-шараларды өткізбегені үшін жауаптылық белгіленеді;

- респонденттермен өзара іс қимылдың тиімділігін арттыру үшін статистика органдары аумақтық бөлімшелерінің хабарламаларды электрондық нысанда жіберу мүмкіндігі көзделеді.

2025 жылы 23 қазанда Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

5. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә.И. Нәутиев.

Келісімнің мақсаты радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті арттыруға және физикалық қорғауды қамтамасыз ету қағидаттарын ескере отырып, радиоактивті материалдарды тасымалдауға қойылатын ұлттық талаптарды оңтайландыруға жәрдемдесу болып табылады.

Келісім радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау кезіндегі негізсіз кідірістерді болдырмауға, радиоактивті материалдардың трансшекаралық тасымалдануын бақылауды қамтамасыз етуге, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдаумен байланысты процестердің тұрақты жұмыс істеуіне бағытталған бірлескен іс-қимылдарды үйлестіруге бағытталған.

Келісімнің күші Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы жүзеге асырылатын радиоактивті материалдарды теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су және әуе көлігімен трансшекаралық тасымалдауға қолданылады.

Келісімге сәйкес радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау халықаралық шарттарға және Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдауға арналған шарт (келісімшарт) негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдауды жүзеге асыру үшін аумағы арқылы трансшекаралық тасымалдау жүзеге асырылатын жүк жөнелтушінің осы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес экспорт мемлекетінің, транзит мемлекетінің және межелі мемлекеттің уәкілетті органдары беретін рұқсат беру құжаттары болуға тиіс.

Бұдан басқа, радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдауға арналған шартта (келісімшартта) авариялардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар, ықтимал авария жағдайын сақтандыру және басқа да қаржылық кепілдіктер, сондай-ақ радиоактивті материалдарды физикалық қорғау үшін жауапкершілікті беру орны, күзет үшін жауапкершілікті беру тәртібі көзделеді.

Заң 2025 жылы 13 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне көмірсутектер мен уран саласында жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш.С. Бұқтұғұтов.

Заңның мақсаты жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, инвестициялық тартымдылықты арттыру, сондай-ақ мемлекеттің уран саласындағы мүддесін қорғау болып табылады.

Занда аз зерттелген аумақтарда геологиялық зерттеу жүргізу ерекшеліктері белгіленеді, олардың шеңберінде:

- аз зерттелген аумақтарға жататын учаскелерді қалыптастыру тетіктері;
- геологиялық зерделеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру мақсатында аз зерттелген аумақтар бойынша аукцион өткізудің жеделдетілген тәртібі;

- аз зерттелген аумақтарда барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар жасасу ерекшеліктері және олардың талаптары;

- келісімшартты ұзарту арқылы геологиялық зерттеу нәтижелері бойынша барлауға көшу құқығы көзделеді.

Занда сондай-ақ:

- Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттар бойынша сарқылуға айналған кен орындарына қатысты жер қойнауы учаскесін бөлу мүмкіндігі (қазіргі уақытта бөлуге тыйым салу көзделген);

- Үкіметтен жер қойнауының стратегиялық учаскелерінің тізбесін бекіту жөніндегі құзыретті уәкілетті органға беру;

- алыпсатарлық мәмілелерді барынша азайту мақсатында келісімшарт қолданысының алғашқы үш жылы ішінде көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану құқығын беруге тыйым салуды белгілеу;

- жер пайдаланушының көмірсутектер кен орны табылған жағдайда жер учаскесін немесе оның бір бөлігін мемлекетке қайтару жөніндегі міндеттемесін уақытша жер пайдалану (жалдау) шартының талаптарына енгізу;

- жер қойнауын пайдаланушыларды мұнай өндіруді ұлғайтудың арнайы әдістерін қолдануға ынталандыру шаралары;

- бір кен орнын бірнеше жер қойнауын пайдаланушылар игерген жағдайларда, олардың біреуінде жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде жер қойнауы учаскесін кеңейту мүмкіндігі;

- газ ресурстарының шектелуіне және газ кен орындарында өндірудің төмен рентабельділігіне байланысты газ (газ конденсаты) кен орындары үшін күрделі жоба бойынша үлгілік келісімшарт талаптарына көшу процесін оңайлату;

- жер қойнауын геологиялық зерттеуді өз қаражаты есебінен жүзеге асырған кезде әлеуетті инвесторлар үшін жер қойнауын пайдаланудың басым құқығын пайдалану мүмкіндігі;

- көмірсутектер саласындағы ұлттық компаниялардың бәсекелестікті дамыту мақсатында тікелей келіссөздер арқылы олардың сатып алу үшін жер қойнауы учаскелерін резервтеу мерзімін шектеу;

- Қазақстан Республикасының көмірсутектер қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясының әрекет ету мерзімін 2030 жылға дейін ұзарту көзделеді.

Сонымен қатар, Заңда уран саласын дамыту бойынша бірқатар түзетулер көзделеді. Мәселен, уранды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында айқындалған уранның кенденуі және (немесе) уран кенжатыны бар аумақта өтініш беруші ретінде уран саласындағы ұлттық компания ғана әрекет ете алады.

Заң 2025 жылы 4 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Е. Лұқпанов.

Заңның мақсаты Мемлекет басшысының барлық геологиялық ақпаратты жүйелеу мен цифрландыруға қатысты тапсырмаларын іске асыру болып табылады.

Заңмен геологиялық ақпараттың ашық дерекқоры бар саланың негізгі цифрлық инфрақұрылымы ретінде Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасын (бұдан әрі – Платформа) бекіту ұсынылады.

Платформа қатты және кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және өндіру саласындағы барлық бизнес-процестерді дерлік қамтиды.

Платформаны көмірсутектер саласындағы жер қойнауы туралы ақпаратты жинауға, сақтауға, талдауға және өңдеуге арналған Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесімен интеграциялау көзделеді.

Заңмен Ұлттық геологиялық қызметтің геологиялық ақпаратты басқару және Платформаны пайдалану жөніндегі оператор ретінде мәртебесі бекітіледі.

Сондай-ақ, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекске түзетулермен пайдалы қазбалар мен уранды барлау және өндіру операцияларын жүргізу кезінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесін 50%-дан 70%-ға дейін ұлғайту көзделеді.

Заңның жаңашылдықтарының бірі құны 14,5 млн. АЕК-тен асатын ірі өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыратын стратегиялық инвесторлар үшін пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіруге басым құқықты бекіту болып табылады. Осы жобаларды іске асыру үшін жер қойнауын пайдалану құқығы жобалар Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексте айқындалған талаптарға сәйкес келген жағдайда аукцион рәсімінен тыс берілетін болады.

Түзетулердің келесі блогы елді мекендердің аумағында техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектілерінде жер қойнауын пайдалану құқығын алуға қатысты. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қатты қазбаларды өндіруге лицензия алу шарттарының бірі алынған техногендік минералдық түзілімдерді елді мекендерден тыс жерлерге әкету және оларды кейіннен қайта өңдеу болып табылады.

Сондай-ақ, Заңда жер қойнауын пайдаланушыларға пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу жобаларын іске асыру кезінде инвестициялық преференциялар беруге қатысты түзетулер енгізу көзделеді. Жоғарыда аталған преференциялар жаңа Салық кодексінде ескерілген.

Пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісім жасалуы мүмкін жер қойнауын пайдаланушының инвестицияларының ең аз көлемі 7 млн.-нан 70 млн. АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Сондай-ақ Кодекске:

- есептілікте жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы мәліметтерді жасырғаны немесе көрінеу анық емес ұсынғаны үшін жауапкершілікті күшейту;

- жер қойнауын пайдалану салдарын жою рәсімдері кезінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның қатысуы;

- рұқсатсыз, сол сияқты берілген рұқсат талаптарын бұза отырып, пайдалы қатты қазбаларды барлау учаскесінде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақтың орнын ауыстыруға тыйым салу бөлігінде және басқа түзетулер енгізіледі.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі»

Заңды жүргізген депутат С.Т. Алдашев.

Кодекстің негізгі мақсаты сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманы кодификациялау, қолайлы инвестициялық орта құру, адамның өмір сүруі мен тіршілік етуіне қауіпсіз орта қалыптастыру, елді мекендердің қала құрылысын жоспарлау және оларды дамыту, сондай-ақ халықтың барлық санаттары үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекет басшысының сәулет, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы қызметті дамыту және жетілдіру жөніндегі тапсырмаларын орындау Кодексті әзірлеуге негіз болып табылады.

Кодекстің негізгі жаңашылдықтары:

- елді мекенді егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына екі жылда бір реттен асырмай түзету енгізу;

- құрылыс объектілерін жобалаудың барлық кезеңдерінде сейсмикалық шағын аймақтарға бөлу карталарын міндетті түрде пайдалану;

- сейсмикалық қауіп-қатерлерді бағалау мақсатында құрылыс объектілерін паспорттау;

- құрылыс саласына Бірыңғай құрылыс порталы нысанында цифрландыруды енгізу;

- Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы қала құрылысы жобаларының іске асырылуын бақылау;

- мемлекеттік нормативтік құжаттар жүйесін кодификациялау мақсатында Техникалық нормалау ұлттық институтын енгізу;

- жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын қолдану арқылы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауы функцияларын және жауапкершілікті күшейту;

- қала құрылысын жоспарлау мәселелері бойынша қоғамдық бақылауды күшейту;

- ұлттық заңнаманың ерекшеліктерін ескере отырып, құрылыс саласындағы мамандарды (сарапшыларды) сертификаттауды енгізу, сондай-ақ мамандарды сертификаттаудан өткізу нәтижелері бойынша бірыңғай цифрлық тізілімді енгізу;

- құрылыс объектісін мониторингілеу мақсатында мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылатын құрылыс объектісінің бірегей нөмірін енгізу;

- бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерде «толық бітіріп берілетін» құрылыс жобаларын іске асыру;

- құрылыс объектілерінің кепілдік мерзімін ұлғайту;

- азаматтардың барлық санаттары үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ететін құрылыстағы нормативтік құжаттарды міндетті есепке алу;

- көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің түгендеу тізбесін міндетті түрде жасай отырып, пайдалануға қабылданып алынған көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиум объектісін міндетті тіркеу;

- құрылыс объектілерінің техникалық жай-күйіне пайдалану мақсатында бақылау енгізу;

- аяқталмаған құрылыс объектілерінің мемлекеттік тізілімін енгізу;

- халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту бағытында ескірген және (немесе) авариялық құрылыс объектілерін реновациялау;

- құрылыс объектілерін кейіннен кәдеге жарату (сүру) жөніндегі ережелерді енгізу;

- мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органының және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдауға қатысуы;

- облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, облыстық маңызы бар қалалар, аудан мәслихаттарының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіндегі құзыреттерін нақтылау;

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері жанынан сәулет-қала құрылысы кеңестерін қалыптастыру.

Сонымен бірге Кодексте:

- сертификаттаудан өтуге үміткер кандидаттарды сертификаттаудан өткізу және оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейтін;

- мемлекеттік сараптама ұйымының жобалау саласында консультациялық қызметтер көрсету тәртібі мен құнын айқындайтын қағидаларды әзірлеу белгіленеді.

Кодексті қарау барысында қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар көзделетін бірқатар түзетулер қабылданды.

Осылайша, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның құзыретінен мемлекеттік сараптама ұйымының жобалау саласында консультациялық қызметтер көрсету тәртібі мен құнын айқындайтын қағидаларды әзірлеуді және бекітуді алып тастау көзделеді.

Бұдан басқа сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның құзыретінен республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстың бас сәулетшілерін тағайындауды келісу жөніндегі норма алып тасталады.

Жер кодексіне сәйкес келтіру мақсатында аудан әкімдіктерінің құзыретінен белгіленген тәртіппен жер учаскелерін беру құқығы алып тасталады.

Кодекс мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын құрылыс объектілері үшін міндетті болып табылатын, «бір терезе» қағидаты бойынша жобаларды әзірлеу мен оларға сараптама жүргізуді ұйымдастыруға арналған порталда құрылыс объектілері бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу процесін ұйымдастыру жөніндегі нормамен толықтырылады.

Сонымен бірге пайдаланушының міндетінен жеке тұрғын үй құрылысы аумағында әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу мен пайдалануды қаржыландыруды алып тастауды көздейтін өзгеріс енгізіледі.

Сонымен қатар, Кодексте мердігердің (бас мердігердің) меншік иесімен тең дәрежеде құрылыс объектісін кейіннен кәдеге жарату (сүру) жөнінде шешім қабылдауға құқығы бар екендігін көздейтін норма көзделеді, бұл ретте мердігердің мұндай шешімдер қабылдау үшін заңды негіздері жоқ.

Бұдан басқа, сел, көшкін және қар көшкіні қауіптілігі мен қауіп-қатерлерінің карталарын олар болған кезде ғана 2030 жылға дейін қолдануға бағытталған ережелерді тоқтата тұруды көздейтін норманы нақтылау ұсынылады.

2025 жылы 25 желтоқсанда Кодексті қарау барысында Кодекстің жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Кодексті Мәжіліске қайтару ұсынылды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Т. Алдашев.

Заңның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін Құрылыс кодексімен сәйкестендіру, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, санитарлық-қорғау аймақтары, астанадағы көліктік жоспарлау және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелерін реттеу болып табылады.

Заңмен Қазақстан Республикасының 12 кодексіне және 21 заңына (Азаматтық, Жер, Орман, Кәсіпкерлік, Әлеуметтік кодекстеріне, «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Азаматтық қорғау туралы», «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» және т. б.) түзетулер енгізіледі.

Заңның негізгі жаңашылдықтары:

- тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдіктерін беру арқылы ескірген және авариялық үйлер тұрғындарының құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында реновациялаудың жаңа тетігін енгізу;

- жеке және заңды тұлғаларға сейсмикалық шағын аймақтарға бөлу карталарын, сондай-ақ сел мен көшкін қаупі бар учаскелердің карталарын есепке алмай, сейсмикалық аймақтарда құрылыс мақсаттары үшін жеке меншікке және уақытша жер пайдалануға жер учаскелерін беруге тыйым салу;

- оны растау қажеттілігінсіз пайдалануға берілген объектілердің санитарлық-қорғау аймақтарын белгілеудің екіден бір сатылы рәсіміне көшу;

- «әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер» ұғымын енгізу;

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында жосықсыз құрылыс салушылардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу бойынша құзырет беру;

- мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар берудің немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтудың бірыңғай тәртібін енгізу;

- ең жоғары массасы автокөлік құралының белгіленген рұқсат етілген жалпы салмағынан асатын самосвалмен жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары мен елді мекендердің көшелері бойынша жүктерді тасымалдауға тыйым салуды алып тастау;

- тұтыну кооперативтерінің көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару, мемлекеттік тіркеуге жататын тұрғын үйлер мен мүліктің өзге де түрін сатып алу жөніндегі қызметін, сондай-ақ тұтыну кооперативі мүшелерінің санын шектеу.

Заңды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында қарау барысында тұрақты комитеттер қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру бөлігінде мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізді, оның ішінде жосықсыз құрылыс салушылар тізілімін іске асыру тетігін егжей-тегжейлі пысықтау мақсатында осы нормаларды 2026 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтата тұру ұсынылады.

2025 жылы 25 желтоқсанда Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

10. «Қазақстан Республикасының Цифрлық Кодексі»

Заңды жүргізген депутат Л.Т. Рысбекова.

Кодекс цифрлық деректер мен цифрлық объектілерді құру, олардың айналымы, сақтау, беру және пайдалану кезінде туындайтын цифрлық ортадағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Кодекстің міндеттері цифрлық ортадағы құқықтық реттеудің негізгі ұғымдарын, қағидаттары мен тетіктерін айқындау, цифрлық ортаның орнықты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, цифрлық ортадағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың барлық салаларының цифрлық трансформациясын құқықтық қамтамасыз ету болып табылады.

Кодекс 19 тарауды қамтитын 6 бөлімнен тұрады.

Кодексте мынадай негізгі жаңашылдықтар көзделеді:

- жеке деректерді алып тастауды, анонимдеуді және өңдеуді шектеу құқығын қоса алғанда, адамның цифрлық құқықтарын заңнамалық бекіту;

- уәкілетті маманның (мамандардың) қатысуымен цифрлық орта субъектісінің алгоритмдік жүйелерді пайдалана отырып қабылданған шешімдерді қайта қарау құқығын белгілеу;

- биометриялық деректерді қолдануды және биометриялық аутентификацияны құқықтық реттеу, оған сәйкес биометриялық деректерді міндетті түрде өңдеуге және биометриялық аутентификацияны жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ғана жол беріледі;

- технологиялық бейтараптық, цифрлық этика және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын бекіту;

- мүгедектігі бар адамдар мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін цифрлық технологиялардың, өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды белгілеу.

Сонымен қатар, Кодекс цифрлық жазбаларды, цифрлық активтерді, цифрлық ресурстарды, цифрлық платформаларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, цифрлық жүйелерді, цифрлық инфрақұрылым объектілерін, цифрлық деректер өнімдерін қоса алғанда, цифрлық объектілердің құқықтық мәртебесін нақтылайды және бекітеді.

Сондай-ақ, Кодексте электрондық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжаттардың және қағаз жеткізгіштердегі құжаттардың заңдық баламалылығы көзделеді.

Кодекстің жеке тарауы жоспарлау, құру, тәжірибелік пайдалану, киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынау, өнеркәсіптік пайдалануға енгізу, дамыту, түрлендіру, архивтеу және пайдаланудан шығару кезеңдерін қамтитын цифрлық үкіметтің цифрлық объектілерінің өмірлік циклін реттейді.

Кодекс сонымен қатар жаңа технологиялық шешімдерді қолдануды реттейді, оның ішінде:

цифрлық технологияларды пайдалана отырып, белгілі бір мән-жайлар туындаған кезде тараптар алдын-ала келіскен шарттарды автоматты түрде орындауды көздейтін смарт-келісімшарттар;

басқару, инфрақұрылым және қызмет көрсету цифрлық деректер мен жасанды интеллект технологиялары негізінде ұйымдастырылған смарт-қалалар мен қаланың смарт-өңірлері және өңірлер реттеледі.

Бұдан басқа, Кодекс электрондық үкімет моделінен цифрлық үкімет моделіне көшуді бекітеді, бұл жария басқару жүйесіне көзқарастардың сапалы өзгеруін – электрондық қызметтерді ұсынудан деректерге және кешенді цифрлық архитектураға негізделген басқаруға өзгергенін көрсетеді.

Заң 2025 жылы 25 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Занды жүргізген депутат Л.Т. Рысбекова.

Заңның мақсаты цифрлық дәуір жағдайларына бейімдеуге бағытталған, мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру, тиісті құқықтық реттеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ дербес деректер мен киберқауіпсіздікті қорғау деңгейін арттыру болып табылады.

Заңның міндеттері цифрлық өнімдермен және көрсетілетін қызметтермен өзара іс-қимыл жасау кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды күшейту, мемлекеттік бақылау, оның ішінде көлік және киберқауіпсіздік саласындағы тетіктерді қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Заңда мынадай негізгі жаңашылдықтар көзделген:

- мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін есептеу және тоқтата тұру институттары енгізіледі;

- байланыс операторларына ішкі антифрод-жүйелерді енгізу, сондай-ақ киберқатерлерді анықтау мен болдырмау және киберқауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында рұқсат етілмеген трафикті бұғаттау жөніндегі міндеттер жүктеледі;

- жекешелендіру объектілерінен мүліктік кешендер ретінде мемлекеттік кәсіпорындары алып тасталады, бұл сатып алынған мемлекеттік кәсіпорынды заңды тұлға ретінде тарату қажеттілігіне байланысты сатып алушыларға жүктемені азайтуға мүмкіндік береді;

- ҚР жасанды интеллект саласындағы заңнамасына сәйкес жасанды интеллектінің жергілікті жүйелеріне жататын Жасанды интеллект жүйелерінің ұлттық әл-ауқат қоры директорлар кеңесінің қызметіне рұқсат беру көзделеді.

Сондай-ақ, заңда азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық оқиғаларын және оқыс оқиғаларын тергеп-тексеруді ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйым құру көзделеді.

Кәсіпкерлікті қаржыландыру құралдарын кеңейту мақсатында Заңда мемлекетті қоса алғанда, қатысушылар арасында қаржылық тәуекелдерді бөлуге негізделген қарыздарға кепілдік беру тетіктерін дамыту көзделеді, бұл кәсіпкерлік жобаларға қолжетімділікті арттыруға және оларда қаржыландыру жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік активтерді басқарудың нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру мақсатында Заңмен мемлекеттік мүлікті басқару тәсілдері жетілдіріледі, ал мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға қосымша функциялар беріледі.

Заңда сондай-ақ, кейіннен ҚР Қаржы министрлігінің қаржылық есептілік депозитарийі арқылы жібере отырып, бағалау туралы есептердің сканерленген көшірмелерін беру міндеттемелерін бағалаушылар үшін белгілеуді қоса алғанда, бағалау және аудиторлық қызметті цифрландыру көзделеді.

Бұдан басқа, Заңның бірқатар түзетулері қолданыстағы заңнамалық актілерді ҚР Цифрлық кодексінде көзделген жаңа терминологияға сәйкес келтіруге бағытталған.

2025 жылы 25 желтоқсанда Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

12. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Л.Т. Рысбекова.

Заңның мақсаты мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жетілдіру, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын енгізу болып табылады.

Заңда мынадай негізгі жаңашылдықтар көзделеді:

- ескертуге алып келетін әкімшілік құқық бұзушылықтарды автоматты тіркеуді қолдануға кедергі келтіретін құқықтық шектеулер жойылады, бұл автоматты тіркеуді қолдану аясын кеңейтуге, әкімшілік жүктемелерді төмендетуге және әлеуметтік тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді;

- техникалық ақаулықтан немесе еңсерілмейтін күштің әсерінен болған жағдайларды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы, ҚР Мемлекеттік шекарасы арқылы және (немесе) ҚР аумағы арқылы өтетін көлік құралын, сондай-ақ тауар ретінде өткізілетін көлік құралдарын тауарларды өткізу орындарында, мемлекеттік кірістер органдарының талап етуі бойынша тоқтатпағаны үшін жауаптылық белгілеу;

- ақпаратты Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізбегені, уақтылы енгізбегені не анық енгізбегені үшін жауаптылық белгіленеді, ол жұмыспен қамту деректерінің анықтығын қамтамасыз етуге, еңбек дауларының азаюына және жұмыс берушілердің тәртібін нығайтуға ықпал ететін болады.

Бұдан басқа, Заңның бірқатар түзетулері қолданыстағы нормаларды ҚР Цифрлық кодексінде көзделген жаңа терминологияға сәйкес келтіруге бағытталған. Сенаттың тұрақты комитеттерінің Заң тұжырымдамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Заң 2025 жылы 25 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6.1.5. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

1. «Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны (131-конвенция) ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат Ә.Қ. Рахметова.

Заңның мақсаты Халықаралық Еңбек ұйымының Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенциясын (131-конвенция) (бұдан әрі – Конвенция) ратификациялау болып табылады.

Конвенция еңбек жағдайлары осындай жүйеге қолданылуы мүмкін жалдамалы жұмыскерлердің барлық тобын қамтитын Халықаралық еңбек ұйымының әрбір мүшесін ең төмен жалақыны белгілеу жүйесін енгізуге міндеттейді. Ол үшін мынадай жалпы қағидаттар белгіленеді: ең төмен жалақы жүйесін ендіру, ең төмен жалақыны белгілеу және қайта қарау кезінде әлеуметтік әріптестік тараптарының қатысуы, ең төмен жалақыны айқындау кезінде экономикалық факторлар мен жұмыскерлердің қажеттіліктерін есепке алу және еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілікке тыйым салу.

Заңның міндеті – ең төмен жалақыны айқындауға Қазақстанның қолданыстағы тәсілдерін халықаралық деңгейде бекіту және әлеуметтік диалогтың құқықтық базасын, әсіресе тараптардың ең төмен жалақыны белгілеуге қатысуы бөлігінде нығайту болып табылады.

Заңның қабылдануы теріс саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық және өзге де салдарларға, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржылық шығындарға алып келмейді.

Занды қабылдаудың нәтижесінде Халықаралық еңбек ұйымына мүшелік шеңберінде Қазақстанның халықаралық міндеттемелерге адалдығын растауға қол жеткізілетін болады және ең төмен жалақы деңгейін белгілеу кезінде әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық негізділік арасындағы теңгерім қамтамасыз етіледі.

Заң 2025 жылы 9 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасынан келген жұмыскерлерді Қатар Мемлекетінде жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат Р.Р. Рүстемов.

Заңның мақсаты 2024 жылғы 14 ақпанда Доха қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасынан келген жұмыскерлерді Қатар Мемлекетінде жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімде Қазақстан азаматтарының Қатар Мемлекетінде жұмысқа орналасуын құқықтық реттеу көзделеді. Ол үшін мынадай рәсімдер: қазақстандық азаматтарды іріктеу, жұмысқа қабылдау және олардың жұмысқа орналасу кезіндегі құқықтарын айқындау белгіленеді. Сондай-ақ келісімге

қосымша ретінде Қазақстан Республикасынан келген жұмыскерлерді Қатар Мемлекетінде жалдау туралы үлгілік еңбек шарты (бұдан әрі - Үлгілік еңбек шарты) бекітіледі.

Үлгілік еңбек шартта Қатар Мемлекетінің заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің тұрғын үй беру немесе тұруға жәрдемақы төлеу, жұмыс орнына дейін және кері қайту үшін тегін көлік ұсыну не көлік жәрдемақысын төлеу, медициналық қызмет көрсету және жыл сайынғы демалысты қоса алғанда, жұмыскерлерді жұмысқа орналастырумен қамтамасыз ету міндеттері көзделеді. Үлгілік еңбек шартқа Қатар Мемлекетіндегі жұмыс берушінің қандай да бір өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

Келісімнің орындалуын үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қатар Мемлекетінің Еңбек министрлігі өкілдерінен бірлескен комитет құрылады.

Заңның міндеті: Қазақстан Республикасы азаматтарының Қатар Мемлекетінде жұмысқа орналасуын екі елде де қолданылатын тиісті заңдарға және рәсімдерге сәйкес реттеу болып табылады.

Заңның қабылдануы теріс саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық және өзге де салдарларға, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржылық шығындарға алып келмейді.

Заңды қабылдау нәтижесінде Қатар Мемлекетіне жұмысқа орналасуға баратын Қазақстан азаматтарының құқықтық және әлеуметтік қорғалуы қамтамасыз етілетін болады.

Заң 2025 жылы 9 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Т.Т. Жүнісов.

Заңның мақсаты мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау салаларындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Атап айтқанда Заңда мынадай жаңашылдықтарды енгізу көзделеді:

- жергілікті атқарушы органдарға кітапхана қорларын сақтау және дамыту құзыреті берілді;

- мемлекеттік кітапханаларға кітапхана үй-жайларын ұсына отырып, білім беру және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтер көрсетуге мүмкіндік берілді;

- телевизиялық жазбаларды және ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге арнайы бейімделмеген және арналмаған өзге де орындарды қоспағанда, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылардың, сондай-ақ шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың концерттік іс-шараларды өткізу кезінде дауыс (вокалды) фонограммаларын пайдалануына тыйым салынды;

- атақты тұлғалардың құрметіне жеке білім беру ұйымдарына атаулар беру және қайта атау бойынша ономастикалық комиссиямен келісу рәсімі енгізілді;

- халықаралық ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарына, сондай-ақ оларды дайындаған педагогтарға біржолғы төлем енгізілді;

- мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен оқыған, мемлекеттік жәрдемақы алушылар болып табылатын және мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған немесе I топтағы мүгедектігі бар адамдарға күтім жасайтын адамдарды міндетті түрде жұмыспен өтеуден босату енгізіледі;

- шетелдік білім беру ұйымдарында резидентураға (ординатураға), магистратураға, аспирантураға, докторантураға түскен және оқуын аяқтаған адамдарға оқу кезеңінде жұмыспен өтеу бойынша кейінге қалдыру беріледі;

- бала асырап алу, қорғаншылық және қамқоршылық тәртібін жетілдіру жөніндегі нормалар қаралды;

- мемлекеттік мектептерді салу және күрделі жөндеу бөлігінде білім беру саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері нақтыланды.

Сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті мына бөліктерде:

- 1-ші сынып оқушыларына арналған бейімдеу бағдарламасын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесін бекіту де;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын саралауды жүргізу де кеңейтілді.

Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесін;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын саралау қағидаларын;

- Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік оқу орындары және (немесе) олардың филиалдары қызметінің қағидаларын және олардың ынтымақтастық нысандарын бекіту жөніндегі құзыреті кеңейтілді.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындары мен колледждер үшін олардың қызметінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесі негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу жөніндегі норма қаралды.

Заң мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау салаларын реттеудің нормативтік негізін тұжырымдамалық тұрғыдан өзектендіруге мүмкіндік береді және ұлттық заңнама мен оның құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

2025 жылы 6 қарашада Заңды қарау барысында Заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптарды жаңа редакцияда енгізу туралы ұсыныспен Заңды Мәжіліске қайтару ұсынылды.

4. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Челябі мемлекеттік

университеті» жоғары білім берудің федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі Қостанай филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның негізгі мақсаты 2024 жылғы 27 қарашада Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім берудің федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі Қостанай филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімді ратификациялау жоғары білім беру саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық және халықаралық өзара іс-қимылды тереңдету мақсатында Челябин мемлекеттік университетінің Қостанай қаласындағы филиалының қызметін және жұмыс істеу шарттарын реттеуге мүмкіндік береді.

Келісімде мыналар көзделеді:

- филиалда Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Ресей Федерациясының федералдық мемлекеттік талаптарына сәйкес қазақ, орыс және басқа тілдерде оқыту;

- екі мемлекеттің заңнамасына сәйкес міндетті лицензиялау және аккредиттеу;

- білім беру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- екі елдің заңнамасын ескере отырып, жоғары оқу орындарына абитуриенттерді қабылдауға талаптар қою;

- филиалдың қаражаты және тараптардың заңнамасында көзделген өзге көздердің есебінен қаржыландыру.

Келісімді іске асыру республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді, өйткені филиал өз қызметін білім беру қызметтерін өтеулі көрсету есебінен жүзеге асыратын болады, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді.

Занды қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер: құқықтық белгісіздікті жою, филиалдың қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру, студенттер мен оқытушылардың құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту.

Заң 2025 жылы 27 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Занды жүргізген депутат А.Ж. Қапбарова.

Заңның мақсаты тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Атап айтқанда, Заңда мынадай жаңашылдықтарды енгізу көзделген:

- тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау жүйесін жетілдіру. Бұл бағытта лицензияның екі түрін 5 жыл мерзімге беру регламенттелетін болады, олардың бірінші түрі - тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызмет, ал екінші түрі - археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

- археологиялық жұмыстарды үйлестіру және археологиялық жұмыстарды жүзеге асыратын тұлғаларды ғылыми-консультациялық, ақпараттық-талдамалық қолдау үшін Ұлттық археологиялық қызметті құру және оның жұмысын регламенттеу;

- археологиялық жұмыстар барысында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері туралы деректерді жинақтау үшін Археологиялық жұмыстар жөніндегі бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе құру;

- жалпы археологиялық олжалар мен археологиялық материалдарды орталықтандырып жинау, шоғырландыру және сақтау үшін Жалпы археологиялық олжалар мен археологиялық материалдардың мемлекеттік қоры мен ұлттық депозитарийін құру;

- тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мақсатында жер учаскелерін беру тәртібін жетілдіру;

- жергілікті атқарушы органдардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау бойынша құзыреттерін күшейту;

- археологиялық жұмыстардың түрлерін олардың ерекшеліктері мен қаржыландыру тетіктерін ескере отырып, жоспарлы және жоспардан тыс (алдын алу) археологиялық жұмыстарға бөлу;

- археологиялық олжалар мен археологиялық материалдарды беру, сақтау және пайдалану тәртібін реттеу;

- археологиялық жұмыстар жүргізу кезінде техникалық құралдарды пайдалану тәртібін регламенттеу.

Бұдан басқа, Заңда кәмелетке толмағандарға білім беру және сауықтыру қызметтерін көрсететін қосымша білім беру ұйымдарының қызметін жетілдіру жөніндегі нормалар көзделген.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Занды жүргізген депутат Р.Р. Рүстемов.

Занды қабылдау мақсаттары архив ісі саласындағы заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік архивтер қызметінің тиімділігін арттыру және балалардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Заңмен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 12 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заңда «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының архив құжаттарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану саласындағы қолданылу аясын кеңейту, тәжірибелік-конструкторлық, жобалық-сметалық және қала құрылысы құжаттамаларын, олардың сызбалары мен мәтіндік жазбаларын қоса отырып, Ұлттық архив қорының құрамын ұлғайту көзделеді. Жеке тұлғаның жекеше өмірі, жеке және отбасылық құпиясы туралы мәліметтерді қамтитын Ұлттық архив қорының құжаттарына және басқа да архивтік құжаттарына қол жеткізуді аталған құжаттар жасалған күннен бастап жетпіс бес жыл мерзімге шектеуді белгілейтін норма енгізіледі.

Заңда уәкілетті орган айқындаған тәртіппен электрондық нысанда ұйымдастырылған және сақталатын, электрондық архивтік құжаттардың және архивтік құжаттардың электрондық көшірмелерінің жиынтығы болып табылатын құжаттарды жүргізу және оларды цифрлық архивқа сақтауға беру тәртібі регламенттеледі.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеке және заңды тұлғалардың бірлесіп қаржыландыруды қоса алғанда, бюджет қаражаты есебінен жасалатын және тарихи-мәдени мен ғылыми құндылығы бар аудиовизуалды құжаттардың міндетті даналарын мемлекеттік архивтерге беруі жөніндегі нормасы бекітілген.

Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мақсатында Заңда ашық кеңістікте, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникация желілері мен онлайн-платформаларды пайдалана отырып, педофилия мен дәстүрлі емес сексуалдық бағдарды насихаттайтын ақпаратты орналастыруды шектеу жөніндегі нормалар көзделген.

Заң қабылданған кезде күтілетін нәтижелер Ұлттық мұрағат қорының және Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының сақталуын қамтамасыз ету, цифрландырылған құжаттардың үлесін ұлғайту және өскелең ұрпақтың санасын құқыққа қайшы контенттен қорғау болып табылады.

Заң 2025 жылы 18 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасындағы Қазақстанда ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның негізгі мақсаты 2025 жылғы 19 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасындағы Қазақстанда ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім тау мұздықтарын, қар мен мәңгілік тоңды зерттеу, сондай-ақ олардың климаттың өзгеруі жағдайында өңірдің су ресурстарына әсерін бағалау саласындағы халықаралық ғылыми ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған.

Келісім:

- ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін сегіз жыл мерзімге қайта жалғастыруды;

- Орталық Азияның гляциология және су ресурстары саласындағы орталығының ғылыми-зерттеу, білім беру және үйлестіру қызметін қамтамасыз етуді;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ЮНЕСКО-ның және өңір мемлекеттерінің өкілдерін қамтитын басқарушылар кеңесін қалыптастыруды;

- халықаралық сарапшылардың қатысуымен бірлескен жобалар, семинарлар мен оқыту бағдарламаларын өткізу мүмкіндігін;

- мұздықтарды мониторингілеу және сақтау саласында ғылыми деректермен ашық алмасуды қамтамасыз ету және заманауи технологияларды ілгерілетуді көздейді.

Заң қабылданған кезде гляциология ғылымының одан әрі дамуы және өңірлік және жаһандық деңгейде климаттың өзгеруінің мұздықтарға, қар және су ресурстарына салдарын ғылыми тұрғыдан түсінудің жақсаруы, гляциология, тау криосферасы, гидрология және климатология проблемалары бойынша зерттеулердің дамуы, су және азық-түлік қауіпсіздігі проблемаларын шешу күтіледі.

Заң 2025 жылы 25 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А.С. Арғынбекова.

Заңның мақсаты медицина қызметкерлері мен жедел медициналық жәрдем көліктері жүргізушілеріне қатысты зорлық-зомбылықтан құқықтық қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Заңмен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жаңа 380-3-баппен «Медицина қызметкеріне немесе жедел медициналық жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе оны қолдану» толықтырылады, онда медицина қызметкерінің немесе жедел медициналық жәрдем көлігі жүргізушісінің қызметтік немесе кәсіптік міндеттерін орындауы кезінде немесе орындауына байланысты не оларды орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың өмірі мен денсаулығына қатысты күш қолдану қатерін төндіргені немесе күш қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделеді. Осыған орай мынадай нормалар ұсынылады:

- медицина қызметкерлеріне және жедел жәрдем бригадаларының жүргізушілеріне қатысты күш қолдану қатерін төндіргені үшін

200-ден 500 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 300 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту не екі жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделеді. Ауырлататын мән-жайлар болған кезде екі жылдан үш жылға дейін бас бостандығын шектеу не бас бостандығынан айыру;

- адам өміріне және (немесе) денсаулығына қауіпті емес күш қолданған кезде 500-ден 1000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу не болмаса сол мөлшерде түзету жұмыстарына, не 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, не 2 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделеді. Егер іс-әрекет ауырлататын мән-жайлар кезінде жасалса, жаза 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде қатаңдатылады;

- адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін күш қолданылған кезде 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолданылады. Ауырлататын мән-жайлар болған кезде 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделеді.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 187-бабының 2-бөлігі және 191-бабының 2-бөлігі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 380-3-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ішкі істер органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтау жөніндегі құзыретін айқындауға бағытталған нормалармен толықтырылады.

Заңды қабылдау нәтижесінде медицина қызметкерлерінің және жедел медициналық жәрдем көлігі жүргізушісінің қызметтік немесе кәсіптік міндеттерін орындауы кезінде оларды зорлық-зомбылықтан құқықтық қорғау қамтамасыз етіледі және қауіпсіз жұмыс ортасы құрылады, көрсетілетін қызметтердің сапасы артады.

Заң 2025 жылы 25 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6.1.6. АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ КОМИТЕТІ

1. «1992 жылғы Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға Су және денсаулық проблемалары туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Занды жүргізген депутат Ж.Ә. Жөргенбаев.

Заңның мақсаты 1999 жылғы 17 маусымда Лондонда қабылданған 1992 жылғы Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға Су және денсаулық проблемалары туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Хаттама су ресурстарын тұрақты басқару есебінен, сондай-ақ сумен байланысты аурулардың таралу дәрежесін болдырмау және шектеу арқылы халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған құжаттың негізгі мақсаттары Орнықты даму саласындағы мақсаттармен стратегиялық тұрғыдан ұштасады.

Хаттаманың қолданыс аясы жерүсті тұщы суларына, жерасты суларына, эстуарийлерге, акваөсіру үшін пайдаланылатын жағалау маңы суларына, шомылуға қолжетімді тұйықталған суларға, тарту, тасымалдау, тазарту немесе жабдықтау процесіндегі суларға, сарқынды суларға қолданылады.

Хаттама бойынша елдердің негізгі міндеттемелері:

- сумен жабдықтау, санитария, гигиена және денсаулық сақтау бойынша нақты және өлшенетін нысаналы көрсеткіштерді белгілеу;

- сумен байланысты ауруларды қадағалау және олардың ерте алдын алу жүйелерін құру және жетілдіру;

- ден қою бойынша қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген төтенше жағдайларда іс-қимыл жоспарларын әзірлеу;

- халықты қолданыстағы санитариялық-гигиеналық талаптарға сай сумен қамтамасыз ету бөлігінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту;

- шешім қабылдау процесіне жұртшылықты тарту және су шаруашылығы қызметінің барлық кезеңдерінде халықтың хабардарлығын арттыру;

- су ресурстарын қорғау және пайдалану, санитария және денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осы Хаттама шеңберінде Қазақстан Конвенцияның институционалдық құрылымына қосылады, қауіпсіз ауыз суды дайындау және жеткізу, сондай-ақ сарқынды суларды кәдеге жарату және қайта пайдалану саласындағы озық технологиялар мен білімдерге қол жеткізе алады, бірлескен қадағалау және ерте алдын алу жүйелерін, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеуге қатыса алады.

Заң 2024 жылы 27 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

VII. СЕНАТ КОМИТЕТТЕРІ ӨТКІЗГЕН ІС-ШАРАЛАР

(2025 жылғы 2 қыркүйек – 31 желтоқсан)

Комитеттің атауы	Үкімет сағаты	Көшпелі іс-шаралар	Дөңгелек үстелдер және басқа	Кездесулер	Барлығы
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті		2	4	1	7
Қаржы және бюджет комитеті		2	4	3	9
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті		4		2	6
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті		5	7	2	14
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті		3	4		7
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	1	2	3	3	9
Барлығы:	1	18	22	11	52

ҮКІМЕТ САҒАТЫ- 1

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 1

2025 жылғы 12 желтоқсан – «Қазақстан Республикасының ветеринариялық қызметі: жай-күйі және даму перспективалары» тақырыбындағы Үкімет сағаты.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ –18

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 2

2025 жылғы 18 қараша – «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау: құқық қолдану практикасы мәселелері» тақырыбындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қ. қылмыстық істер жөніндегі мамандырылған ауданаралық соты).

2025 жылғы 25 қараша – Сот-сараптама қызметі саласындағы өзекті мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрімен кездесу (Астана қ. Сот сараптамасы орталығы).

Қаржы және бюджет комитеті – 2

2025 жылғы 3 қазан – Жаңартылған заңнама талаптарына сәйкес Ақмола облысында бюджеттік процесті іске асыру мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Ақмола облысы).

2025 жылғы 9-11 қазан – Жаңартылған заңнама талаптарына сәйкес Қызылорда облысында бюджеттік процесті іске асыру мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Қызылорда облысы).

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 4

2025 жылғы 17-18 қазан – Шекарадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері бойынша «Қордай» шекара заставасына Комитеттің шығуы (Жамбыл облысы).

2025 жылғы 21 қазан – Әскери тәртіптің жай-күйі мен әскери қызметшілері арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары мәселелері бойынша отырысын дайындау шеңберінде 68665 ә/б-ге және Әскери полицияның бас басқармасына Комитеттің шығуы (Астана қ. 68665 ә/б және Әскери полицияның бас басқармасы).

2025 жылғы 12 қараша – Комитет мүшелерінің «Қазаэронавигация» РМК-ға жұмыс сапары.

2025 жылғы 2 желтоқсан – «Ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастырудағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери-

тарихи мұраның рөлі: музей экспозициясының маңызы» тақырыбында Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Әскери-тарихи мұражайына бару (Астана қ.).

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 5

2025 жылғы 2-4 қазан – Комитеттің мәслихаттармен өзара іс-қимылдың басым бағыттары бойынша, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі жұмыс тобы шеңберінде өңірлік мәселелерді шешу мақсатында Ақтөбе облысына Комитеттің шығуы (Ақтөбе қаласы).

2025 жылғы 7 қазан – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның өнеркәсіпті ынталандыру жөніндегі ұлттық институт ретінде қызметі мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ).

2025 жылғы 21 қараша – Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде өнеркәсіпті және елішілік құндылықты дамыту жөніндегі ұлттық институт ретінде «Qazindustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығына» АҚ қызметі мәселелері жөніндегі Комитетінің көшпелі отырысы («Qazindustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ).

2025 жылғы 24-25 қараша – Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде индустриялық аймақтағы (Қарағанды облысының Саран қ. базасында) өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметі мәселелері жөніндегі Комитеттің шығуы (Қарағанды облысы).

2025 жылғы 25 қараша – «Қазақстан Республикасында машина жасау саласын дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел (Қарағанды облысы, Саран қ.).

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 3

2025 жылғы 31 қазан – 2 қараша - Маңғыстау облысындағы «Тарихи туризмді дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Маңғыстау облысы).

2025 жылғы 14 қараша – «Театр өнерін дамыту және материалдық-техникалық базаны нығайту, өңірлік театрлардың көркемдік деңгейі мен кадрлық әлеуетін арттыру» тақырыбындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қаласындағы театрлар).

2025 жылғы 11-14 желтоқсан – «Қазіргі заманғы музей ісінің мәселелері мен мүмкіндіктері» тақырыбына арналған Комитеттің көшпелі отырысы Алматы қаласында (Алматы қ.).

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 2

2025 жылғы 31 қазан – 1 қараша - Өңірді орнықты дамыту мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі Комитеттің Абай облысындағы көшпелі отырысы (Абай облысы).

2025 жылғы 4-6 желтоқсан – Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жөніндегі ірі жобаларды үлкейту мәселелері бойынша Комитеттің Түркістан облысына көшпелі отырысы (Түркістан облысы).

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ІС-ШАРАЛАР – 22

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 4

2025 жылғы 20 қазан – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң бойынша таныстырылым.

2025 жылғы 22 қазан – «Республика күні: егеменді және құқықтық мемлекет құрудағы тарихи-құқықтық маңызы» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

2025 жылғы 11 қараша – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік әділет, нормашығармашылық және заң көмегін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы бойынша таныстырылым.

2025 жылғы 8 желтоқсан – «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы», «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдары бойынша таныстырылым.

Қаржы және бюджет комитеті – 4

2025 жылғы 22 қазан – «Салық кодексінің жекелеген нормаларын іске асыру шеңберінде құқықтық базаны қалыптастыру мәселелері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2025 жылғы 23 қазан – «2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»; «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға

арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының таныстырылымы.

2025 жылғы 1 желтоқсан – «ҚР банктер және банк қызметі туралы»; «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдары бойынша таныстырылым.

2025 жылғы 4 желтоқсан – Мемлекеттік органдар, «Отбасы банк» АҚ және «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен «Жұмысшы кәсіп өкілдері үшін әлеуметтік ынталандырулар жасау» тақырыбында дөңгелек үстел.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 7

2025 жылғы 23 қыркүйек – Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде отандық өндірістің өнеркәсіптік өнімін өткізуді қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Комитеттің отырысы («Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-ның мысалында).

2025 жылғы 30 қыркүйек – «Жасанды интеллект туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексine өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдардың таныстырылымы.

2025 жылғы 14 қазан – «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы бас Заңын таныстырылымы

2025 жылғы 29 қазан – Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексiнiң жобасы бойынша таныстырылым.

2025 жылғы 4 қараша – Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексi жобасы бойынша таныстырылым.

2025 жылғы 12 қараша – «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексiне көмiрсутектер мен уран саласындағы жер қойнауын пайдалануды жетiлдiру мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы» ҚР Заңының жобасы бойынша таныстырылым.

2025 жылғы 18 қараша – Мемлекет басшысының тапсырмаларын iске асыру бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексiне өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы» ҚР Заңының жобасы бойынша таныстырылым.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 4

2025 жылғы 8 қазан – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы бойынша таныстырылым.

2025 жылғы 17 қазан – «Ақпараттық кеңістіктегі ұлттық мүддені қорғау: БАҚ пен онлайн платформалардың мазмұндық саясатын жетілдіру және сапалы отандық контентті дамыту тетіктері» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел.

2025 жылғы 19 қараша – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының таныстырылымы.

2025 жылғы 24 желтоқсан – «Дәрілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету: дәрілік заттардың қолжетімділігі, сапасы және импортты алмастыру мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 3

2025 жылғы 30 қыркүйек – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2025 жылғы 11 қараша – «Шығарындыларды азайту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін көміртекті офсеттерді пайдалануды қоса алғанда, ҚР көміртекті реттеу жүйесін дамыту перспективалары» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

2025 жылғы 23 желтоқсан – «Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласына отандық және шетелдік инвестицияларды тарту: проблемалар мен перспективалар» тақырыбында дөңгелек үстел.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР – 11

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 1

2025 жылғы 9 желтоқсан – Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілімен кездесу (*Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетімен бірлесіп*).

Қаржы және бюджет комитеті – 3

2025 жылғы 1 қазан – Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттерді айқындаудағы тәсілдер мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесу.

2025 жылғы 27 қараша – «Қазақстанда цифрлық активтер индустриясын дамыту» тақырыбындағы кездесу.

2025 жылғы 2 желтоқсан – Бюджеттік процесті іске асыру мәселелері бойынша көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша Қызылорда облысы мәслихатының депутаттары көтерген мәселелерді талқылау бойынша кездесу.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 2

2025 жылғы 18 қараша – ТЖМ басшылығымен төтенше жағдайларға әрекет ету механизмдерін автоматтандыруды жетілдіру және ақпараттық жүйелерді қорғауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі (ерте хабарлау жүйесі, табиғи және техногендік қауіптердің мониторингі) кездесу.

2025 жылғы 10 желтоқсан – Көші-қон мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдерімен кездесу.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 2

2025 жылғы 9 желтоқсан – Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілімен кездесу (*Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдар комитетімен бірлесіп*).

2025 жылғы 11 желтоқсан – «Қазақстан Республикасында машина жасау саласын дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша жұмыс кездесуі.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 3

2025 жылғы 17 қазан – Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кадрлық қамтамасыз ету мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу.

2025 жылғы 19 қараша – «Жасыл Даму» АҚ басшылығымен орнықты даму, көміртегі ізін азайту және қоршаған ортаны сауықтыру мәселелерін қамтитын климаттық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша кездесу.

2025 жылғы 21 қараша – Мүдделі мемлекеттік органдардың басшыларымен өсімдіктер дүниесін қорғау және олардың биоалуандығын

сақтау мәселелері бойынша (ҚР «Өсімдіктер дүниесі туралы» Заңының іске асырылу барысы туралы) кездесу.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ
САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ
ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН МОНИТОРИНГТЕУ ЖӨНІНДЕГІ
ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯ
(2023 жылғы 20 маусымдағы Парламенттің қаулысы)**

1.	ӘШІМБАЕВ Мәулен Сағатханұлы	–	Сенат Төрағасы, парламенттік комиссияның төрағасы
2.	ПЕРЕПЕЧИНА Ольга Валентиновна	–	Сенат Төрағасының орынбасары
3.	РАУ Альберт Павлович	–	Мәжіліс Төрағасының орынбасары
4.	АЛДАШЕВ Сүйіндік Тасеменұлы	–	Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы
5.	БЕКТАЕВ Әли Әбдікәрімұлы	–	Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы
6.	ЖҮСІП Нұртөре Байтілесұлы	–	Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы
7.	САБИЛЬЯНОВ Нұртай Салихұлы	–	Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы
8.	БОЛЬГЕРТ Евгений Андреевич	-	Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы
9.	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	–	Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы
10.	БЕКНАЗАРОВ Нұрлан Құдиярұлы	–	Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы

11.	КАРПЛЮК Сергей Алексеевич	–	Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы
12.	ЗЕЙНУЛЛИН Аян Талғатұлы	–	Мәжілістің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі
13.	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	–	Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі
14.	РАҚЫМЖАНОВ Асхат Нұрмағамбетұлы	–	Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
15.	СТАМБЕКОВ Ерлан Дәулетұлы	–	Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
16.	ҚОШМАМБЕТОВ Айтуар Асқарұлы	-	Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі
17.	ЕРУБАЕВ Серік Сәрсенұлы	–	Парламенті Мәжілісі Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі
18.	СМИРНОВА Ирина Владимировна	–	Парламенті Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі

2025 жылғы 20 қазан - Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның «**Орнықты даму мақсаттарын іске асырудағы цифрлық трансформацияның үлесі**» тақырыбында отырысы.

**ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН (МӘСЛИХАТТАРМЕН)
ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС
(2023 жылғы 15 мамырдағы Сенат Бюросының қаулысы)**

**Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл
жөніндегі кеңестің лауазымдық құрамы**

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары,
Кеңес төрағасы;

«Өңір» депутаттық тобының жетекшісі, Кеңес төрағасының орынбасары
(Сенат депутаттарымен өзара іс-қимыл мәселелері);

«Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Кеңес төрағасының орынбасары (мәслихаттармен өзара іс-қимыл мәселелері);

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы;

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының төрағалары;

Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту және өңірлік даму саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы басшысының орынбасары.

2025 жылғы 9 желтоқсан – Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысы.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІ (2023 жылғы 3 сәуірдегі Сенат Бюросының қаулысы)

АСАНОВ Жақып Қажманұлы	-	Сенат Төрағасының орынбасары, Жобалық кеңсенің басшысы;
БЕКНАЗАРОВ Нұрлан Құдиярұлы	-	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
КАРПЛЮК Сергей Алексеевич	-	Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
САРЫБАЕВ Ғалиасқар Төлендіұлы	-	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі, Жобалық кеңсенің мүшесі;
ШАЙДАРОВ Серік Жаманқұлұлы	-	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;

БУЛАВКИНА Ольга Александровна	-	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
УАҚПАЕВ Марат Сұлтанұлы	-	Сенат Аппараты Басшысының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі;
ДАНАБЕКОВ Олжас Қайратұлы	-	Сенат Аппараты Басшысының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі;
СҮЛЕЙМЕН Ләззат Жаңылысқызы	-	Парламентаризм институты директорының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі;
ТӨРЕҚОЖА Қанат Абдуллаұлы	-	Сенат Аппараты бөлім меңгерушісінің орынбасары, Жобалық кеңсенің хатшысы.

«Өңір» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ
(2023 жылғы наурызда құрамы жаңартылды)

1.	ШАЙДАРОВ Серік Жаманқұлұлы	Депутаттық топтың жетекшісі, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы	<i>Ұлытау облысы</i>
2.	АРҒЫНБЕКОВА Айнұр Серікпайқызы	Депутаттық топ жетекшісінің орынбасары, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы	<i>Абай облысы</i>
3.	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	<i>Астана қаласы</i>
4.	АСАНОВА Жанна Бейсентайқызы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	<i>Алматы қаласы</i>
5.	ҚАПБАРОВА Айгүл Жарылқасынқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	<i>Шымкент қаласы</i>
6.	БЕКЕНОВ Нұрлан Жексембайұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	<i>Ақмола облысы</i>
7.	НҰҒМАНОВ Амангелді Шайхоллаұлы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	<i>Ақтөбе облысы</i>
8.	ДҮЙСЕМБИНОВ Сұлтан Мырзабекұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және	<i>Алматы облысы</i>

		ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	
9.	ЛУҚПАНОВ Сағындық Есенғалиұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	<i>Атырау облысы</i>
10.	БҰҚТҰҒҰТОВ Шәкәрім Сабырұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	<i>Шығыс Қазақстан облысы</i>
11.	АРУБАЕВ Сәкен Қаланұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	<i>Жамбыл облысы</i>
12.	ӨТЕҒҰЛОВ Арман Кәрімұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	<i>Батыс Қазақстан облысы</i>
13.	ЕРШОВ Сергей Михайлович	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	<i>Қарағанды облысы</i>
14.	АҚҚОЖИНА Бибігүл Бүркітқызы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	<i>Қостанай облысы</i>
15.	РҮСТЕМОВ Руслан Рүстемұлы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	<i>Қызылорда облысы</i>
16.	ОРЫНБАСАРОВ Бекбол Тілеумұратұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	<i>Маңғыстау облысы</i>
17.	ЕСБАЙ Амангелді Ғабдылкәрімұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	<i>Жетісу облысы</i>
18.	ӘЙТКЕНОВ Ернұр Нұрмұханұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	<i>Павлодар облысы</i>
19.	ҚАДЫРБЕК Мұрат Болатұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	<i>Түркістан облысы</i>
20.	РАХМЕТОВА Әсем Қалашбайқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i>

2025 жылғы 3 желтоқсан – депутаттық тобының отырысы.

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ
(2023 жылғы 2 маусымдағы Сенат Бюросының қаулысы)

ҚР Парламентінің Сенаты			
1.	ЖҮСПІ Нұртөре Байтілесұлы	–	Топ жетекшісі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
2.	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
3.	КУЗИЕВ Закиржан Пирмухамедович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
4.	ШИПОВСКИХ Геннадий Геннадиевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
5.	НИЯЗОВА Нурия Исмагиловна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
6.	САТВАЛДИЕВ Алишер Гапиржанович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
7.	БОЛЬГЕРТ Евгений Андреевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
8.	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
9.	РЫСБЕКОВА Ләззат Тұяқбайқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
10.	НУХҰЛЫ Алтынбек	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
ҚР Парламентінің Мәжілісі			
«АМАНАТ» партиясының фракциясынан			
11.	АВЕРШИН Константин Викторович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
12.	ӘБІЛ Еркін Аманжолұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
13.	БАШИМОВ Марат Советұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

14.	БЕЙСЕНБАЕВ Елнұр Сабыржанұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі
15.	ДЕМЕНТЬЕВА Наталья Григорьевна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
16.	ЗАЙЫТОВ Ринат Рифхатұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
17.	ИМАШЕВА Снежанна Валерьевна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
18.	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
19.	КУЧИНСКАЯ Юлия Владимировна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
20.	МЫСЫРӘЛІМОВА Айна Ермекқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
21.	ПОНОМАРЕВ Сергей Михайлович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
22.	РАУ Альберт Павлович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
23.	РОЖИН Максим Николаевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
24.	ТОЛЫҚБАЕВ Мақсат Мәлікұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
25.	ШАТАЛОВ Никита Сергеевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
26.	КИМ Вера Александровна		Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының фракциясынан			
27.	АРСЮТИН Николай Геннадьевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі

«Respublica» партиясының фракциясынан			
28	ҚҰСПЕКОВ Олжас Хайроллаұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясынан			
29.	БАРЛЫБАЕВ Ерлан Хайланұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Қазақстан Халық партиясы фракциясынан			
30.	МАГЕРРАМОВ Магеррам Мамедович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясынан			
31.	САҒАНДЫҚОВА Ажар Бахытқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

TALDAU COMMUNITY ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

2025 жылғы 9 қазан – Сенат Спикері М.С. Әшімбаевтың қатысуымен «Taldau Forum: Analytics driving change».

TALDAU TALKS ДИАЛОГ ПЛАТФОРМАСЫ

2025 жылғы 3 қараша – тақырыбы: «Қазақстандағы реформалар экономикалық өсуге, инфляцияға және азаматтардың табысына қалай әсер етеді».

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» ДИАЛОГ АЛАҢЫ

2025 жылғы 7 қараша – диалог алаңының отырысы.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

№	А.Т.Ж.	Лауазымның атауы
1.	ҚАЛТАЕВА Ләззат Молдабекқызы	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі, Кеңестің төрайымы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫ		
2.	АРҒЫНБЕКОВА Айнұр Серікпайқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы, Кеңестің хатшысы

3.	ӘЙТКЕНОВ Ернұр Нұрмұханұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі
4.	АСАНОВА Жанна Бейсентайқызы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі
5.	ҚАНИЕВ Бауыржан Нұралыұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі
6.	ҚАПБАРОВА Айгүл Жарылқасынқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
7.	НИЯЗОВА Нурия Исмагиловна	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
8.	ОРЫНБАСАРОВ Бекбол Тілеумұратұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
9.	РАХМЕТОВА Әсем Қалашбайқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
10.	ЕСБАЙ Амангелді Ғабдылкәрімұлы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ		
11.	ҚҰРМАНОВА Айзада Амангелдіқызы	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
12.	МЕЛДЕБЕКОВА Майра Тұрғанбайқызы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министрі
13.	ЕРТАЕВ Асқарбек Маратұлы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі
14.	СҰЛТАНҒАЗИЕВ Тимур Сламжанұлы	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі
СЕНАТ ЖАНЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ КЕҢЕСІНІҢ САРАПШЫЛАРЫ		
15.	АСКЕРОВ Эмин Халилович	Қазақстан Республикасының әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті
16.	ЕРЖАН Алмаз	«Еламан» әлеуметтік инновациялық жобалар қорының басшысы
17.	БАКЛАЖАНСКАЯ Татьяна Ивановна	«Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің директоры
18.	БУРАШЕВА Гүлмира Майоровна	«Қ.Иманалиев атындағы мүгедектердің құқықтары жөніндегі комиссия» қоғамдық бірлестігінің төрайымы
19.	ГАПЛАН Динара	«Болашақ» корпоративтік қорының қамқоршылық кеңесінің төрағасы

20.	ЖАЛМАҒАНБЕТОВА Баян Өмірзаққызы	Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі
21.	МҰҚАТАЕВА Алтыншаш Мейрамғазықызы	Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның вокал бөлімінің артисі
22.	ПАН Наталья Виссарионовна	МТҚБ «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК директоры
23.	СЕЙТЖАН Кенжеғұл Социалұлы	ҚР Президенті жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкілі, ҚР Парламенті Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі
24.	УЛЬЖЕКОВА Нургуль	«Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының басшысы
25.	ШАКИБАЕВА Айгүл Ғабитқызы	Ментальдық бұзылулары бар балалар мен ересектер құқықтары саласындағы сарапшы
26.	ХАЛДЕНОВА Айгуль Тулегеновна	Медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы сарапшы
27.	ХАСЕНОВ Мүслім Ханатұлы	Еңбек және әлеуметтік құқық орталығының басшысы, М. С. Нәрікбаев атындағы университетінің Assistant Professor, Құқықтану бойынша (PhD) докторы

2025 жылғы 12 қараша – Кеңестің отырысы.

2025 жылғы 18 желтоқсан – Кеңестің отырысы.

VIII. СЕНАТТЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫМДАР

(2025 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ

I. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті (бұдан әрі - Комитет) 2025 жылы 12 желтоқсанда **«Қазақстан Республикасының ветеринариялық қызметі: жай-күйі және даму перспективалары» тақырыбындағы үкімет сағатын** өткізді. Үкімет сағатының қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар ҚР Үкіметіне жолданатын болады.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ

I. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2025 жылы 21 қазанда **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері арасындағы әскери тәртіптің жай-күйі және құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары жөніндегі** Комитеттің көшпелі отырысын (Астана қ.) өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі **ҰСЫНЫМДАР** берілді:

- әскери полиция, қолбасшылық және құқық қорғау құрылымдары арасындағы функцияларды ажырата отырып, өкілеттіктерді нақтылау бөлігінде заңнаманы одан әрі жетілдіру, сондай-ақ тәртіп мониторингінің цифрлық жүйелерін пайдалануды бекіту мәселесін пысықтау;

- қосымша жауапкершілік шаралары мен бұзушылықтардың алдын алудың құқықтық тетіктерін белгілей отырып, «қызмет бөлігін немесе орнын өз бетінше қалдыру» нормасын қатаңдату мәселесін зерделеу;

- теріс себептермен жұмыстан шығарумен, ер әскери қызметшілердің декреттік демалыстарымен және еңбек нормаларын теріс пайдаланумен байланысты оқшылықтарды жою;

- Қорғаныс министрлігінің Денсаулық сақтау, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп әскери психологтарды даярлау, аттестаттау және сертификаттау стандарттарын, сондай-ақ қазіргі заманғы психодиагностикалық әдістемелерді енгізу тәртібін белгілейтін жеке заңға тәуелді актісін әзірлеу;

- әскери қызметшілердің отбасыларын ерте диагностикалау мен сүйемелдеуді қоса алғанда, армияда суицидтік жағдайлардың кешенді профилактикасын қамтамасыз ететін Денсаулық сақтау, Қорғаныс, Ішкі істер, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қатысуымен ведомствоаралық бағдарламаны (жоспарды) әзірлеу және бекіту мәселесін қарау;

- жыл сайынғы сертификаттауды және аттестаттау кезінде нәтижелерді есепке алуды көздей отырып, көшбасшылық, жеке құрамды басқару және

зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша сержанттар мен келісімшарттарды оқытудың үлгілік бағдарламаларын әзірлеу;

- әскери комиссариаттардың деректер базасын eGov, Денсаулық сақтау, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің ақпараттық жүйелерімен цифрлық интеграциялауды, әскерге шақырылушыларды медициналық тексерулер мен есепке алуды автоматтандырылған бақылауды, сондай-ақ бюрократиялық рәсімдерді қысқартуды қамтамасыз етуді жүргізу;

- тәртіп және құқық бұзушылықтың алдын алу көрсеткіштері, сондай-ақ нәтижелері үшін материалдық және материалдық емес көтермелеулер бойынша командирлерді рейтингтік бағалау жүйесін енгізу;

- әскери полицияның жұртшылықпен, азаматтық қоғам институттарымен, оның ішінде «Аналардың жүрегі» сарбаз аналары комитеті» РҚБ-мен өзара іс-қимылын жандандыру.

II. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында 2025 жылғы 30 қазан – 2 қараша аралығында «**Тарихи туризмді дамытудың өзекті мәселелері**» тақырыбына арналған Маңғыстау облысында өткізген көшпелі отырысын өткізді.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында туризм саласындағы кәсіби кадрлар тапшылығын жою, туристік орындарды ретке келтіру, туризмді дамытудағы міндеттердің ара-жігін ажыратып алу, туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамыту жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын.

Еліміздің тарихи әралуандық, геосаяси, табиғи-ландшафтық әлеуеті туризмді экономиканың басым бағытына айналдыруға таптырмас мүмкіндік береді. Комитет депутаттары осы бағытта өңірде атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысып, туризм ошақтарын аралап, осы салада жұмыс істеп жүрген Маңғыстаудағы жеке кәсіпкерлермен, сарапшылармен жергілікті өкілді және атқарушы билік өкілдерімен жиналыс өткізді.

Комитет депутаттары көшпелі отырыста баяндалған ақпараттар мен пікірлердің, ұсыныстардың негізінде келесіні **ҰСЫНЫНАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне:

1.1. Қолданыстағы заңнаманы сакральды туризмді дамыту бөлігінде жетілдіру мәселесін пысықтау.

1.2. «Маңғыстау» туристік аймағын дамыту жөніндегі 2025 – 2029 жылдарға арналған кешенді жоспарды сапалы іске асырудағы тәуекелдерді ескере отырып, оны қаржыландыру көздерін қайта қарастыру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныс енгізу.

1.3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп:

1.3.1. тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау, қалпына келтіру, интерактивті туристік маршруттар құру және Қазақстанның бірегей тарихи-

мәдени мұралар елі ретіндегі ұлттық брендін ілгерілету жөніндегі шаралар қабылдау;

1.3.2. тарихи объектілерді қолданыстағы туристік кластерлерге (оның ішінде Каспий теңізінің жағалауында) ықпалдастыру тәжірибесін олардың қазіргі заманғы инфрақұрылымдық қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып кеңейту;

1.3.3. елдің ішкі және халықаралық туристік имиджін қалыптастыра отырып, Қазақстанның тарихи-туристік объектілері, оның ішінде өңірлік маршруттар туралы материалдарды белсенді түрде отандық және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) жариялау;

1.4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігімен бірлесіп:

1.4.1. туристік өңірлерге қатынайтын темір жол вагондарының сапасын жақсарту және оның туристік маусымдарда санын арттыру бойынша тиісті шаралар қабылдау;

1.4.2. туристік өңірлерге қатынайтын субсидияланатын әуе рейстерінің санын арттыру мәселесін пысықтау.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

2.1. туризм, мұражай ісі, археология және реставрация саласында білікті мамандарды даярлауға қолғабыс ету және туристік әлеуеті үлкен өңірлер үшін өңірлік оқу гранттарын бөлу мәселесін қарастыру.

2.2. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерделеуге және насихаттауға бағытталған, оның ішінде қазіргі заманғы цифрлық технологиялар (*3D-модельдеу, виртуалды турлар және т.б.*) негізінде зерттеу жобаларын қолдау.

2.3. өңірлердегі ашылмаған ескерткіштерді зерттеу, археологиялық қазба жұмыстары бойынша ғылыми жобаларды қаржыландыру мәселесін пысықтау.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп:

3.1. Қазақстанның халықаралық көрмелерде, форумдарда және екіжақты ынтымақтастықтар шеңберінде тарихи туризм орталығы ретінде ілгерілеуіне жәрдемдесу.

3.2. Каспий теңізі өңірінің көршілес мемлекеттерімен бірлескен тарихи-туристік жобаларды ұйымдастыру арқылы мәдени дипломатия тәжірибесін кеңейту.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне жастардың ішкі туризмге деген қызығушылығын оята отырып, мектеп бағдарламаларына Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша экскурсиялық білім беру модульдерін енгізу.

5. Маңғыстау облысының әкімдігіне:

5.1. туристік инфрақұрылымды дамытуға жеке инвестициялар тарту бойынша жұмысты жандандыру.

5.2. өңірлік бағдарламаларда туристік-ақпараттық орталықтар құру, тарихи объектілерді цифрландыру және туристер үшін заманауи сервистерді енгізу жөніндегі шараларды көздеу.

5.3. Маңғыстау өңіріндегі белгілі тарихи ескерткіштерді мемлекеттің меншігіне қайтару бойынша жұмыстарды пысықтау.

5.4. **Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп** өңірдегі ашылмаған ескерткіштерді зерттеу бойынша археологиялық зерттеу жұмыстарының жоспарын әзірлеуді қолға алу.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 31 қазанда **өңірді орнықты дамыту мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері бойынша Абай облысында көшпелі отырыс** өткізді. Көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар ҚР Үкіметіне жіберілетін болады.

IV. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 14 қарашада Астана қаласында көшпелі отырыс өткізді. Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын іске асыру аясында **«Театр өнерін дамыту және материалдық-техникалық базаны нығайту, өңірлік театрлардың көркемдік деңгейі мен кадрлық әлеуетін арттыру»** тақырыбында ұйымдастырылды.

Көшпелі отырыс барысында комитет депутаттары бірқатар елордалық театрлардың: Жастар театрының, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының, «Астана балет», «Наз» мемлекеттік би театры» МКҚК, «М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры» МКҚК, «Ә. Мамбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры» МКҚК, «Қуыршақ театры» МКҚК, «Қанаттылар» инклюзивті театры» КММ қызметімен егжей-тегжейлі танысты.

Комитет депутаттары мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасының жай-күйін зерделеп, театр қойылымдарын құру шарттарын, сахна алаңдарын, дайындық залдарын, костюм және өндірістік цехтарды жарақтандыру деңгейін бағалады. Депутаттар сондай-ақ ағымдағы репертуармен, шығармашылық қызметтің ерекшеліктерімен, әр театрдағы көркемдік үдерістің инфрақұрылымымен және ұйымдастырылуымен танысты.

Басшылықпен, режиссерлермен, актерлермен және өзге де шығармашылық қызметкерлермен кездесулер барысында театр саласының дамуына барынша әсер ететін өзекті мәселелер талқыланды. Негізгі тақырыптардың қатарында театр қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері, олардың жалақы деңгейі, кадр тапшылығы, кәсіби өсу және біліктілікті арттыру мәселелері көтерілді. Мәдениет қызметкерлерін

ынталандырудың қолданыстағы тетіктеріне, оның ішінде мемлекеттік және ведомстволық наградаларды тапсыру тәртібі мен өлшемдеріне, шығармашылық ұжымдарды моральдық және материалдық көтермелеу нысандарын кеңейту қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар театр қоғамдастығымен жүйелі және ашық диалогтың маңыздылығын атап өтті, ұсыныстарды нақтылау және сала мамандарын қолдау бойынша практикалық шараларды әзірлеу үшін ұжымдармен одан әрі өзара іс-қимыл жасау қажеттігін атап өтті.

Көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша жалпыланған және сараланған шешім дайындау мақсатында ағымдағы жылғы 26 қарашада Парламент Сенатының ғимаратында мемлекеттік органдардың, өнер қайраткерлерінің және елордалық театр басшыларының қатысуымен қайта жұмыс кеңесі өткізілді.

Кеңес барысында келіп түскен ұсыныстар мен бастамалар егжей-тегжейлі қаралды, театр саласын дамытудың өзекті мәселелері талқыланды және театр өнерін одан әрі жетілдіруге, өңірлік театрлардың шығармашылық және кадрлық әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ олардың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар кешені келісілді.

Мәдениет пен креативті индустрияның сәтті ұштасуы рухани және экономикалық табыстылықтың кепілі екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті көшпелі отырыста баяндалған ақпараттар мен пікірлердің, ұсыныстардың негізінде келесіні **ҰСЫНЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

1) театр саласындағы қордаланған сұрақтарды оңтайлы шешу және төменде көтерілген мәселелер бойынша ортақ ұстанымға келу мақсатында Министрлік жанынан тиісті мемлекеттік органдарды тарта отырып жұмыс тобын құру;

2) өнер қызметкерлеріне мемлекеттік атақтар беру, оларды мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттау бойынша талаптарды жеңілдетуді қарастыру;

3) театрларға ұлттық, академиялық статустар беру бойынша талаптарды жеңілдетуді қарастыру;

4) Мемлекет басшысының цифрландыруды белсенді енгізу жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында театрлық декорацияларды цифрлық форматта құрудың кешенді жоспарын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Қаржы министрліктерімен бірлесіп:

5) өңірлердегі мәдениет қызметкерлерінің жалақысын еліміздегі орташа жалақы деңгейіне кезең-кезеңмен көтеру бойынша жұмыстарды жүргізу;

6) қызметінде жас мүмкіндігіне қатысты кедергілері бар (балет бишісі, биші, үрмелі аспап қызметкері т.б.) мәдениет қызметкерлерінің ерте зейнетке

шығуын қамтамасыз етуді, оларды әлеуметтік қорғау бойынша кешенді шараларды қарастыру;

7) театр саласына қатысты мамандықтар тізбесін қайта қарап өзектендіру;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен, «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп:

8) мәдениет қызметкерлерін қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдау;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерімен бірлесіп:

9) қуыршақ театры мамандарының, театрдың техникалық мамандарының тапшылығын ескере отырып, арнайы орта және жоғары оқу орындарына гранттар бөлу мәселесін қарастыру;

10) оқушы және студенттер арасындағы мәдени, рухани тәрбиені күшейту мақсатында орта, кәсіптік және жоғары оқу орындары мен жергілікті жерлердегі театрлардың өзара тығыз жұмыстарын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Қаржы, Ұлттық экономика, Әділет министрліктерімен және Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп:

11) өнер саласына қажетті құрал жабдықтарды, декорацияларды, музыкалық аспаптар мен олардың құрамдас бөліктерін сатып алу кезінде орын алатын кемшіліктерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау;

12) театрлардың меншік нысанына қарамастан, әр түрлі қызметтерді ұсына отырып, тікелей табыс табу жолдарының тиімді жолдарын қарастыру.

V. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2025 жылғы 18 қарашада «**Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау: құқық қолдану практикасы мәселелері**» тақырыбындағы көшпелі отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай **ҰСЫНЫМДАР** берілді:

1. Қазақстан Республикасының Сот Әкімшілігіне:

1.1. алқабилердің қатысуымен өтетін соттардың материалдық-техникалық жабдықталуы бөлігінде талдау жүргізу;

1.2. кандидаттарды алқаби ретінде қатысуға ынталандыру мақсатында істі қарайтын судьяның лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде алқабиге төленетін төлемді қайта қарау мәселесін пысықтау;

1.3. қателіктерді болдырмау және соттарды алқабилерге кандидаттардың жеткілікті санымен сапалы қамтамасыз ету мақсатында «Отбасының цифрлық картасымен» интеграциялау жолымен оларды іріктеу рәсімін одан әрі жетілдіру туралы мәселені зерделеу;

1.4. алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізудің қолданыстағы моделін реформалау және алқабилер сотының классикалық моделіне көшу туралы мәселені зерделеу;

1.5. халықтың алқабилер соты институтына және сот жүйесіне деген сенімін арттыру мақсатында алқабилер сотының қызметі, олардың рөлі мен әділ сот шешімдерін қамтамасыз етудегі маңызы туралы жұртшылық арасында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2. **Қазақстан Республикасының Сот Әкімшілігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп істің карточкасында қалыптастырылған және оған «түскен» тізімге сәйкес алқабилер болуға кандидаттарды автоматты түрде хабардар ету жүйесін әзірлеу мүмкіндігін қарастыру (ұялы байланыс операторлары мен 112 қызметінің жұмыс қағидаты бойынша).**

3. **Қазақстан Республикасы Сот Әкімшілігіне Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен бірлесіп сотталғандардың жеке істерін цифрландыру мәселесін пысықтау.**

4. **Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне ҚСАЕК «Төрелік» ААТЖ жобасымен интеграциялау мәселелерін пысықтау.**

VI. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылғы 5 желтоқсанда Түркістан облысында Мемлекет басшысының «**Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу**» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жөніндегі ірі жобалардың ауқымын кеңейту мәселелері бойынша көшпелі отырыс өткізді. Көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар ҚР Үкіметіне жіберілетін болады.

КОМИТЕТТЕРДІҢ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕРІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ІС-ШАРАЛАРЫ

Дөңгелек үстелдер

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «**Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу**» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында 2025 жылғы 17 қазанда «**Ақпараттық кеңістіктегі ұлттық мүддені қорғау: БАҚ пен онлайн платформалардың мазмұндық саясатын жетілдіру және сапалы отандық контентті дамыту тетіктері**» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Цифрлық технологиялардың қазіргі заманғы дамуы, жаһандық онлайн-платформалар мен әлеуметтік желілердің ықпалының қарқынды өсуі Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау саласында жаңа сын-қатерлерді қалыптастырды. Трансшекаралық контент ауқымын кеңейту,

медиа кеңістіктегі жоғары бәсекелестік және ақпараттар ағынында жасанды интеллектіні белсенді пайдалану ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және елдің медиа егемендігін нығайтудың кешенді тәсілдерін әзірлеуді талап етіп отыр.

Тұрақты дамудың негізгі факторларының бірі мәдени бірегейлікті сақтауға, мемлекеттік тілді танымал етуге, рухани құндылықтарды нығайтуға және мемлекеттік саясатты ілгерілетуге ықпал ететін сапалы отандық контентті қалыптастыру болып табылады. Халықтың, әсіресе цифрлық контенттің ең белсенді тұтынушысы болып табылатын жастардың медиа сауаттылығын дамыту да маңызды элемент болып табылады.

Бұл міндеттер Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ерекше өзектілікке ие болады.

Аталған мәселелерді кешенді зерделеу, сарапшылық пікір алмасу және практикалық ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті мемлекеттік органдардың, БАҚ-тың, сарапшылық қоғамдастықтың, қоғамдық ұйымдар және блогосфера өкілдерінің ақпараттары мен ұсыныстарын ескере отырып келесіні **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

1. контентті модерациялау және тарату мәселелеріндегі ұлттық мүдделерді есепке алу мақсатында халықаралық интернет-платформалармен өзара іс-қимылды күшейту;

2. отандық контентті қолдаудың қосымша шараларын әзірлеу: салықтық жеңілдіктер, гранттық бағдарламалар, медиасфераны дамытудың мамандандырылған қорын құру;

3. медиа өнімдердің инновациялық форматтарын енгізу үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіге байланысты жобаларды мемлекеттік қолдау шараларына енгізу;

4. платформалық экономиканы, дербес деректерді қорғауды, медиада пайдалануды және онлайн-платформалардың жауапкершілігін реттейтін «Цифрлық кодексті» қабылдау үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық базаны қамтамасыз ету;

5. алаяқтыққа, жалған және заңсыз ақпараттың таралуына қарсы жедел шаралар қабылдау үшін елімізде белсенді қолданылатын онлайн платформалардың өкілдіктерін ашу мүмкіндіктерін қарастыру;

6. әлеуметтік маңызы бар, білім беру және мәдени контент өндіруге арналған грант бағдарламаларын кеңейту;

7. мультимедиялық форматтарды қоса алғанда, қазақ тілінде жобалар жасайтын жас авторларға, журналистерге және продакшн-компанияларға қолдау көрсету;

8. үлкен деректерді талдау және заманауи мультимедиялық технологияларды пайдалануға баса назар аударатын отырып, цифрлық медиа өндірісі саласында оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу;

9. ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен тілді, оның ішінде әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларда жастар аудиториясы арасында сақтауға және насихаттауға бағытталған цифрлық контент құруды ынталандыру;

10. халықтың медиа сауаттылығын арттыру, ақпаратты сыни қабылдауды және фейктерге қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру бойынша медиа сауаттылықты арттыру жұмыстарын жүргізу;

11. жауапкершілік, авторлық құқық, адам құқықтарын қорғау және кемсітушілікке жол бермеу мәселелерін қоса алғанда, цифрлық контенттің этикалық стандарттарын әзірлеуге және ілгерілетуге қатысу;

12. Президенттің Жолдауында белгіленген міндеттердің цифрлық трансформация және медиасфераны дамыту бөлігінде іске асырылуына тәуелсіз мониторинг жүргізуге жәрдемдесу;

13. объективті, сенімді және сапалы мазмұнды дамытуға ықпал ету, жалған ақпарат пен манипуляциялардың таралуына қарсы тұру;

14. мемлекеттік саясат пен мәдени бірегейліктің басымдықтарын ескере отырып, ақпараттық кеңістікте ұлттық мүдделерді қорғауға жәрдемдесу;

15. мазмұнның сапасы мен тартымдылығын арттыру үшін жасанды интеллект мүмкіндіктері мен үлкен деректерді пайдалана отырып, медиа өндірістің заманауи форматтарын (подкасттар, бейне контент, мультимедиа) белсенді меңгеру;

16. ұлттық бірегейлікті нығайтуға, тіл мен мәдени құндылықтарды сақтауға, оларды цифрлық ортаға және жастар аудиториясының сұраныстарына бейімдеуге бағытталған жобаларды ілгерілету;

17. медиадағы ұлттық концепцияны қалыптастыратын, жобаларға бағыт берумен, контенттің сапасын арттырумен және біртұтас ұлттық мазмұн қалыптастырумен айналысатын ұлттық контент орталығын құру мүмкіндіктерін қарастыру.

II. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылғы 22 қазанда **Салық кодексiнiң жекелеген нормаларын iске асыру шеңберiнде құқықтық базаны қалыптастыру мәселелерi бойынша** тиiстi мемлекеттiк органдармен және бизнес-қоғамдастықпен дөңгелек үстел өткiздi.

Салық саясатын жетiлдiру, салықтық әкiмшiлендiрудi жақсарту, медициналық қызметтердiң әлеуметтiк маңыздылығы, олардың халыққа бағытталуы, шағын кәсiпкерлiктiң ерекшелiгi және көлеңкеде қалу қаупi жоғары болуы үшiн материалдарды талдау негiзiнде, сондай-ақ өткiзiлген дөңгелек үстелдiң нәтижелерi бойынша нормативтiк-құқықтық актiлердi әзiрлеу шеңберiнде Қаржы және бюджет комитетi **Қазақстан Республикасының Үкiметiне:**

1. Оңайлатылған декларацияда арнаулы салық режимi үшiн тыйым салу қызметiнiң тiзбесiн қысқартуды;

2. Салық жүктемесiнiң коэффициентiн салалық орташа есептеу формуласын қайта қарауды;

3. Салық төлеушiлер санатының тiзбесiн және автоматтандырылған бақылауды жүргiзу мерзiмдерiн қайта қарауды;

4. «Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру кезінде пайдаланылатын жабдықтарды, жиынтықтауыштарды енгізу мәселесін қарауды;

5. «Қазақстан Республикасының аумағында қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттар мен медициналық көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына дәрілік заттарды өндіру кезінде пайдаланылатын фармацевтикалық субстанцияларды, материалдарды, жинақтауыштарды енгізу мәселесін қарастыруды **ҰСЫНАДЫ**.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 11 қарашада **«Шығарындыларды азайту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін көміртекті офсеттерді пайдалануды қоса алғанда, Қазақстан Республикасында көміртекті реттеу жүйесін дамыту перспективалары»** тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі **ҰСЫНЫСТАР** берілді:

1. **Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

1.1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне келесі түзетулер:

- қор биржасында көміртегі квоталарының бастапқы саудасын жүргізу мүмкіндігін көздейтін;

- көміртегі квоталарының сұранысы мен ұсынысын теңестіруге және бағаның шамадан тыс ауытқуын болдырмауға бағытталған көміртегі нарығын тұрақтандыру резервінің механизміне қатысты;

- 2015 жылғы 12 желтоқсанда Парижде жасалған Париж келісімінің 6-бабын имплементациялау және халықаралық жұмсарту нәтижелерін (ITMOs) беру, есепке алу және жою тәртібін реттейтін заңға тәуелді актілерді әзірлеу мәселелерін қамтамасыз ету.

1.2. Дүниежүзілік Банктің Partnership for Market Implementation бағдарламасы шеңберінде бенчмарктерді қайта қарауды қамтамасыз ету, бұл шығарындылар саудасы жүйесін неғұрлым әділ, ашық және технологиялық жетілдіруге ынталандыруға, бизнес пен халықаралық әріптестердің сенімін нығайтуға, сондай-ақ Қазақстанның төмен көміртекті экономикаға көшуін жеделдетуге мүмкіндік береді.

1.3. Отандық өтініш берушілерді (бизнес-секторды) ішкі көміртекті офсеттерді, оның ішінде өз күшімен жүзеге асырылатын мемлекеттік орман қоры жерлерінде халықаралық инвестицияларды тартпай-ақ сатуға белсенді тарту жолымен көміртекті офсеттердің ішкі нарығын дамытуды қамтамасыз ету, бұл ел ішінде парниктік газдарды қысқартуды және сіңіруді сақтауға және

Ұлттық деңгейде айқындалатын үлесті (ҰДАҰ) түзетуді болдырмауға мүмкіндік береді.

1.4. 2026-2030 жылдарға арналған көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарын бекіту процесін 2025 жылдың соңына дейін жеделдету.

1.5. Қоғамдық тыңдаулар өткізу регламентіне жобалардың экологиялық құрамдас бөлігіне назар аудару қажеттілігін ескере отырып және талқылаудың негізгі күн тәртібінен және ден қою тетіктерінен жол берілетін ауытқу өлшемшарттарын белгілей отырып өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.6. Жетілген және рентабельділігі төмен кен орындарының ерекшелігін және мұнай-газ компанияларының әлеуметтік құрамдас бөлігін ескере отырып, парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлу тәсілдерін қайта қарау.

1.7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 26 маусымдағы № 198-VIII ҚР Заңының нормаларын іске асыру жөніндегі заңға тәуелді актілердің келесі мәселелердің:

- инвесторлардың қатысуымен мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман көміртегі жобаларын іске асыру;

- көміртекті бірліктер саудасының ішкі және ерікті халықаралық нарықтары арасындағы теңгерімді қамтамасыз ететін көміртекті бірліктерді есепке алудың нақты және экономикалық негізделген тетігін әзірлей отырып, орманды көміртекті жобалардың инвестициялық тартымдылығы осындай бастамаларды іске асыру үшін жеткілікті болып қалатындай халықаралық ерікті нарықтардағы көміртекті офсеттік бірліктердің айналымдары бекітуді жеделдету тәртібін реттеу.

1.8. **Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп:**

- ұлттық «жасыл» қаржыландыру тетігінің тұжырымдамасын енгізу;
- «жасыл» қаржы құралдарын (облигациялар, кредиттер, субсидиялар) шығаруды ынталандыру жүйесін әзірлеу;

- «жасыл» облигацияларды және экологиялық жобаларды субсидиялауды қоса алғанда, шығарындыларды азайту жөніндегі жобаларды қаржыландыру тетігі бойынша ұсыныстар дайындау;

1.9. Декарбонизация мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті қаржыландырудың тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу.

1.10. **Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп, өнеркәсіптік ауаны ластауды және зиянды шығарындыларды реттеу салаларындағы ағымдағы жағдайға сәйкестігін бағалау мақсатында қолданыстағы ең үздік қолжетімді технологиялар анықтамалықтарына кешенді ревизия жүргізу.**

1.11. Экономиканың әрбір секторы бойынша шығарындыларды қысқарту бойынша нақты сандық мақсаттар қалыптастыру.

1.12. **Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен және Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект пен цифрлық даму министрлігімен бірлесіп:**

- кәсіпорындардың, әсіресе өнеркәсіптің шоғырлануы жоғары өңірлерде заңсыз шығарындыларын бақылау мен мониторингті күшейту;

- бұзушылықтарға жедел ден қою және цифрлық қадағалау жүйесін енгізу.

1.13. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігімен бірлесіп,** экологиялық таза және жоғары технологиялық салалар үшін мамандарды оқыту және қайта даярлау бағдарламаларын құру бойынша ұсыныстар дайындау және білім алушылармен алмасу мен біліктілікті арттырудың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу.

1.14. **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп:**

- ауаның өнеркәсіптік ластануының халықтың денсаулығына, соның ішінде онкологиялық аурулар, тыныс алу жолдарының аурулары және жүрек-қан тамыр жүйесінің патологияларына әсеріне талдау жүргізу;

- халық денсаулығына әсер ететін ауа ластануды азайту бойынша шаралар пакетін дайындау, соның ішінде кәсіпорындарға бақылауды күшейту, автоматтандырылған мониторингті енгізу және азаматтар үшін деректердің ашықтығын арттыру.

1.15. **Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп,** «жасыл» құндылықтар және экологиялық жауапкершілік мәселелері бойынша халыққа ақпараттық білім берудің кешенді бағдарламасын әзірлеу.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне:

2.1. Көмірқышқыл газы (CO₂) шығарындыларының азаюын және энергия тиімділігін арттыруды ескере отырып, жаңа электр өндіруші кәсіпорындарды жаңғыртуды және пайдалануға беруді қамтамасыз ету.

2.2. Көмірқышқыл газы (CO₂) шығарындыларының азаюын және энергия тиімділігін арттыруды ескере отырып, мұнай-газ секторы кәсіпорнын жаңғыртуды қамтамасыз ету.

2.3. Көмір энергетикасында экологиялық таза технологиялар мен инновацияларды енгізу бағдарламасын әзірлеу.

2.4. Көмір өндірісі салдарынан зақымданған жерлерді қайта қалпына келтіру жоспарын, мерзімдері мен күтілетін экологиялық әсерлерін көрсетіп, ұсыну.

3. **Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:**

3.1. Көмірқышқыл газы (CO₂) шығарындыларын азайтуды және тұрақты өндіріс қағидаттарына сәйкес келетін заманауи технологияларды енгізуді

ескере отырып, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындарды жаңғыртуды және іске қосуды қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект пен цифрлық даму министрлігіне:

4.1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді (егістік, тыңайған жерлер, жайылымдар мен шабындықтар), мемлекеттік орман қорының, су қорының жерлерін, елді мекендер мен босалқы жерлерді қоса алғанда, жер пайдалану санаттарына ғарыштық мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ, санаттар арасында жердің ауысуы кезінде көміртегі қорларының өзгеруін сенімді бағалауды қамтамасыз ету мақсатында жердің бір жер пайдалану санатынан екінші санатқа ауысуына мониторингті жүзеге асыру.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

5.1. Жүйелі тәсілді қалыптастыру мақсатында Жерді деградация дәрежесі және қалпына келтіру әлеуеті бойынша жіктеу негізінде табиғи бағдарланған жобаларды (Nature-Based Solutions) бірінші кезекте енгізуге жататын басым аумақтарды айқындау үшін неғұрлым тозған жерлері бар облыстарға мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету.

5.2. Мониторингтік стационарлық және жартылай стационарлық экологиялық аландар желісінде көпжылдық топырақ бақылауларының нәтижелерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы жерлерінің, оның ішінде тыңайған жерлердің жай-күйіне кешенді мониторинг жүргізуді, бұл ретте тыңайған және жайылымдық жерлерді толық қамтуды, бастапқы деректердің жеткіліксіздігін жою және топырақтағы құнарлы қабаттың (қарашіріктің) жай-күйі мен құрамын дұрыс бағалауды қамтамасыз ету үшін байқаулар желісін кеңейтуді көздей отырып қамтамасыз ету.

6. Жергілікті атқарушы органдарға:

6.1. Жаңа кәсіпорындарды салу және іске қосу жобаларын қарау кезінде парниктік газдар шығарындыларын азайту және өндірістік процестердің экологиялық тиімділігін арттыру мақсатында Ең үздік қолжетімді технологияларды (ЕҮҚТ) міндетті түрде қолдануды көздеу.

6.2. **Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігімен** бірлесіп, биоәртүрлілікті сақтау және көміртегі балансын реттеу мақсатында өсімдік биомассасының жай-күйін бағалауды және оның өзгеру динамикасын айқындауды қоса алғанда, сулы-батпақты жерлер бойынша тұрақты байқаулар жүргізуді қамтамасыз ету.

IV. Қаржы және бюджет комитеті 2025 жылғы 4 желтоқсанда «Жұмысшы мамандықтарының өкілдері үшін әлеуметтік ынталандыру құру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша ұсыным жобасына қатысты ұсыныстар тиісті мемлекеттік органдарға келісу және ұсыныстар мен ескертулер беру үшін жолданды. Ұсыныстар мен ескертулер алынып, пысықталғаннан кейін ұсынымдар Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылады.

V. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 23 желтоқсанда «**Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласына отандық және шетелдік инвестицияларды тарту: проблемалар мен перспективалар**» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізуді жоспарлап отыр. Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар ҚР Үкіметіне жіберілетін болады.

Комитеттердің кеңейтілген отырыстары

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 30 қыркүйекте «**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру**» тақырыбына арналған кеңейтілген отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі **ҰСЫНЫСТАР** берілді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:

1.1. Сирек және жойылып бара жатқан жануарлар түрлерінің жаңартылған тізімін Үкімет деңгейінде жедел түрде бекіту;

1.2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен бірлесіп жабайы жануарларды, сирек кездесетін балықты заңсыз аулау мен олардың саудасына қатысты бақылауды күшейтіп, қатаң санкциялар енгізу;

1.3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп жаңа «Қызыл кітап» басылымын мемлекеттік порталмен (tabigat.gov.kz) интеграциялап, ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету;

1.4. Жануарлар дүниесін қорғау саласында халықаралық ұйымдармен әріптестікті күшейтіп, өңірлік ғылыми орталықтармен тәжірибе және деректер алмасу үшін өзара іс-қимылды дамыту;

1.5. Жойылу қаупі төніп тұрған жабайы аң-құс түрлерін қорғау және санын көбейту бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеу;

1.6. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп экотуризмнің тартымдылығын ескере отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ыңғайлы және қауіпсіз туристік маршруттар жасау;

1.7. Жануарлар мен құстардың көші-қоны мен өсіп-өнуі туралы нақты деректер алу мақсатында дрондар, фототұзақтар және спутниктік мониторинг құралдарын кеңінен қолдану;

1.8. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп жануарлар дүниесінің биоалуантүрлілігін сақтау бағытындағы ғылыми институттар мен университеттердің жобаларына қаржылық қолдау көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

2.1. Эпизоотиялық мониторинг пен алдын алу шараларын күшейту мақсатында жүйелі сынама алу, вирусологиялық және бактериологиялық зерттеулерді тұрақты жүргізу;

2.2. Құтыру, құс тұмауы, Ньюкасл ауруы сияқты жиі тіркелетін қауіпті індеттердің алдын алу үшін жоспарлы вакцинация мен брекет тастау (вакциналық қармақ жем) шараларын ұлғайту;

2.3. Жабайы жануарлар арасында анықталған ошақтардың маңындағы ауыл шаруашылығы жануарлары, иттер мен мысықтарды міндетті түрде вакцинациялау;

2.4. **Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп** сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енген жануарларды қорғау мақсатында жұқпалы және қауіпті аурулардың алдын алу үшін ғылыми-зерттеу бағдарламаларын қаржыландыру;

2.5. Кадрлық әлеуетті нығайту мақсатында **Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп** жабайы фаунаны зерттеу және бақылау бойынша ветеринар мамандардың, ихтиологтардың, зоологтардың санын көбейтіп, олардың біліктілігін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Жергілікті атқарушы органдарға:

3.1. **Қазақстан Республикасы Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс, Көлік министрліктерімен бірлесіп** жол, энергетикалық, өнеркәсіп секторлары саласындағы құрылыстар барысында құстардың қырылуына жол бермеуді және жабайы жануарлардың миграциялық жолдарын сақтау;

3.2. Таулы аймақтарда шамадан тыс мал жайылымына шектеу қою арқылы экожүйелерді қорғау шараларын қарастыру;

3.3. **Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат, ҚР Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерімен бірлесіп** жергілікті тұрғындарды, мектеп, колледж, ЖОО-да білім алушыларды жануарларды қорғау тақырыбында экоағарту жұмыстарын (семинар, лекция және т.б.) ұйымдастыру.

Комитеттердің тақырыптық отырыстары

2025 жылғы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті өткізген **Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу»** атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде отандық өндірістің өнеркәсіптік өнімін өткізуді қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі («КРІ» «Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.» ЖШС мысалында) отырыстың қорытындысы бойынша **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс, энергетика министрліктеріне:

- мұнай-газ химиясы саласын дамыту шеңберінде мемлекеттік органдармен ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту;

- отандық өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін жаңа өткізу нарықтарын дамыту мәселесін қарастыру (полиэтилен құбырлары, цемент және сүт қаптамалары және т.б.);

- мұнай-газ химиясы саласының дамуын ерекше бақылауға алу.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне:

- «Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмысты жеделдету;

- «Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде:

инфрақұрылымдық қажеттіліктерді, шикізатты, құрылыс нормаларын және мемлекеттік қолдау шараларын ескере отырып, мұнай-химия өнеркәсібі объектілерін салу тәртібі;

мұнай-химия өнімдері шикізатының шекті көтерме және бөлшек сауда бағаларын айқындау механизмі;

мұнай-химия өнеркәсібінің жай-күйіне мониторинг жүргізу тәртібі.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:

- отандық өндірілген өнімді ішкі нарықта өткізудің жаңа тетіктерін әзірлеу және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу;

- отандық өндірушілер мен тұтынушылар арасында тиімді және ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды құру бойынша жүйелі жұмыс жасау;

- арнайы экономикалық аймақтардың қызметін жетілдіру бойынша заңнамалық шараларды әзірлеу;

- қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін цифрландыру және жаңарту бойынша жұмысты күшейту;

- отандық өндірілген өнімге ішкі және сыртқы нарықтардың қажеттілігін талдау;

- полимерлерді өңдеу нарығына, экспорттық-импорттық ағындарға, ішкі және сыртқы нарықтардағы перспективалы өткізу мүмкіндіктеріне кешенді талдау жүргізу.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаевтың тапсырмасын орындау мақсатында 9 қыркүйек 2025 жылы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Н.Б. Жүсіптің басқаруымен **«Орталық Азиядағы мүгедектігі бар әйелдердің мүдделерін ескере отырып ТДМ-ға қол жеткізу»** тақырыбындағы халықаралық конференциясына дайындық аясында кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге Парламенті Сенатының жанындағы Инклюзия кеңесінің жетекшісі, «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Л.М. Қалтаева қатысты, сондай-ақ, Финляндия, Қырғыз, Тәжікстан және Қазақстан Республикаларындағы халықаралық ұйымдар өкілдері қатысты.

А.ж. 10 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ғимаратында өткен «Орталық Азиядағы мүгедек әйелдердің мүдделерін ескере отырып, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу»

тақырыбындағы халықаралық конференция жұмысына Сенат Төрағасының орынбасары О.В. Перепечинаның қатысып, баяндама жасауы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, конференция жұмысына А.С. Арғынбекова және Ә.Қ. Рахметова қатысты.

Бұл халықаралық конференция 2005 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан Мүгедектігі бар әйелдер ұйымдарының Орталық Азия желісінің көпжылдық жобасының қорытынды кезеңі болып табылады.

Жоба аймақтағы мүгедектігі бар әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың әлеуметтік интеграциясына жәрдемдесуге, құқықтарын қорғауға және кемсітушілікке жол бермеу және инклюзивті саясат қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған.

Жұмыс отырысы барысында конференцияға дайындықтың негізгі ұйымдастырушылық аспектілері талқыланды, оның ішінде:

- тақырыптық сессиялардың бағдарламасы мен құрылымын әзірлеу;
- қатысушылардың құрамын келісу;
- сараптамалық қолдау көрсету;
- аналитикалық материалдарды дайындау.

Кездесуде мүгедектігі бар әйелдер ұйымдарының тәжірибесінің қысқаша мазмұны, тақырыптық бағыттар бойынша талдау нәтижелері ұсынылып, мүгедектігі бар әйелдер мен қыздардың құқықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, Орнықты даму мақсаттарын одан әрі ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Конференцияны өткізу Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы мен БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясының халықаралық міндеттемелерін орындауы үшін стратегиялық маңызы бар.

Іс-шара Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің назарында болатын инклюзия мәселелері бойынша мемлекеттік органдар, сарапшылар қауымдастығы және азаматтық қоғам арасында диалог алаңын жасайды.

Бұл кездесуді ұйымдастыру қажетті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз етті және республикалық және өңірлік деңгейде мүгедек әйелдердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тәсілдерін күшейтетін халықаралық конференцияны сапалы дайындауға елеулі үлес қосты.

II. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 17 қазанда **агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кадрлық қамтамасыз ету мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың басшылығымен кездесу** өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Нақты сектордың қажеттіліктеріне сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді кадрлық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру бөлігінде ауыл шаруашылығы, су ресурстары және ирригация, ғылым және жоғары білім және ағарту министрліктерінің ведомствоаралық үйлестіруін қамтамасыз ету.

1.2. Агроөнеркәсіптік кешендегі кадр тапшылығын болдырмау мақсатында көрші елдерден келген еңбек мигранттары үшін квотаны ұлғайту мәселесін пысықтау.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

2.1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен аграрлық кәсіпорындар арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ете отырып, аграрлық білім беру бағдарламаларының тәжірибеге бағдарлануын күшейту.

2.2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен және ҚР Білім министрлігімен бірлесіп мал шаруашылығында білікті кадрлардың тапшылығын төмендету бойынша кешенді шараларды пысықтау.

2.3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, студенттердің тәжірибесімен және тағылымдамаларымен алмасу үшін аграрлық жоғары оқу орындарының шетелдік ғылыми-білім беру орталықтарымен халықаралық ынтымақтастығын кеңейту.

2.4. Агроөнеркәсіптік кешен саласында лайықты еңбек жағдайларын жасау бойынша жұмыс берушілер үшін ынталандыру шараларын пысықтау.

2.5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп шопан мамандығының тапшылығын еңсеру және беделін арттыру үшін:

- аталған саладағы мамандарды жайылымдар маңында не ауылдық елді мекендерде жайлы тұрғын үй салу немесе беру не мемлекет тарапынан құрылысқа арналған шығыстарды ішінара қоса қаржыландыру жолымен қолжетімді және жайлы тұрғын үймен қамтамасыз ету;

- жеке қосалқы шаруашылықты немесе шағын фермерлікті дамытқысы келетін шабандоздар үшін арнайы төмен пайыздық несиелік бағдарламаларды әзірлеу;

- шопан балаларына арналған колледждер мен жоғары оқу орындарында арнайы білім беру гранттары мен квоталарын енгізу.

2.6. Мал сою, сою жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру және теріні сұрыптау жүйесі бойынша мамандар даярлауды қамтамасыз ету.

2.7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп АӨК қажеттіліктерін ескере отырып, ветеринария саласында кадрлар даярлау, сондай-ақ ветеринариялық мамандардың біліктілігін арттыру мәселесін пысықтау.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

3.1. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша бітірушілерді жұмысқа орналастыру тетігін әзірлесін.

3.2. «Цифрлық» шаруашылықтар үшін кадрлардың қажеттілігімен проблемаларды шешу жөніндегі жұмысты жалғастыру. Қолданыстағы Агро мамандықтардың оқу бағдарламаларына заманауи пәндерді енгізу, сондай-ақ «агроинформатик», «агро кәсіпорын әкімшісі», «смарт-жылыжай операторы», «агродрон инженері» және т. б. сияқты жаңа мамандықтарды енгізу.

3.3. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп** оқушылар арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу, табысты мысалдарды насихаттау және қосымша гранттар мен стипендиялар ұсыну арқылы Аграрлық мамандықтардың беделін арттыру мәселесін пысықтау.

3.4. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп** Аграрлық жоғары оқу орындарының, колледждердің қатысуымен АӨК-де кадрларды дамыту жөніндегі өңірлік кеңестер құру.

3.5. Инновациялық оқу курстарын әзірлеу үшін тәжірибелі шетелдік сарапшылар мен тәлімгерлерді тарту мүмкіндігін қарастыру.

3.6. Жұмыс берушілер мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қатысуымен аграрлық салада дуальды оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

4.1. Колледждер үшін АӨК саласындағы құзыреттерді жаңғырту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру.

4.2. Колледждер мен университеттердің білім беру бағдарламаларын синхрондау. Университеттерден колледждерге құзыреттерді беру тетігін кеңейту (білім беру бағдарламалары мен стандарттарын әзірлеу, жоғары және орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын интеграциялау және академиялық ұтқырлық жүйесін құру).

4.3. Агротехникалық колледждерді оқу және өндірістік мақсаттарда, оның ішінде лизинг тетігі арқылы, сондай - ақ лизинг тетігі арқылы пайдаланылатын заманауи ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуда қолдау мәселесін пысықтау:

- агрофирмалардың аграрлық колледждерге қамқорлығын белгілеу және ауыл шаруашылығы техникасын (оның ішінде лизингке) сатып алу;

- пайдаланылған, бірақ оқу мақсаттары үшін жарамды Ауыл шаруашылығы техникасын колледждерге беру;

- оқытушылар мен студенттердің қатысуымен колледждер базасында техниканы жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша бірлескен орталықтарды ұйымдастыру.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

5.1. Шопандарды мерзімінен бұрын зейнетақы алу құқығы бар қызметкерлердің жекелеген санаттарына жатқызу мәселесін пысықтау: ерлер үшін - 58 жас, әйелдер үшін - 55 жас.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2025 жылы 21 қарашада **Өсімдіктер дүниесін**

қорғау және олардың био алуандығын сақтау мәселелері бойынша (Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер дүниесі туралы» Заңының іске асырылу барысы туралы) кездесу өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ҰСЫНЫСТАР берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Өсімдіктер дүниесін қорғау және олардың био алуандығын сақтау саласында мемлекеттік органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын күшейтіп, осы бағыт бойынша бірыңғай Жол картасын әзірлеу.

1.2. Сирек және эндемикалық өсімдіктерді сақтау мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) желісін кеңейту мүмкіндігін қарастыру, әсіресе тарихи тұрғыдан аз қорғалған, бірақ ең осал болып табылатын дала және шөл экожүйелеріне басымдық беру.

2. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:

2.1. Спутниктік қашықтан зондтау, геоақпараттық технологиялар және қашықтан бақылау деректері негізінде өсімдіктер әлемін ұлттық деңгейде мониторингтеу жүйесін құру мәселесін пысықтау.

2.2. Компенсациялық отырғызу тетігін енгізу жұмыстарын жалғастыру, цифрлық есепке алу, мониторинг және өсімдіктердің жарықшақтану деңгейін бақылау жүйесін жетілдіру.

2.3. Сирек және эндемикалық өсімдік түрлерінің тұқымдық материалын жинақтап сақтау, ғылыми зерттеулер жүргізу, селекция, фармацевтика, медицина және биотехнология салалары үшін генетикалық ресурстарды пайдалану мақсатында Өсімдіктердің генетикалық қорын сақтау жөніндегі ұлттық орталық құру.

2.4. Флораны зерттеу, интродукциялау және акклиматизациялау жұмыстарын жүргізетін ғылыми-зерттеу институттарына, ботаникалық бақтарға және жоғары оқу орындарына мемлекеттік қолдауды күшейту.

2.5. БҰҰ-ның био алуандылықты сақтау бағдарламасы, Халықаралық табиғатты қорғау одағы және Ғаламдық экологиялық қор шеңберінде шетелдік зерттеу орталықтарымен ынтымақтастықты дамытуды жалғастыру.

2.6. Ормандардың фитосанитарлық мониторинг жүйесін жетілдіру; зиянкестердің жаппай көбеюінің алдын алу бойынша профилактикалық және қорғаныш шараларын пысықтау.

2.7. **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп** пестицидтер импортының бірыңғай электрондық мониторинг жүйесін құру және олардың айналымын қадағалау жүйесін енгізу. «Pan», «JMPS», «JMPS» халықаралық тізімдерінен белсенді заттардың айналымына тыйым салу мәселесін пысықтау.

2.8. Биопрепараттарды импортты алмастыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу. Өсімдіктерді қорғау бойынша отандық биопрепараттар өндірісін қолдау және Қазақстанның әртүрлі облыстарында аз тоннажды биотехнологиялық өндіріс құру мәселесін пысықтау.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

3.1. Зиянды организмдер мониторингінің цифрлық жүйелерін енгізуді, өсімдіктерді қорғауды биологияландыруды және зиянкестер санын реттеудің қауіпсіз әдістеріне көшуді қамтамасыз ету. Фитосанитариялық мониторинг бойынша бірыңғай ұлттық платформа құру мәселесін пысықтау.

3.2. Халықаралық деректер мен отандық фитосанитариялық мониторингті ескере отырып, карантиндік объектілер мен бөтен түрлердің бірыңғай тізбесін тұрақты жаңартуды қамтамасыз ету.

3.3. Жабайы жеміс-жидек дақылдарының генетикалық қорын қорғау бағдарламасын әзірлеу.

3.4. Табиғи экожүйелердегі зиянды организмдерді дер кезінде және кешенді фитосанитарлық бақылау мен мониторингті күшейту.

3.5. Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарына міндетті түрде фитоэкспертиза жүргізу бөлігінде ҚР «Тұқым шаруашылығы туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін пысықтау.

3.6. «ҚазӨҚЖКҒЗИ» ЖШС базасында тұқымдарды сауықтыру және сертификаттау үшін тұқым денсаулығы орталығын құру мәселесін пысықтау.

3.7. Барлық элиталық және тұқым шаруашылықтарында мамандандырылған аккредиттелген зертханаларда тұқымдарға фитоэкспертиза жүргізудің міндетті рәсімін енгізу және диагностика қорытындысы негізінде тұқымдарды қорғаныш-ынталандырушы құрамдармен улауды жүргізу.

3.8. Аса қауіпті пестицидтерді өсімдіктерді қорғаудың биологиялық және аз уытты құралдарымен кезең-кезеңімен алмастыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫ

2025 жылғы 20 қазанда Парламенттік комиссияның «**Орнықты даму мақсаттарын іске асырудағы цифрлық трансформацияның үлесі**» он бірінші отырысы өтті. Парламенттік комиссия мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, сарапшылық қоғамдастықтың өкілдерімен цифрлық трансформация мәселелері мен оның Орнықты даму мақсаттарын іске асырудағы үлесін талқылай келе, келесіні атап өтеді.

Цифрландыру Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) іске асырудың салааралық құралы болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректеріне сәйкес Қазақстанда 69 ұлттық маңызы бар (өзекті) ОДМ индикаторларының 64-ін іске асырудағы ілгерілеу электрондық ақпараттық жүйелер арқылы бақыланады.

БҰҰДБ талдауы көрсеткендей, ОДМ міндеттерінің 70%-ын орындау (169-дан 119-ы) цифрлық технологияларды қолдану арқылы жеделдетілуі мүмкін, ал 13%-ы (22 міндет) оларды пайдалануды тікелей көздейді.

ЭЫДҰ деректеріне сәйкес жасанды интеллект технологияларын енгізу және дамыту ЖІӨ-нің жыл сайын 0,25-0,6 р.т. өсуіне ықпал етуі мүмкін. Елдердің 70%-ы жасанды интеллектті мемлекеттік сектордың операциялық қызметі үшін пайдаланады, алайда тек 33%-ы саясатты әзірлеу және іске асыру үшін қолданады.

БҰҰ-ның электрондық үкіметті дамыту жөніндегі жаһандық рейтингінде 2024 жылы Қазақстан 193 елдің ішінде 24-орынды, сондай-ақ онлайн-қызметтер индексі бойынша 10-орынды иеленді. IMD цифрлық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан 69 елдің ішінен 34-орынды иеленеді.

Қазіргі уақытта цифрландыруды белсенді дамыту, жасанды интеллектті (бұдан әрі – ЖИ) енгізу және алдағы үш жыл ішінде толыққанды цифрлық мемлекетті қалыптастыру бойынша міндет қойылды.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай міндеттерді іске асыру электр энергиясы мен су ресурстарының (серверлік жабдықты салқындату жүйелері үшін) айтарлықтай шығындарын талап етеді.

Цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытудың Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге әсері мәселелерінің өзектілігін ескере отырып, Комиссия мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Digital Qazaqstan цифрландыру және ЖИ дамыту жөніндегі бағдарламалық құжатты әзірлеу кезінде кең талқылау жүргізу.

1.2. **Қазақстан Республикасы** Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, цифрлық шешімдер мен ЖИ технологияларын пайдалана отырып, ОДМ мониторингінің ұлттық жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру, соның ішінде ОДМ индикаторларын есептеу әдіснамаларын елдің орнықты дамуына қосқан үлесі мен әсерін ескеру үшін бейімдеу мәселесін пысықтау.

1.3. Мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық жүйелерінің толыққанды интеграциясын, сондай-ақ орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу үшін деректердің өзектілігін, дұрыстығын және сапасын қамтамасыз ету.

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне:

2.1. Қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін зерттеушілерге ұлттық есептеу қуатына (*Alem.cloud кластері, академиялық суперкомпьютерлер*) қол жеткізуді қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру.

2.2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені (БММАЖ) және e-Densaulыq платформасын масштабтауды, сондай-ақ ЖИ және телемедицина негізіндегі шешімдерді енгізуді қамтамасыз ету.

2.3. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар, Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп шығарындыларды талдау, қоқыс үйінділерін бақылау және орман өрттерін ерте анықтау үшін Экологиялық мониторингтің ұлттық ЖИ-жүйесін іске асыру.

2.4. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп геологиялық есептерді өңдеуді цифрландыру және жасанды интеллект көмегімен геологиялық зерделеу базасын қалыптастыру, сондай-ақ құрылыс саласын цифрландыру жұмысын жалғастыру.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

3.1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, цифрландыру және жасанды интеллект саласында кадрларды даярлау және оқыту сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау.

3.2. Жасанды интеллектті пайдалана отырып, дербестендірілген оқыту нысандарын енгізу бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге түзетулер енгізу қажеттілігін қарастыру.

3.3. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп білім мен ғылымның бірыңғай цифрлық платформасын енгізуді, студенттердің цифрлық және талдамалық дағдыларын дамыту үшін педагогтің ЖИ-ассистенттерін және AI-Sana платформасын интеграциялауды қамтамасыз ету.

3.4. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ), сондай-ақ білім беруді, денсаулық сақтауды және климаттың өзгеруіне бейімделуді қоса алғанда, экономиканың барлық секторларындағы инновацияларды қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

4.1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ЖИ-ассистенттерін (электрондық тьюторлар, психологтар, мансап жөніндегі кеңесшілер) оқушылар мен ТЖКБ студенттерінің жайлылығын, психоэмоционалдық әл-ауқатын және оқыту тиімділігін арттыру үшін қолдану мүмкіндігін қарастыру.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

5.1. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп жұмыс дағдыларын талдау және жеке жұмыспен қамту траекторияларын құру үшін hg.enbek.kz платформасында ЖИ-агенттерін енгізуді іске асыру.

5.2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрліктерімен бірлесіп еліміздің барлық өңірлерінде «Әлеуметтік әмиян» және «Отбасының цифрлық картасы» жүйесін масштабтауды қамтамасыз ету.

5.3. Уәкілетті мемлекеттік органдармен, ұлттық компаниялармен және квазимемлекеттік сектор субъектілерімен бірлесіп цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы еңбек ресурстарының қажеттіліктерін болжауды қамтамасыз ету.

6. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне:

6.1. Спутниктік мониторингтен, гидрологиялық станциялардан, ведомстволық есептіліктен, статистикадан және есепке алу аспаптарынан жер үсті және жер асты сулары туралы деректерді біріктіретін және өзектендіретін бірыңғай цифрлық кеңістікті білдіретін Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін құру бойынша әзірлеуді жалғастыру.

6.2. **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен** және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрымен интеграциялауды қоса алғанда, су тұтынуды ерте болжау жүйесін толыққанды енгізуді, сондай-ақ суармалы ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша тарихи және ағымдағы өзекті деректермен алмасуды қамтамасыз ету.

7. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне:

7.1. Саладағы процестерді басқару тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін Отын-энергетикалық кешенді басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде цифрлық сервистер мен ЖИ технологияларын енгізу.

7.2. Басқа мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен және отын-энергетика кешенімен, оның ішінде энергетика саласының кибертұрақтылық деңгейін арттыру мақсатында деректермен автоматтандырылған алмасуды қамтамасыз ету.

7.3. Ұлттық энергетикалық жүйенің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын талдамалық құралдарды жетілдіру бойынша шаралар қабылдау.

8. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне:

8.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығын жоғары өнімді суперкомпьютермен жабдықтау және Ядролық физика институтында жасанды интеллект зертханасын құру мүмкіндігін қарастыру.

8.2. Атом энергиясын қолдану саласындағы нысандарда ақпараттық құралдарды алу және персоналды аттестаттау бойынша бизнес-процестерді автоматтандыру мақсатында цифрлық сервистер мен ЖИ технологияларын енгізу.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

9.1. Қолданыстағы ақпараттық жүйелердің үйлесімділігі мен интеграциясын қамтамасыз ете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін бірыңғай цифрлық экожүйені қалыптастыру жөніндегі жұмысты жеделдету.

9.2. Енгізілген цифрлық құралдар мен пилоттық жобалардың нәтижелерін жан жақты талдау негізінде олардың тиімділігін бағалауды жүргізу және неғұрлым табысты шешімдерді өнеркәсіптік пайдалануға енгізу.

9.3. Процестердің ашықтығын арттыру және шығындарды азайту үшін өндірістен іске асыруға дейін ауыл шаруашылығы өнімдерінің қозғалысына цифрлық бақылауды енгізу.

9.4. Дәл егіншілік модульдерін, жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып өнімділікті болжауды, малды RFID-сәйкестендіруді және жердің спутниктік мониторингін қамтитын «е-АӨК» экожүйесін енгізуді қамтамасыз ету.

10. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне:

10.1. Сыртқы сауда қызметіндегі тарифтік саясат саласындағы ұлттық ОДМ индикаторларын есептеу процесін цифрландыру және автоматтандыру бойынша жұмысты аяқтау.

10.2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп Тауарларды қадағалаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактуралар мен фискалдық деректер операторларының ақпараттық жүйелері арасында интеграцияны және деректермен автоматтандырылған алмасуды қамтамасыз ету.

11. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ:

11.1. Мүдделі мемлекеттік органдармен Холдингтің компаниялар тобының клиенттерінен сұратылатын құжаттар санын азайту және өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту мақсатында ақпараттық жүйелермен (*Цифрлық құжаттар; Мемлекеттік кірістер комитетінің деректер базасы; Е-лицензиялау; Жобаларды кешенді сараптаудың бірыңғай порталы; «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қоры; Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры; Жария мүдделі ұйымдар және бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне арналған ақпараттық қызмет; Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе*) интеграция жасау.

12. Жергілікті атқарушы органдарға:

12.1. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жасанды интеллект технологиялары саласындағы мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қаржыландырудың жергілікті мақсатты бағдарламаларын әзірлеу.

12.2. «E-Joldar» бірыңғай цифрлық платформасына енгізу үшін жергілікті деңгейдегі жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының, қала көшелерінің және елді мекендердің электрондық паспорттарын сапалы және уақытылы әзірлеуді қамтамасыз ету.

12.3. Цифрлық технологияларды қолдана отырып, жергілікті маңызы бар көлік (автомобиль жолдарында автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнатуды қоса алғанда), су шаруашылығы, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі жұмыстардың жоғары сапасын қамтамасыз ету.

12.4. Жеңілдетілген санаттағы адамдар үшін мемлекеттік тұрғын үй көмегіне, мектептегі тамақтануына, қоғамдық көлікке (жеңілдікті жол жүру билеттері) және басқа да қызметтерге «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесімен интеграциялау арқылы проактивті форматта оңайлатылған қолжетімділікті қамтамасыз ету.

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

I. 2025 жылғы 3 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде (Тәуелсіздік көшесі, 54) «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының отырысын өткізді. Іс-шара VIII шақырылымның IV сессиясына (2025-2026 жылдарға) Қазақстан Республикасы Парламентінің «Бір ел-бір мүдде» депутаттық тобының жұмыс жоспары шеңберінде ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының мүшелері Қазақстан халқы Ассамблеясының «**Біздің күшіміз бірлікте**» тақырыбындағы отырысына қатысты.

Отырысты депутаттық топтың жетекшісі – Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым жөніндегі комитетінің Төрағасы Н.Б. Жүсіп өткізді. Отырыс жұмысына Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары М.Әзілханов, ҚХА мүшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қатысты.

Депутаттық топтың жетекшісі сенатор Н.Б. Жүсіп өз сөзінде кездесу тақырыбы Қазақстан мемлекеттілігінің іргелі құндылықтары – еліміздегі барлық азаматтардың татулығы, келісімі мен бірлігін толық көрсететінін атап өтті. Тәуелсіздіктің негізін қалаған дәл осы қағидаттар отыз жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның үдемелі дамуының негізгі факторына айналды. Депутат Мемлекет басшысы қоғамды біріктіру және халық бірлігін нығайту мәселесіне ерекше назар аударып отырғанын жеткізді.

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен ұлттық бірлік пен азаматтық бірегейлікті нығайту бағыты дәйекті түрде жүзеге асып келеді. Мемлекет басшысы халық бірлігі – еліміздің стратегиялық ресурсы, күші мен тұрақтылығының қайнар көзі екенін атап өтті. Жолдауда Президент қоғамды топтастыруға, әділеттілік және барлық азаматтарға тең мүмкіндік жасауға ерекше назар аударған болатын. Бұл тәсіл «Жаңа Қазақстан» философиясын паш етеді, онда әркім ортақ іске өзінің қатысы мен Отанымыздың болашағына жауапкершілікті терең сезінеді», - деді Н.Б. Жүсіп.

Сонымен қатар ол қазіргі заманғы әлеуметтік, экономикалық және геосаяси қауіп-қатер жағдайында халық бірлігінің маңызы ерекше екенін атап өтті. Қазақстан жаһандық өзгерістер мен сыртқы дүрбелеңдерге қарамастан, ел халқының ішкі түпқазығы – бірліктің арқасында тұрақтылық аралы болып қала береді.

«Біз бірліктің өздігінен пайда болмайтынын есте ұстауымыз керек. Оны диалог пен өзара түсіністік және әділеттілік арқылы нығайта түсу керек. Президент қойған мақсаттарды тек бірге ғана жүзеге асыра аламыз және әрбір адам өзін Қазақстанның біртұтас халқының бір бөлігі ретінде сезінетін әділетті, күшті және гүлденген мемлекетті өркендете аламыз. Бүгінгі отырыс еліміздің бүкіл қоғамдастықтар арасындағы сенім мен ынтымақтастықты нығайтатын жаңа бастамалар мен шешімдерге бастайтын нық қадам болсын», - деп атап өтті Сенатор.

II. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаевтың тапсырмасын орындау үшін Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті депутаттарының қатысуы, сондай-ақ Комитет Төрағасы Н.Б. Жүсіптің тарапынан **«Цифрлық дәуір: ұлттық құндылықтар және бірегейлік»** тақырыбындағы «Ұлттық мүдде» диалог алаңының кезекті отырысын жүргізуі қамтамасыз етілді. Отырыс 2025 жылғы 7 қарашада Сенат Төрағасы М.С. Әшімбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде өтті.

Қатысушылар ретінде зиялы қауым мен сарапшылар қоғамдастығының өкілдері цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында рухани және адамгершілік бағдарларды қалай сақтау керектігін, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды ілгерілету үшін жасанды интеллект әлеуетін тиімді пайдалануды талқылады.

Алғы сөзінде М.Әшімбаев цифрландыру мен жасанды интеллекттің қоғамдық өмірдің барлық салаларына – қалыптасып келе жатқан дүниетанымнан құндылықтар жүйесіне және күнделікті мінез-құлыққа әсер ету ауқымын атап өтті. Бұл жағдайда, оның айтуынша, өзекті құндылық бағдарларын анықтау, оларды жаңа шындыққа бейімдеу және заманауи цифрлық құралдардың көмегімен ілгерілету басты міндет болып табылады. Ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Қазақстанды үш жыл ішінде толыққанды цифрлық елге айналдыру мақсатын қойғанын, бұл ұлттық бірегейлікті нығайту үшін жаңа серпін болатынын еске салды.

Спикер ЖИ-нің дамуы рекордтық қарқынмен жүріп жатқанын атап өтті: бұл салаға инвестициялар жыл сайын қарқынды өсуде, ал әлемдік компаниялардың басым көпшілігі жасанды интеллект технологияларын енгізуде. Осыған байланысты ол цифрлық дәуірді қауіп ретінде емес, ұлттық және цифрлық иммунитетті нығайту, адалдықты, еңбекқорлықты, жауапкершілікті және онлайн кеңістіктегі басқа да негізгі құндылықтарды ілгерілету мүмкіндігі ретінде қарастыруға шақырды.

Сараптамалық талқылауға ҚР Ұлттық музейінің директоры Б. Әбдіғалиұлы, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы М. Құлкенов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б. Әлімжанов, «Т. Жүргенов» атындағы ҚазҰӨА ректоры А. Жүдебаев, «Жастар» театрының көркемдік жетекшісі Н. Жақыпбай, CodiPlay CEO-сы Д. Қалиаждаров, ҚСЗИ, шығармашылық индустрия, IT-сала өкілдері, сондай-ақ Сенат жанындағы сарапшылар клубының мүшелері қатысты.

Сонымен қатар, қатысушыларға заманауи технологияларды пайдалана отырып жасалған бірқатар жобалар ұсынылды: мәдени мұраның 3D-үлгілері бар E-museum веб-порталы, руникалық жазуды тану бойынша цифрлық шешімдер, Steppe Games қазақ тілін үйренуге арналған мобильді ойын, «Қазақ әдебиетінің аудиофонды», «Қорқыт», Оуи Resonance және басқа да ұлттық әдебиет пен өнерді танымал ету бойынша мультимедиялық жобалар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2025 жылғы 12 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің «Қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру: әлеуметтік ұстанымдарды өзгерту, мүгедектігі бар адамның оң бейнесін қалыптастырудағы мәдениеттің рөлі» тақырыбындағы отырысын өткізді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңес қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және инклюзия құндылықтарын ілгерілету, әлеуметтік ұстанымдарды өзгерту және мүгедектігі бар адамның оң бейнесін қалыптастыру мәселелерін талқылай келе, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың, сарапшылар қауымдастығы мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсынған ақпаратына сүйене отырып, мыналарды:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

– мүгедектігі бар адамдардың оң қоғамдық қабылдауын қалыптастыруға бағытталған мәдени жобалардың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және іске асыруды;

– инклюзивті мәдени бастамаларды жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар (бұдан әрі – ҮЕҰ) мен шығармашылық бірлестіктерге гранттық және әдістемелік қолдау көрсетуді;

– **Бұқаралық ақпарат құралдары және ҮЕҰ-мен бірлесіп**, қоғамда инклюзия құндылықтарын және әлеуметтік бірлікті ілгерілетуге бағытталған ақпараттық қолдауды күшейтуді;

– инклюзия тақырыбын жария ететін журналистердің, блогерлердің және ҮЕҰ бастамаларын қолдауды күшейтуді;

– сапалы инклюзивті контент жасағаны үшін БАҚ пен қоғамдық ұйымдарды көтермелеу жүйесін енгізуді;

– қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және инклюзия құндылықтарын ілгерілету бойынша мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ-ның бірлескен жобаларын дамытуға қолдау көрсетуді күшейтуді;

– мәдениет және ақпарат саласына мамандар дайындауда инклюзивті білім беру стандарттарын озық тәжірибелерге сәйкес жетілдіруді және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруды;

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне:

– мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына мүгедектігі бар адамдарға құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған білім беру модульдерін енгізуді;

– **сарапшылар мен ҮЕҰ-ның қатысуымен** мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жасайтын педагогтар мен мектеп психологтарына арналған әдістемелік материалдар әзірлеуді;

- ҮЕҰ-мен серіктестікте жүзеге асырылатын инклюзивті білім беруге қатысты жастар және студенттік бастамаларды қолдауды;
- инклюзивті білім беруде қолданылатын ым тілінің қазақ тіліндегі нұсқасын дайындауды;

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

- мүгедектігі бар адамдарға қатысты қоғамдық стереотиптерді өзгертуге бағытталған шаралар кешенін, соның ішінде әлеуметтік жарнама мен ҮЕҰ-мен бірлескен іс-шараларды әзірлеуді;
- мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін тарта отырып, инклюзиялық орта қалыптастыруда әмбебап дизайн қағидаттарын және қолжетімді орта идеясын ілгерілету жөніндегі жұмысты жандандыруды;
- инклюзивті мәдениетті дамытуға және инклюзия құндылықтарын ілгерілетуға қатысты ұсыныстар әзірлеу үшін ҮЕҰ-мен ынтымақтастықты күшейтуді;

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

- мәдениет және ақпарат саласына мамандар дайындауда инклюзивті білім беру стандарттарын меңгерген педагогтар дайындауды;
- инклюзиялық білім берудің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, мәдениет және медиа-коммуникациялар мәселелері бойынша білім беру курстарын енгізуді;
- мәдениет, өнер, масс-медиа бағытында ерекше қабілетке ие мүмкіндігі шектеулі адамға (балаға) арнайы мемлекеттік грант беру мүмкіндігін қарастыруды;
- **инклюзивті мәдениетті қалыптастыру саласындағы ғылыми зерттеулерді сараптамалық ұйымдар мен ҮЕҰ-мен бірлесіп жүргізуді ынталандыруды;**
- мемлекеттік ғылыми гранттар мен жобаларға инклюзивті тақырыптарды қосуды;
- **мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп** мүгедектігі бар адамдарға (балаларға) қатысты қолданыстағы терминдерге талдау жасауды және кемсітушілікті болдырмаудың озық тәжірибесіне сәйкес жұмыстар жүргізуді;

5. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне:

- өңірлік даму бағдарламаларында ҮЕҰ-ның қатысуымен инклюзивті тәжірибелерді ілгерілету шараларын көздеуді;
- мүгедектігі бар адамдардың өңірдің мәдени және қоғамдық өміріне белсенді қатысуына жағдай жасауды;
- жергілікті жерде инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға және инклюзия құндылықтарын насихаттауға бағытталған мәдениет мекемелері, білім беру ұйымдары және қоғамдық бірлестіктер арасындағы бірлескен жобаларды қолдауды;

– **Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп:**

– Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің және Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың инклюзивті орта қалыптастырудағы тәжірибесін зерделеуді және жергілікті жердегі музейлер мен кітапханаларда инклюзивті орта: «қолжетімді музей» және «қолжетімді кітапхана» қалыптастыруды ұйымдастыруды;

– Солтүстік Қазақстан облысындағы Қызылжар креатив орталығы тәжірибесін зерделеуді және осындай креатив орталықтарын жергілікті жерде ашу мүмкіндіктерін қарастыруды;

6. Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерге:

– мүгедектігі бар адамның оң бейнесін қалыптастыруға бағытталған мәдени, білім беру және ақпараттық жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуды;

– қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың және инклюзия құндылықтарын ілгерілетудің озық тәжірибелерін таратуды;

– мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және бизнес-қоғамдастықпен инклюзивті мәдениетті қалыптастыруда және инклюзия құндылықтарын ілгерілетуде серіктестікті нығайтып, бірлескен бастамаларды іске асыруды **ҰСЫНАДЫ.**

II. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаевтың тапсырмасын орындау мақсатында 2025 жылғы 8 желтоқсанда Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің ұйымдастыруымен **Орталық Азиядағы (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан) сексуалдық зорлық-зомбылық және мүгедектік бойынша зерттеу нәтижелерінің тұсаукесері** ұйымдастырды. Іс-шара Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қабырғасында Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің базасында өтті.

Тұсаукесерге Парламент Сенаты жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің басшысы, «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығының төрайымы Л.М.Қалтаева, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшелері, сондай-ақ азаматтық қоғам мен сарапшылар қауымдастығының өкілдері қатысты.

Шарада ұсынылған зерттеуді Equality Now халықаралық ұйымы 2023 және 2025 жылдар аралығында жүргізген. Оның қорытындылары Орталық Азия елдеріндегі мүгедектігі бар әйелдер мен қыздарға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылықтың ауқымын, факторлары мен нысандарын жан-жақты талдауды көрсетеді, сондай-ақ ұлттық саясатты жетілдіруге, алдын алу шараларын күшейтуге және ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін дамытуға бағытталған бірқатар практикалық ұсыныстарды қамтиды.

Тұсаукесерде қазақстандық контекстке ерекше назар аударылды. Елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету тек мемлекеттік саясаттың басымдығы ретінде ғана

емес, сонымен қатар әділеттілік, адам қадір-қасиетін құрметтеу және инклюзивті қоғамның құндылықтары қағидаты ретінде қарастырылады.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар спортта, мәдениетте, білім беруде, мемлекеттік қызметте және басқа да салаларда өз әлеуетін табысты жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосады және қоғам өмірінің белсенді бөлігі болып табылады.

Қазақстан мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғаудың құқықтық және институционалдық негіздерін дәйекті түрде нығайтып келеді. Республика 2015 жылы Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын және 2023 жылы оның Факультативтік хаттамасын ратификациялады, бұл оның адам құқықтарының халықаралық стандарттары мен тетіктеріне адалдығын көрсетеді.

Баяндаманың тұсаукесері Халықаралық мүгедектігі бар адамдардың құқығын қорғау күніне орайластырылды және «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік» халықаралық акциясы аясында өткізілді. Бұл формат мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сарапшылардың және халықаралық серіктестердің күш-жігерін біріктіре отырып, кешенді тәсілдің қажеттілігін көрсетті және мүгедектігі бар әйелдер мен қыздарға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылық мәселесіне назар аударуға мүмкіндік берді.

Іс-шара Орталық Азия елдерінің Орнықты даму мақсаттарын, БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының және БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясының ережелерін жүзеге асыруға байланысты халықаралық міндеттемелерін орындауға елеулі үлес қосты. Ол тәжірибе алмасу, өзекті мәселелерді талқылау және өңірдегі мүгедектігі бар әйелдер мен қыздарды қорғау шараларын күшейтуге және құқықтарын ілгерілетуге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге арналған маңызды алаңға айналды.

«Өңір» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

2025 жылғы 3 желтоқсанда Сенат ғимаратында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті ұйымдастырған «Өңір» депутаттық тобының отырысы өтті.

Талқылаудың негізгі тақырыбы **«Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту»** ұлттық жобасын іске асыру барысын қарау болды. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Жолдауын іске асыру контекстінде қаралды.

Іс-шара Парламенттің VIII шақырылымының IV сессиясына (2025–2026 жылдар) арналған топтың Жұмыс жоспары аясында өткізілді. Отырыс жұмысына «Өңір» тобынан оны ұйымдастыруға жауапты болған депутат Р.Р. Рүстемов қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйекте «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажет. Бұл жұмыс, ең алдымен, энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында жүргізілуге тиіс... Алайда тұтынушыларға арналған тарифтің орынсыз өсуіне жол беруге болмайды», – деп атап өтті.

Энергетика және коммуналдық сектор активтерінің тозу деңгейінің тым жоғары болуына байланысты белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін назарға ала отырып және «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасын (бұдан әрі – Ұлттық жоба) тиімді әрі жүйелі іске асыруды қамтамасыз ету, отандық тауар өндірушілерді қолдау, сондай-ақ инвестициялық қаражаттың мақсатсыз жұмсалуды болдырмау, халық арасында әлеуметтік шиеленіске жол бермеу мақсатында отырысқа қатысушылар **ҰСЫНАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне:

1.1. 2029 жылға қарай желілердің орташа тозуын 42–45%-ға дейін төмендету жөніндегі негізгі міндетке қол жеткізуге бағытталған инвестициялардың мақсатты пайдаланылуына бақылауды күшейту;

1.2. Ұлттық жобаның іске асырылуын талдау мен бағалауға және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін уақтылы түзетулер енгізуге бағытталған жаңғырту жобаларын іске асыруға мониторинг жүргізу мен бағалаудың кешенді жүйесін әзірлеу және енгізу;

1.3. ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар бойынша «due diligence» рәсімдерін жеделдету және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-нан түсетін өтінімдердің жедел өтуін қамтамасыз ету;

1.4. Ұлттық жоба мониторингінің бірыңғай цифрлық платформасын, сондай-ақ жаңартуды талап ететін инфрақұрылым объектілерінің бірыңғай цифрлық тізілімін құру;

1.5. желілер мен жабдықтарға техникалық тексеру жүргізу үшін тәуелсіз энергия сарапшы ұйымдарды міндетті түрде тарту тетігін енгізу мүмкіндігін қарастыру;

1.6. **Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп**, бір мемлекеттік орган шеңберінде электр энергияға генерациялау және шекті тарифті бекіту функцияларын орталықтандыру мәселесін қарастыруды пысықтау.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне:

2.1. табиғи монополиялар субъектілері бекітілген тарифке қосқан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) инфрақұрылымының тозуын азайтуға бағытталатын инвестициялық қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды күшейту;

2.2. жаңғыртуды қосарланған қаржыландыруды (мемлекеттік қаражат есебінен және тұтынушылар тарифі есебінен) болдырмау үшін сыртқы

қаржыландыру есебінен жаңғыртылған желілердің тозуын алып тастауды ескере отырып, Ұлттық жобаға қатысатын табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтеріне түзету жүргізу мүмкіндігін қарастыру;

2.3. халықты Ұлттық жобаның іске асырылу барысы мен жетістіктері туралы, оның ішінде ТКШ желілерінің тозуын азайту бойынша тарифтердің өсу мақсаттары туралы тұрақты түрде хабардар ету арқылы қамтамасыз ету.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:

3.1. ТКШ инфрақұрылымының қауіпсіздігі мен ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ету мақсатында желілерді жаңғырту үшін сатып алынатын жабдықтарға (*құбырлар, арматура және т.б.*) бірыңғай сапа стандарттары мен техникалық талаптарды әзірлеу мүмкіндігін қарау;

3.2. отандық тауар өндірушілерді қолдау және импортқа тәуелділікті барынша азайту шаралары ретінде Қазақстанда жоғары технологиялық жабдықтар (*трансформаторлар, сорғылар және т.б.*) өндірісін оқшаулауға жәрдемдесу;

3.3. Ұлттық жобаның жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар дайындау, онда тозуды бағалау және техникалық бақылау бойынша қызмет көрсетушілерге қойылатын біліктілік талаптарын және энергетикалық сараптама ұйымдарын міндетті түрде тартуды қарастыру.

4. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына:

4.1. Ұлттық жобаға енгізілген нысандар үшін барлық қажетті жобалау және жерге орналастыру құжаттамасының (*техникалық-экономикалық негіздеме, сараптама*) уақтылы және сапалы дайындалуын қамтамасыз етуді;

4.2. ТКШ-ның барлық объектілеріне, оның ішінде иесіз активтерді жедел тіркеу және теңгерімге қою үшін оларға түгендеу жүргізу;

4.3. **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерімен бірлесіп,** ТКШ-ны жаңғырту жобаларының нақты қажеттіліктеріне бағдарланған кадрларды (*инженерлер, дәнекерлеушілер, жылу техниктері және т.б.*) өңірлік колледждерде кәсіптік даярлау және қайта даярлаудың нысаналы бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;

4.4 коммуналдық және энергетикалық салаларды жаңғыртуға Қызылорда облысының мемлекеттік-жекешелік әріптестік тәжірибесін зерделей отырып жеке инвестицияларды тартудың жаңа тетіктерін қолдану мүмкіндігін қарастыру;

4.5 коммуналдық және энергетикалық салаларды басқару және тарифтерді қалыптастыруға жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кеңінен енгізуді қарастыру;

4.6. халықтың әлеуметтік осал топтары үшін ТКШ жүйесін жаңғыртудан кейін тарифтердің ықтимал өсуін өтеу (*нысаналы тұрғын үй жәрдемақылары*) үшін өңірлік бағдарламаларды әзірлеу;

4.7. халық арасында тарифтердің өсу себептері және ТКШ-ны жаңғыртудан күтілетін нәтижелер туралы түсіндіру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз ету;

4.8. ТКШ жүйесі бойынша қоғамдық бақылауды және тарифтік шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жергілікті мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі жұмысты күшейту.

IX. СЕНАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламентаралық дипломатия құралдарын дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған.

2025 жылғы 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында келесі іс-шаралар өтті:

ресми сапарлар, келіссөздер, кездесулер:

2 қыркүйек – Сенатор Стефани Д'Оз бастаған Бельгия Федералды Парламенті Сенатының делегациясымен кездесу (О.Перепечина, Ә.Бектаев, О.Булавкина, А.Қапбарова, А.Сатвалдиев);

2 қыркүйек – Австрия Парламенті делегациясымен кездесу (Ә.Бектаев, А.Арғынбекова, Е.Әйткенов, Ж.Жөргенбаев, А.Сатвалдиев, Н.Байқадамов);

4 қыркүйек – Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзагвийн Амарбаясгаланмен кездесу (М.Әшімбаев);

3-7 қыркүйек – Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен БРИКС шеңберінде «Рухани жібек жолы: ұлттар мен континенттерді біріктірудегі моральдық құндылықтардың рөлі» атты VI Халықаралық конференцияға қатысу (Н.Жүсіп);

15 қыркүйек – Дүниежүзілік Ислам Лигасының Бас хатшысы Мұхаммед бен Абдулкарим Әл-Исамен кездесу (М.Әшімбаев, Н.Бекназаров);

16 қыркүйек – Қытай даосистер қауымдастығының Төрағасы Ли Гуанфумен кездесу (М.Әшімбаев, С.Алдашев);

16 қыркүйек – ҚХР Дін істері жөніндегі Бас басқармасы Әкімшілік департаменті бастығының орынбасары Сунь Вэймен кездесу (М.Әшімбаев, С.Алдашев);

16 қыркүйек – Қытай буддистер қауымдастығы Төрағасының орынбасары Цзин Бомен кездесу (М.Әшімбаев, С.Алдашев);

16 қыркүйек – Кавказ мұсылмандары Басқармасының Төрағасы Шейх-ул-ислам Аллашукюр Пашазадемен кездесу (М.Әшімбаев, Н.Жүсіп);

16 қыркүйек – «Сомайя Видявихар» Президенті Самир Шантилал Сомайямен кездесу (М.Әшімбаев, З.Кузиев);

16 қыркүйек – БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратиноспен кездесу (М. Әшімбаев, А. Арғынбекова);

16 қыркүйек – Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен кездесу (М.Әшімбаев);

16 қыркүйек – Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Кириллмен кездесу (М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Лукин);

17 қыркүйек – Бас Ашкенази раввині Кальман Бермен кездесу (М.Әшімбаев, С.Карплюк, Г.Шиповских);

17 қыркүйек – Бас Сефард раввині Дэвид Йосефпен кездесу (М.Әшімбаев, С.Карплюк, Г.Шиповских);

17 қыркүйек – Қасиетті Иерусалимнің, бүкіл Палестинаның, Арабияның, Сирияның аса қасиетті Патриархы III Феофилмен кездесу (М.Әшімбаев, О.Булавкина);

17 қыркүйек – Қасиетті Тақтың дінаралық диалогы бойынша Дикастерия префекті Джордж Дж.Кувакадпен кездесу (М.Әшімбаев, Е.Болгерт);

17 қыркүйек – Англикан қауымдастығы Бас хатшысының орынбасары, епископтық қызмет мәселелері жөніндегі епископ Джо Бейли Уэллспен кездесу (М.Әшімбаев);

17 қыркүйек – Англикан дінаралық комиссиясының төрағасы, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Англикан шіркеуі провинциясының аға епископы Данальд Джутпен кездесу (М.Әшімбаев);

17 қыркүйек – Ислам білім, ғылым және мәдениет ұйымының (ИСЕСКО) Бас директоры Салим бин Мұхаммед әл-Мәликпен кездесу (М.Әшімбаев);

17 қыркүйек – Оксфорд ислам зерттеулері орталығының негізін қалаушы әрі директоры, доктор Фархан Ахмад Низамимен кездесу (М.Әшімбаев);

17 қыркүйек – Әл-Азхар Жоғарғы имамының орынбасары Мұхаммад әл-Дуайнимен кездесу (М. Әшімбаев);

17 қыркүйек – Иран Ислам Республикасы Президенті жанындағы Мәдениет және исламдық байланыстар ұйымының президенті Мұхаммад Мехди Иманипурмен кездесу (М. Әшімбаев);

18 қыркүйек – ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылықтар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары Кристоф Камппен кездесу (М. Әшімбаев);

23 қыркүйек – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қырғыз Республикасына, Бішкек қаласына жұмыс сапары (Н.Жүсіп, С.Макежанов, Д.Қыдырәлі, Л.Рысбекова, М.Қадырбек);

24 қыркүйек – Венгрия Мемлекеттік жиналысының Төрағасы Ласло Кёвермен кездесу (М.Әшімбаев, А.Лукин);

29 қыркүйек – Италия Республикасы Президенті Серджо Маттарелламен кездесу (М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Ә.Бектаев, А.Лукин, Н.Бекназаров, С.Шайдаров, Ә.Рахметова);

29-30 қыркүйек – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М. Әшімбаевтың Страсбург қаласына жұмыс сапары (О.Перепечина, Н.Бекназаров, А.Арғынбекова, Е.Больгерт, Б.Жексенбай, Б.Орынбеков);

2 қазан – Sinovation Ventures венчурлық қорының негізін қалаушы Кайфу Лимен кездесу (М.Әшімбаев);

3 қазан – Венгрия Президенті Т.Шуйокпен кездесу (М.Әшімбаев);

10 қазан – Польша Сенатының делегациясымен кездесу (А.Лукин, А.Нұғманов, М.Қожаев, Н.Байқадамов, С.Ершов);

13 қазан – Швейцария Кантондар кеңесінің депутаттарымен кездесу (Ж.Асанов);

28 қазан – Германия Бундестагының депутаттарымен кездесу (Н.Бекназаров, Е.Большерт, Ж.Асанова, М.Қадырбек, Қ.Тастекеев);

28-30 қазан – Әзербайжан Республикасының Конституциясының 30 жылдығына арналған конференция, Баку қаласы (С.Медебаев);

4 қараша – ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар офисінің басшысы А.Роговпен кездесу (М.Әшімбаев);

5-7 қараша – Иорданияның Амман қаласында жасанды интеллект бойынша тренингке қатысу (Н.Бекенов);

5-12 қараша – Германияның Берлин қаласында Германия еңбек азшылықтары қауымдастығының отырысы (Е.Большерт);

10 қараша – БҰҰ-ның Халық саны саласындағы қорының өңірлік бөлімшесінің басшысымен кездесу (О.Перепечина);

11 қараша – Иорданияда жасанды интеллектіні террористік мақсатта пайдалануға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық парламенттік тренингке қатысу (Н.Бекенов);

13-14 қараша – ТМД ПАА шеңберінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Тәжікстан Республикасына жұмыс сапары (Ж.Асанов, С.Алдашев, А.Лукин, О.Булавкина, С.Өтешов, Қ.Тастекеев);

18 қараша – Стамбул қаласында ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының 23-күзгі отырысына қатысу (А.Арғынбекова);

24 қараша – ТМД Парламентаралық Ассамблеясының отырыстарына қатысу (М.Әшімбаев, А.Лукин, С.Алдашев, О.Булавкина, Ж.Асанова, С.Өтешов);

2 желтоқсан – Қазақстан Республикасындағы Қасиетті Тақтың Апостолдық нунцийі Дж. Панамтундиломен кездесу (М.Әшімбаев);

2 желтоқсан – Палестина Мемлекеті Президентінің дін істері және исламдық қатынастар жөніндегі Кеңесшісі, Шарифат соты кеңесінің Төрағасы, Жоғарғы судья Махмуд Сидки Абдаррахман әл-Хаббашпен кездесуі (М.Әшімбаев);

3 желтоқсан – Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақтың Елшісі Алешка Симкичпен кездесу (Ж.Асанов);

3 желтоқсан – Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы Еуропалық Одақтың Өкілдігінің қолдауымен ұйымдастырған «Өңірлік дамудың басым бағыттарын талқылау: басымдықтар, мүмкіндіктер, шешімдер» стратегиялық сессиясы (О.Перепечина);

3 желтоқсан – Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы мен ЕҚЫҰ Бағдарламалар офисі ұйымдастырған «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік: алынған сабақтар және алдағы қадамдар» ұлттық конференциясы (А.Арғынбекова);

8-9 желтоқсан – Баку қаласында халықаралық конференция (А.Есбай);

10-11 желтоқсан – Қазан қаласында халықаралық ғылыми семинар (Н.Ниязова, Ж.Асанова);

10-12 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Ватиканға және Егеменді Мальта Орденіне жұмыс сапары (Ж.Асанов, А.Лукин, А.Арғынбекова);

19 желтоқсан – Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Елшісі С.Аксуорсимен кездесу (М.Әшімбаев);

23-25 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатының Әзербайжан Республикасына (Баку қ.) ІІ Әзербайжан дін қайраткерлері форумына қатысу үшін сапары (Е.Әйткенов);

29 желтоқсан – Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасының Елшісі Әли Акбар Джоукармен кездесу (М.Әшімбаев).

парламентаралық ынтымақтастық:

26 қыркүйек – Өскемен қаласында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 24-отырысы (Ж.Асанов, О.Булавкина, Ж.Асанова, Н.Ниязова, Ш.Бұқтұғұтов, М.Қожаев);

1-3 қазан – Махачкала қаласында ТМД ПАА-ның аграрлық саясат, табиғи ресурстар және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы (О.Булавкина);

8-11 қазан – Минск қаласында ТМД Жастар парламентаралық ассамблеясының отырысы (Г.Шиповских);

16-18 қараша – Түркияның Стамбул қаласында ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының күзгі отырысы (А.Арғынбекова);

17 қазан – Бүкілқытай халық өкілдері жиналысының 14-шақырылымы Тұрақты комитетінің депутаттар істері жөніндегі комитетінің Төрағасы Го Чжэньхуамен кездесу (О.Перепечина);

26 қараша – Малайзия Сенаты Төрағасының орынбасары Датук Нур Джазлан бин Тан Сри Мохамедпен онлайн-кездесу (С.Алдашев);

8 желтоқсан – Мәскеу қаласында ҰҚШҰ Парламенттік ассамблеясы Кеңесінің көшпелі отырысына қатысу (А.Лукин);

14-15 желтоқсан – Эр-Рияд қаласында БҰҰ Өркениеттер альянсының ХІ Ғаламдық форумы (Д.Қыдырәлі);

15-17 желтоқсан – Ташкент қаласында «Орталық Азия елдері және Корея Республикасы» парламенттері төрағаларының үшінші кездесуі (Н.Байқадамов).

сайлауды бақылау:

30 қараша – Бішкек қаласында Қырғыз Республикасының Жогорку Кеңеші депутаттарының мерзімінен бұрын сайлауын бақылауға қатысу (С.Шайдаров, Т.Жүнісов, Ғ.Сарыбаев, Ә.Нәутиев).

Жалпы алғанда, есептік кезеңде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы мен депутаттарының қатысуымен **63** халықаралық іс-шара өткізілді, оның ішінде:

- ресми сапарлар, келіссөздер мен кездесулер – **53**;
- парламентаралық ынтымақтастық – **9**;
- сайлауды бақылау – **1**.

Х. АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының VIII шақырылымдағы IV сессия барысындағы 2025 жылғы 1 қыркүйек пен 2025 жылғы 10 желтоқсан аралығындағы жұмысы туралы халықты хабардар ету және жариялау жөніндегі сапалы жұмыс жүргізуде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу Палата қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болды.

Бүгінгі таңда Сенатта 66 БАҚ-тан 709 журналист тіркелді. Палата Төрағасының бастамасы бойынша Сенат отырысында қаралатын мәселелер бойынша негізгі баяндама жасаған сенаторлар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің БАҚ-қа арналған апта сайынғы брифингтері өткізіледі. Осылайша, журналистер Сенат қабырғасында өздерін қызықтырған сұрақтарын қоюға және билік өкілдерінен бірінші кезекте жауап алуға мүмкіндік алды. Сессия басталғаннан бері жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде БАҚ-қа арналған осындай 13 брифинг ұйымдастырылды, оған сенаторлар мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Палатаның барлық негізгі шаралары бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болды. Сенаттың жалпы отырыстары, Сенат комитеттерінің көшпелі және кеңейтілген отырыстары, дөңгелек үстелдер, мемлекеттік органдардың басшыларымен және басқа да кездесулері БАҚ пен әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланып, талқыға салынды.

Сенат Төрағасының Италия Республикасының Президенті Серджо Маттарелламен, Мажарстан Президенті Тамаш Шуйокпен, Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзагвийн Амарбаясгаланмен, Мажарстан Мемлекеттік жиналысының Төрағасы Ласло Кевермен, Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының Бас хатшысы Рамиль Гасановпен, Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар Кеңесінің Басшысы Алексей Роговпен, Қасиетті Тақтың Қазақстан Республикасындағы Апостолдық нунциі Джордж Джордж Панамтундилмен, Палестинаның Жоғарғы судьясы, Палестина Президентінің дін істері жөніндегі кеңесшісі Доктор Махмұд Седки Әл-Хаббашпен кездесулері мен келіссөздері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Мәулен Әшімбаевтың Қырғыз Республикасында сапары республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды. Спикер сапар барысында Орталық Азия мемлекеттерінің III парламентаралық форумына қатысты, Республика Жогорку Кенешінің Төрағасы Нурланбек Тургунбек уулумен кездесу өткізді. Қазақстандық делегация мүшелері сапар аясында қазақ-қырғыз зиялыларының IX форумына қатысты.

Сенат Төрағасы Францияда жұмыс сапарымен болды және Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының отырысына қатысып, сөз сөйледі. ЕКПА Төрағасы Теодорос Русопулоспен, Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсемен, ЕКПА-ның Қазақстан бойынша баяндамашысы Жолт Неметпен және ЕКПА Саяси мәселелер және демократия комитетінің төрағасы Бертран Буикспен кездесті.

ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Палата делегациясы Тәжікстан Республикасына жұмыс сапарымен барып, Душанбе қаласында өткен ТМД Парламентаралық Ассамблеясының отырыстарына қатысты. Парламенттік делегация Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Сенат Төрағасы сондай-ақ Парламентаралық Ассамблея аясында ТМД ПАА-ға қатысушы елдер Парламенттері Палаталарының басшыларымен: Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен, Тәжікстан Республикасы Оли Мәжілісі Милли Мәжілісінің Төрағасы Рустам Эмомалимен, Беларусь Республикасы Ұлттық Жиналысы Республика Кеңесінің Төрағасы Наталья Кочановамен екіжақты кездесулер өткізді.

Сондай-ақ, ҚР Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның, Сенат жанындағы Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырыстары, Палата депутаттары, сондай-ақ Аппарат қызметкерлері қатысқан Республика күніне арналған салтанатты жиналыс, «Ұлттық мүдде» және «Бір ел – бір мүдде» диалог алаңының, Қазақстан машина жасаушылар одағының Үйлестіру кеңесінің, Инклюзия жөніндегі кеңестің, Сарапшылар клубының, Талдау мектебінің отырыстары, Бочча бойынша жарыстар, сенаторлардың «**Таза Қазақстан**» экошарасына қатысуы, Taldau Talks подкастары және т.б. шаралар кеңінен жарияланды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев және Палата депутаттары **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне, Хатшылықтың XXIII отырысына** және Діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессияға қатысты. ҚР Парламенті Сенатының Спикері – Съезд Хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев Съезд аясында Дүниежүзілік Ислам Лигасының Бас Хатшысы Шейх Мұхаммед Абдулкарим әл-Исамен, Қытай дао қауымдастығының төрағасы Ли Гуанфумен, Кавказ мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Шейх-ул-Ислам Аллахшукюр Пашазадемен, «Somaiya Vidyavihar» университетінің канцлері және индус делегациясының басшысы Самир Шантилалом Сомайямен, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратиноспен, Мәскеу және бүкіл Ресей Патриархы Кириллмен, Иерусалимнің, бүкіл Палестинаның, Арабияның, Сирияның қасиетті сарайының ең қасиетті және ең киелі Патриархы Теофил III, Ашкенази раввині Калман Бермен және Бас Сефард раввині Дэвид Йосефпен, Ватиканның Қасиетті тағының Дінаралық диалогы жөніндегі дикастерия префектісі Кардинал Джордж Джейкоб Кувакадпен кездесті.

Сенат Спикері Taldau Community бес жылдығына арналған форумға қатысып, сөз сөйледі. «Why Nations Prosper: Lessons for Central Asia». Осындай тақырыпта панельдік сессия өтті, оған Нобель сыйлығының лауреаты, Массачусетс технологиялық институтының экономика профессоры Дарон Аджемоглу арнайы мейман болып қатысты.

Сенат Төрағасы еліміздің өңірлеріне жұмыс сапары барысында Алматы қаласы мен Қарағанды облыстарында болып, мәслихат депутаттарымен және

жұртшылық өкілдерімен кездесті. Есепті кезеңде ҚР Парламенті Сенатының Спикері мен депутаттар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мониторингі аясында Астанадағы бірқатар мектептерінің жұмысымен және инфрақұрылымымен танысты.

Сессия барысында республикалық телеарналардың эфирінде Сенаттың қызметі туралы айтылған **530** сюжет болды. Ақпараттық агенттіктер мен басылымдық БАҚ сайттарында **6 793** мақала жарияланды. Жаңалықтар хабарынан басқа, БАҚ-та тұрақты негізде апта сайынғы қорытынды жаңалықтарда, шолу және талдау материалдары, сенаторлардың сұхбаттары мен авторлық мақалалары, сондай-ақ депутаттық корпусстың қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар тұрақты түрде шығып келеді.

Сессия барысында «Хабар 24» телеарнасының эфирінде ҚР Парламенті Сенатының қызметі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға маманданған «Сенат сөзі» және «Время Сената» бағдарламалары апта сайын шықты. Есепті кезеңде бағдарламаның **28** шығарылымы эфирден көрсетілді, оған сенаторлар **84** рет мемлекеттік және орыс тілдерінде сұхбат берді.

Сенаттың VIII шақырылымдағы IV сессия барысындағы ең маңызды іс-шаралары Палатаның ресми интернет-сайтында және Youtube-арнасында онлайн түрінде көрсетілді. Сессия басталғаннан бері осындай **18** онлайн-трансляция болды. Олардың барлығы да сақталып тұр және Палатаның интернет-сайты мен Youtube-арнасынан көруге болады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII шақырылымның I сессиясының ашылуында айтқан тапсырмасы бойынша Сенат отырыстары республикалық «Хабар 24» телеарнасының тікелей эфирінде көрсетіліп келеді. Есепті кезеңде осындай **28** трансляция болды. Тікелей эфир барысында сенаторлар көтерген тақырыптарды арна студиясына келген сарапшылар белсенді талқылады. Мұндай ашықтық сол нақты уақыттағы заң жобаларының қаралу барысын қалың жұртшылық өкілдеріне көруге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының реформалары мен тапсырмаларын іске асыру және оларды халыққа түсіндіру мақсатында Сенат Төрағасы М. Әшімбаев ҚР Парламенті Сенатының YOUTUBE-арнасындағы (www.youtube.com) парағында Tal dau Talks подкаст форматында тұрақты негізде жүргізетін сараптамалық алаң ашылды. Есепті кезеңде ішкі сұраныс, әлеуметтік тұрақтылық және ұзақ мерзімді өсуге бағытталған жаңа экономикалық модель талқыланған подкаст эфирге шықты. Сондай-ақ бензин мен дизель отынының бағасын көтеруге мораторий, коммуналдық тарифтерді көтеруге тыйым салу, арнайы салық режимі бойынша шектеулерді алып тастау, ипотекалық бағдарламаларды қаржыландыру, ШОБ-ты қолдау тақырыбы талқыланды. Мониторинг қорытындысы бойынша подкаст шығарылымы 127 000-нан астам қаралды.

Палатаның қызметі туралы ресми ақпараттың маңызды көзі www.senate.parlam.kz ресми сайты болып қала береді. Сенат депутаттарының қатысуымен өтетін негізгі шаралар туралы ақпарат сайтта фото және бейне материалдармен қоса жедел жарияланады. Осылайша, IV сессия барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде 551 жаңалық жарияланды.

Сенаттың қызметі туралы материалдар Facebook, Twitter, Instagram, YouTube және TikTok әлеуметтік желілеріндегі Сенаттың ресми парақтарына да орналастырылды. Ел назары ауған өзекті мәселелерді белсенді талқылаған және әлеуметтік желілердегі парақтарында көтеретін бірқатар сенаторлар да осы алаңдарды белсенді пайдаланып келеді. Қазіргі уақытта ҚР Парламенті Сенатының ресми парақтарында Instagram (66 600 жазылушы), X (24 400 жазылушы), Facebook (13 000 жазылушы), Telegram (3 939 жазылушы), YouTube (12 600 адам) және TikTok (36 600 жазылушы) желілерінде жазылушы бар.

Шығарушы:

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Аппараты**

Материалдарды ұсынған:

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының құрылымдық бөлімшелері**